

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ЖЕНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

**BULLETIN OF THE KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER
TRAINING UNIVERSITY**

№2 (50) 2014

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY
BULLETIN
SCIENTIFIC JOURNAL

№2 (50)

2006 жылдан бастап шығады, шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) Ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №13965-Ж куәлігі бойынша тіркелген

Бас редактор

Нөкетаева Д.Ж. - п.ғ.к.

Бас редактордың орынбасары

Алиев Б.Ә. – ф.-м.ғ.д., профессор

Редакциялық алқа

Бакибаев А. - х.ғ.д., профессор (Ресей)

Абилев С. К. - б.ғ.д., профессор (Ресей)

Щепеткин И.А. - б.ғ.к., профессор (АҚШ Монтана университеті)

Бутин Б.М. - х.ғ.д., профессор

Сәтімбеков Р.С. - профессор

Құрманбаева М.С. - б.ғ.д., профессор м.а.

Дейв Чан – PhD Geotechnical Engineering, профессор (Канада, Альберта университеті).

Лазерев В.А. – п.ғ.д, профессор (Ресей, Центр современного образования и НМС по математике МО и Н РФ).

Обозов А.Дж. – техн.ғ.д., профессор (Қырғызстан, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті).

Жамалов А. – техн.ғ.д., профессор

Құлбек М.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).

Баймахан Р.Б. – техн.ғ.д., профессор

Есқалиев М.Е.– техн.ғ.д., профессор

Роже Бастриос – PhD., профессор, гуманитарлық ғылымдар докторы (Франция)

Фарух Чолах – PhD., профессор (Түркия)

Семенов П.А. – ф.ғ.д. (Ресей)

Сүлейменова Ж.Н.– п.ғ.д., профессор

Қансейітова Ұ.Р. – п.ғ.к.

Әбді Уақап Қара – профессор, PhD (Түркия)

Ахмет Ташағыл – профессор, PhD (Түркия)

Махмудов Б. Л. – PhD (Абай атындағы ҚазҰПУ)

Сүлейменова Ж.Д. – PhD (Астана қаласы)

Смағұлова С.Ә. – т.ғ.д., профессор (Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты)

Гогоберидзе А.Г. – п.ғ.д., профессор (Ресей)

Джуринский А.Н. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Артамонова Е.И. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Аймағамбетова Қ.А.–п.ғ.д., профессор
Бапаева М.К. – п.ғ.к., доцент
Сұлтанова Р. – Азияттық музыка орталығының директоры (Кембридж университеті)
Бағдат Естемесұлы – музыка институтының профессоры (Қытай Халық Республикасы Шыңжаң педагогикалық университеті)
Құлманова Ш.Б. – п.ғ.д., профессор
Халитова И.Р. – п.ғ.д., (Абай атындағы ҚазҰПУ).

Редакциялық кеңес

Кішібаев Қ.О. - х.ғ.к.
Мырзахметова Н.О. - х.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
Мамырова К. Н. - п.ғ.к., доцент
Мухамединова Н. А. - п.ғ.к., доцент
Жексембиев Р.Қ. - б.ғ.к., доцент
Мырзалиев Ж. – ф.-м.ғ.д., профессор
Тұңғатарова Ә.Б.– ф.-м.ғ.д, профессор (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ).
Исаев С.Ә. – ф. - м.ғ.к, профессор
Мұқашов Қ.М. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).
Заурбеков Н.С. – техн.ғ.д., профессор (Алматы технологиялық Университеті).
Файзуллаев А.А. – п .ғ.д, қауым.профессор
Ершина А.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор
Салғараева Г.И. – техн.ғ.к., профессор
Сатбекова А.А. – п.ғ.д., профессор
Ержанова С.Б. – ф.ғ.д., профессор м.а.
Ермекова Т.Н. – ф.ғ.д., доцент
Базылова Б.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Рысбаева Г.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Нұрланбекова Е.Қ. – п.ғ.к.
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент
Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор
Иманбекова Б.И. – саяси ғ.д., доцент
Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент
Баданов А.И. – э.ғ.к., доцент
Қайпбаева А.Т. – т.ғ.к.
Жиенбаева С.Н.–п.ғ.д., профессор
Шаталина В.В.-п.с.ғ.к., доктор PhD, (Ресей)
Шеръязданова Х.Т. – п.ғ.д., профессор
Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент
Абаева Г.А. – п.ғ.к., доцент
Бейсенова Ж.Ж.– п.с.ғ.к., аға оқытушы
Өмірбаева Г.Ш. – п.ғ.к., доцент
Қоңыратбай Т.Ә. – ф.ғ.д., профессор
Бисембаева Б.Ә. – п.ғ.к., доцент (Астана қаласы)
Какимова Л.Ш. – п.ғ.к., доцент
Жауапты редактор-Сәндібаева Н.Ә. - п.ғ.к.
Редакторлар Ж.Қ. Қуанышева, С.Авдарсолқызы, Қ.Ж.Тұрсынбаева, Р.Т.Айтбаева, А.Текесбаева, М.А.Оразалиева.
Корректор Маханбетова С.Е.

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-TABLE OF CONTENTS

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

<i>Есқалиева Г.К., Матаев М.М., Мырзахметова Н.О.</i> КҮРДЕЛІ ВИСМУТИТТЕРДІҢ ИОНДАРЫНЫҢ, АТОМДАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАРЫН СИПАТТАУ.....	5
<i>Жайлыбай К.Н.</i> ТІРШЛІКТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ТУРАЛЫ ЗАМАНАУИ КОНЦЕПЦИЯЛАР.....	9
<i>Карменова Н.Н., Оспанова Ф.К.,</i> МАҚТА ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ МЕН МАҢЫЗЫ.....	15
<i>Кірішібаев Е.А., Худайбергенова Г.Б.</i> ҚАНТ ҚҰМАЙЫ ӨСІМДІГІНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМА.....	20

ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА

PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE

<i>Vazayeva Zh.B., Makhanova A.S.</i> ASSESSING AND PROMOTING LEARNING.....	24
<i>Дәулетқұлова А.Ө.</i> МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ.....	28
<i>Chan Dave H.</i> CONSTITUTIVE MODELS FOR GRANULAR MATERIAL.....	31

ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

<i>Ақанқызы Г.</i> ӘЙЕЛДЕР ҚҰҚЫҒЫ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕР ОБРАЗЫ.....	37
<i>Алашабаева У.Н.</i> ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОЙШЫЛ МАМАНДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	42
<i>Kulmanova Z.B.</i> THE PROBLEM OF SYNONYMS IN TRANSLATION.....	45

ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО

HISTORY, ECONOMY AND LAW

<i>Abdikhanova A.E.</i> CIVILIZATION OF ISLAM – IN THE GLOBAL SPACE.....	49
<i>Асылханқызы А.</i> КЛАСТЕРЛІК ӘДІСТІҢ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ АРТТЫРУДАҒЫ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН МАҢЫЗЫ.....	53
<i>Бегайдарова Р.Н.</i> НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТУДЕНТА ЗАЛОГ ИХ УСПЕШНОСТИ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	58
<i>Рахимжанова М.Д., Берікболова А.А.</i> ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАЛҒАР ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ.....	61

ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY - PSYCHOLOGY

<i>Әбеуова И.Ә., Қараева Т.Н.</i> ТҮЛҒАНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУ МӘДЕНИЕТІ.....	66
<i>Ghoghoberidze A.G.</i> PROBLEMS OF PRESCHOOL CHILDHOOD IN MULTICULTURAL SPACE OF CHANGING RUSSIA.....	71
<i>Умирбекова А.А., Карабаева А.Қ.</i> ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ӘДІСТӘСІЛДЕРІН ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ.....	78

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА

ART AND CULTURE

<i>Aldabergenova M.R.</i> THE TRENDS IN ACADEMIC MAJORS AFFECTING THE DEVELOPMENT OF SPORT VAIRROOM DANCING EDUCATOR.....	82
<i>Крыкбаева С.М.</i> ҰЛТТЫҚ НАҚЫШПЕН КИІЗ БҰЙЫМДАРЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ.....	86
<i>Нұржанова Г.И.</i> КІТАПХАНА ІСІ МАМАНЫНЫҢ КӘСІБИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	91

ӘОЖ 539.26+549.76

КҮРДЕЛІ ВИСМУТИТТЕРДІҢ ИОНДАРЫНЫҢ, АТОМДАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАРЫН СИПАТТАУ

Есқалиева Г.К., магистрант
Матаев М.М., х.ғ.д., профессор
Мырзахметова Н.О., х.ғ.к., аға оқытушы
 (Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
 қыздар педагогикалық университеті)

Аннотация: Бұл мақалада рентгенографиялық анализ арқылы күрделі висмутиттердің иондарының, атомдарының арасындағы балансы анықталып, RMgBiO_4 элементар ұяшықтардың параметрлері, иондар арасындағы байланыс кернеулігі және ұзындығы есептелді. Құрамында сирек жер металдарының оксидтері бар күрделі қосылыстардың сегнето-, пьезоэлектрлік, магниттік, оптикалық, радиолуминисценциялық, жоғарғы температуралы аса өткізгіштік қасиеті және т.б. көптеген қасиеттерін зерттеу нәтижесінде көпфункционалды жүйені құруға, химиялық өндірісті дамытуға көптеген тигізетін септігі сипатталған.

Бірқатар бастапқы компоненттер СЖЭ оксидтерінің жоқтығына байланысты лантаноидтар қатарында бірнеше жетіспеушіліктерді, мәтінде қорытылып шығарылған теңдеуінің толығымен шешілгенін байқауға болады. Осындай теңдеулер жүйесі тәжірибелік нәтижелер арқылы теориялық негізде изокұрылысты белгісіз құрылымдарды болжауға мүмкіндік берді

Түйін сөздер: күрделі висмутиттер, наноматериал, тор параметрлері, элементар ұяшық, байланыс ұзындығы, байланыс кернеулігі, иондар арасындағы байланыс, иондық радиус.

Микроэлектрониканың және заманауи техниканың қарқынды дамуына байланысты ғалымдардың алдына қойылған мәселелердің бірі полифункционалды қасиеті бар қосылыстарды және материалдарды дамыту. XX ғасырдың аяғында химия және физика салалары бойынша ашылған үлкен жаңалықтардағы көпшіліктің назарын аудартатыны, осындай күрделі оксидті қосылыстардың физикалық, механикалық, химиялық және биологиялық қасиеттері, сонымен қатар әлі де зерттелмеген қасиеттері. Сондықтан бұл материалдардың зерттеу қажеттілігін арттырады. Құрамында сирек жер металдарының оксидтері бар күрделі қосылыстардың сегнето-, пьезоэлектрлік, магниттік, оптикалық, радиолуминисценциялық, жоғарғы температуралы аса өткізгіштік қасиеті және т.б. көптеген қасиеттерін зерттеу нәтижесінде көпфункционалды жүйені құруға, химиялық өндірісті дамытуға көптеген септігін тигізеді.

Әдебиеттердегі мәліметтерге шолу жасағанымызда әлі күнге дейін химия саласында висмуттың аралас күрделі қосылыстары толықтай зерттелмегендігін көрсетті. Осындай бағытта сирек жер сілтілік жер элементтерінің және висмут оксидтерінің қатысуымен түзілген жүйеде қызықты электрофизикалық қасиетті күтуге болады. Бұл мақалада R-Mg-Bi-O және R-Ba-Bi-O (R-SЖЭ) жүйелеріндегі висмут қосылыстары атомдарының арасындағы байланысты сипаттау басты мақсат етіп алынған.

Зерттеуде, RMgBiO_4 және RBaBiO_4 түрдегі висмутты қосылыстарды рентгенографиялық зерттеу және қатты фазалық әдіспен синтездеу арқылы 22 жаңа поликристалдық фазалар алынды. Рентгенофазалық анализ әдісімен 14 қосылыстың құрылыстары зерттеліп, кристалл торларының типтерін, элементар ұяшық параметрлерін, рентгендік және пикнометрлік тығыздықтары анықталды. Барлық алынған висмутиттер изокұрылысты және кубты көлемі центрленген ұяшықта кристалданады. 1-кестеде

көрсетілгендей күрделі висмутиттердің элементар ұяшықтар көрсеткіштері сирек жер металдары қатары бойынша артады, ал тығыздықтары азаяды.

Зерттеудің нәтижесінде алынған заттардың кристалдық құрылысындағы атомдар арасындағы арақашықтық l_{A-O} яғни, А-О, В-О, С-О (А,В,С,О- Mg, Ba, СЖЭ, Вi, және оттегі) атомдар арасындағы байланыс ұзындықтарының айырмашылықтары 0,01-0,1А [1]. Бұл дегеніміз, зерттелген қосылыстардың барлығы бір жалпы заңдылық бойынша кристалданады. Экспериментте алынған 14 қосылыстың атомдар арасындағы арақашықтығын, анығырақ айтқанда, иондар арасындағы А-О, В-О, С-О (А,В,С,О - Mg, Ba, СЖЭ, Вi, және оттегі) катион мен анион арасындағы байланыс ұзындығын есептеу (1- кесте) құрылысындағы координациялық сандары арқылы жүргізілді.

Кесте 1.

Қосылыс	Сингония	Тор параметрі $a, \text{Å}$	$V_{\text{ұяшық}}$ Å^3		$V_{\text{эл. ұяш}}^0$ Å^3	Тығыздығы г/см ³	
						$\rho_{\text{рент.}}$	$\rho_{\text{лик.}}$
$YBaBiO_4$	куб.	10,49	1154	16	72,1	11,49	11,39
$LaBaBiO_4$	куб.	10,14	1043	16	65,2	13,99	13,86
$CeBaBiO_4$	куб.	10,84	1229	16	76,8	11,90	11,82
$NdBaBiO_4$	куб.	10,67	1215	16	75,9	12,13	12,08
$GdBaBiO_4$	куб.	10,52	1164	16	72,7	12,95	12,87
$TbBaBiO_4$	куб.	10,57	1180	16	73,7	12,80	12,74
$DyBaBiO_4$	куб.	10,50	1158	16	72,4	13,11	13,05
$HoBaBiO_4$	куб.	10,49	1155	16	72,8	13,24	13,17
$TmBaBiO_4$	куб.	10,83	1270	16	79,3	12,11	12,04
$YMgBiO_4$	куб.	10,84	1272	16	79,5	8,06	7,98
$LaMgBiO_4$	куб.	11,70	1603	16	100,2	7,23	7,12
$GdMgBiO_4$	куб.	10,85	1277	16	79,8	9,45	9,31
$HoMgBiO_4$	куб.	10,83	1269	16	79,3	9,68	9,61
$TmMgBiO_4$	куб.	10,94	1309	16	81,8	9,46	9,33

А-О байланыс ұзындығының иондық радиусының мәніне қарап, катион мен анион арасындағы байланыс айтарлықтай жақын емес және Шеннонның иондық радиусы бойынша координациялық саны 8-ге тең болатын радиуста, ал В-О, С-О атомдарының арасындағы координациялық сан 6-ға тең болатын радиуста алынды. Экспериментте алынған заттар кубты көлемі центрленген сингонияға жатады.

Құрылысындағы әр иондардың координациялық сандары мен кристалдық тордың параметрлеріне тәуелділігі арқылы байланыс ұзындығын есептеуге арналған формулалар қорытылып шығарылды:

$$l_{A-O} = \frac{a\sqrt{3}}{\rho}; \quad l_{B-O} = \frac{a\sqrt{6}}{2\rho}; \quad l_{C-O} = \frac{a\sqrt{6}}{2\rho} \quad (1)$$

мұндағы: a – тор параметрі; l_{A-O} - А және О атомдары арасындағы байланыс ұзындығы А, В, С, О - кальций, СЖЭ, висмут және оттегі атомдары; ρ - координациялық сан.

Координациялық сан ВаО, MgO, Вi₂О₃ және R₂О₃ қосылыстарының кристаллохимиялық құрылымдарын қолдана отырып, құрылым тұрақтылығының геометриялық шегінен анықталды. Координациялық сан иондық радиустардың

қатынастарына байланысты яғни, катион радиусының анион радиусына қатынасының белгілі сандық мәні координациялық санды береді [2].

$R\text{MeBiO}_4$ қосылысының кристалдық ұяшық параметрлерін иондар радиусы арқылы сызықты теңдеу түрінде сипаттауға болады. Егер құрамында бірдей иондары бар құрылыстары изоқұрылысты өкілдерді қарастырсақ, формулада бірдей мүшелер пайда болады [3].

СЖЭ оксидтері қатарынан кейбіреулерінің жоқтығына байланысты, синтезделініп алынбаған фазалардың элементар ұяшықтар параметрлерін анықтау үшін біз теңдеулер жүйесін құрдық [4]:

$$\begin{aligned} a^I &= \kappa_1 \cdot R_A + \ell_1 \cdot R_B^I + d_1 \cdot R_C + m \\ a^{IV} &= \kappa_4 \cdot R_A + \ell_4 \cdot R_B^{IV} + d_4 \cdot R_C + m \\ a^* &= \kappa_* \cdot R_A + \ell_* \cdot R_B^* + d_* \cdot R_C + m \end{aligned} \quad (2)$$

мұндағы: R_A, R_B, R_C - Ва, СЖЭ және Вi иондық радиустары. Жүйе төрт белгісізі бар төрт теңдеуден тұрады. Теңдеулер жүйесіндегі k, l, d, m коэффициенттерін анықтап, келесі теңдеу алынды:

$$a = -3,471 \times R_A + 4,937 \times R_B + 6,456 \times R_C - 0,039 \quad (3)$$

Сондықтан формулаға 0,977 түзету коэффициенті енгізілді. Параметрлер мәндері кестеде көрсетілген (кесте 2.). Дәлдік орташа 0,031%-ға көтерілді.

Зерттелініп отырған қосылыстар үшін байланыс кернеулігі (μ) белгілі теңдеуімен есептедік. Байланыс кернеулігі мәндерінің оң таңбаға ие болуы байланыстың түзілуі иондардың кеңістікте ығыспай түзілетіндігі, ал теріс мәндері байланыстың сығылып түзілетіндігін байқатады. Егер $\mu > \pm 10\%$ болса, онда байланыс түзілмейді. Біздің жағдайымызда, барлық қосылыстардың түзілетіндігін көре аламыз.

$$\mu_{A-O} = \{[\ell_{A-O} / (R_A + R_O)] - 1\} \times 100\% \quad (4)$$

мұндағы: ℓ_{A-O} - А және О иондары арасындағы байланыс ұзындығы; R_A, R_O - А және О иондары радиустары (Кесте 2. Күрделі висмутиттердің атомдары арасындағы байланыс сипаттамалары).

Кесте 2.

Қосылыс	Топ параметрі $a_{\text{есеп}} \text{ \AA}$	Топ параметрі $a, \text{ \AA}$	Байланыс сипаттары					
			$\ell_{A-O}, \text{ \AA}$	$\mu_{A-O}, \%$	$\ell_{B-O}, \text{ \AA}$	$\mu_{B-O}, \%$	$\ell_{C-O}, \text{ \AA}$	$\mu_{C-O}, \%$
$Y\text{BaBiO}_4$	10,795	10,49	3,03	7,45	1,606	-6,96	2,14	-9,321
$La\text{BaBiO}_4$	10,305	10,14	2,93	-1,67	1,552	-14,8	2,07	-13,98
$Ce\text{BaBiO}_4$	10,559	10,84	3,13	5,03	1,659	-8,299	2,21	-6,356
$Nd\text{BaBiO}_4$	10,677	10,67	3,07	3,02	1,629	-8,94	2,17	-8,051
$Gd\text{BaBiO}_4$	10,684	10,52	3,04	2,01	1,610	-8,04	2,15	-8,898
$Tb\text{BaBiO}_4$	10,725	10,57	3,05	2,35	1,618	-3,23	2,16	-8,475
$Dy\text{BaBiO}_4$	10,767	10,50	3,03	1,68	1,607	-7,56	2,14	-9,321
$Ho\text{BaBiO}_4$	10,638	10,49	3,03	1,68	1,607	-6,96	2,14	-9,321
$Tm\text{BaBiO}_4$	10,875	10,83	3,13	5,03	1,658	-3,07	2,21	-6,356
$YMg\text{BiO}_4$	10,04	10,84	2,35	1,299	1,659	-3,91	2,14	-8,89
$LaMg\text{BiO}_4$	10,27	11,70	2,53	9,5	1,791	-1,73	2,39	-1,65
$GdMg\text{BiO}_4$	10,049	10,85	2,35	1,73	1,661	-5,47	2,21	-9,05
$HoMg\text{BiO}_4$	10,039	10,83	2,34	1,299	1,658	-3,95	2,214	-8,89
$TmMg\text{BiO}_4$	10,004	10,94	2,37	2,597	1,675	-2,19	2,23	-8,23

Кристалдық тор параметрлері арқылы иондар арасындағы химия байланыстардың ұзындығын ион радиустары арқылы, олардың түзілу жағдайын түсіндіреді, бұл жағдай күрделі висмутиттердің құрылысын толығымен сипаттайды.

2-кестеде көрсетілгендей тұрақты кубты құрылыстағы А-О, В-О және С-О арасындағы байланыс кернеулігін бірдей болмауы тиіс. Жоғарғы дәлдікпен есептелмеген болмаса да А-О байланысы сығылыспай орналасқан деп айтуға болады.

Бірқатар бастапқы компоненттер СЖЭ оксидтерінің жоқтығына байланысты лантаноидтар қатарында бірнеше жетіспеушіліктерді, жоғарыда қорытылып шығарылған теңдеуі (3) толығымен шешті. Осындай теңдеулер жүйесі тәжірибелік нәтижелер арқылы теориялық негізде изокұрылысты белгісіз құрылымдарды болжауға мүмкіндік берді [3].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Безносиков Б.В., Александров К.С., «Прогноз некоторых антиперовскитов» // Журнал структурной химии том 43, № 5, 2002. – С 860-863.
2. Матаев М.М. «Рентгенография смешанных оксогалогенидов висмута и сурьмы» // Вестник КарГУ. –2004. -№ (1) 33. -С.14-16.
3. Калдыбаева А.К., Кездикбаева А.Т., Матаев М.М., Алдабергенов М.К. «Рентгенография сложных висмутитов кальция и редкоземельных элементов» // Вестник КарГУ. –2004. -№ (1) 33. -С.19-21.
4. Калдыбаева А.К., Кездикбаева А.Т., Матаев М.М., Алдабергенов М.К. «Прогноз некоторых сложных висмутитов» // Вестник КазНУ. –2004. -№ 3 (35). -С.87-90.

РЕЗЮМЕ

*Ескалиева Г., магистрант, Матаев М., д.х.н., профессор,
Мырзахметова Н., к.х.н., ст. препод.*

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ХАРАКТЕРИСТИКА СВЯЗЕЙ ИОНОВ, АТОМОВ СЛОЖНЫХ ВИСМУТИТОВ

Рассчитаны длины и параметры элементарных ячеек, напряженности связей $RMeBiO_4$ (MeMg, Ba). С помощью ионных радиусов и расстоянии между анионами и катионами были определены структуры сложных висмутитов.

Ключевые слова: сложные висмутиты, наноматериал, параметры сетки, элементарная ячейка, длина связи, напряженность связей, связи между ионами, ионный радиус.

SUMMARY

*G. Eskalieva, master, M. Mataev, d.ch.s., Prof., N. Myrzahmetova, dr.ch.s., lector
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

COMMUNICATION SPECIFICATIONS OF IONS, ATOMS OF THE COMPLEX VISMUTIT

Calculated the length and parameters of the unit cell, the tension ties $RMeBiO_4$ (MeMg, Ba). With the help of the ionic radii and the distance between the anions and cations were determined the structure of complex vismutit.

Key words: complex bismuthides, nanomaterial, the lattice parameters of the unit cell, the bond length, bond stress, communication between ions, ionic radius.

ТІРШІЛІКТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ТУРАЛЫ ЗАМАНАУИ КОНЦЕПЦИЯЛАР

*Жайлыбай К.Н., б.ғ.д., профессор
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қызыдар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Жер ғаламшарындағы барлық тірі организмдерде тіршілік әрекеттерінің орындалуы – үш түрлі күрделі органикалық қосындылар арқылы жүзеге асады. Олар: ДНҚ, РНҚ және белоктар. ДНҚ-да нәсілдік ақпарат (тұқым қуалау информациясы) жинақталып сақталады. Организмдердегі барлық «*активті жұмыстарды*» белоктар атқарады. Ал, РНҚ-ДНҚ мен белоктар арасын жалғастырушы жүйе. ДНҚ-да жазылған ақпараттарды «оқып», РНҚ рибосомамен «*бірлесіп*» белоктарды синтездейді.

Мақалада ғылымның дамуына байланысты тіршілік туралы түсініктердің өзгеруі туралы келтірілген. РНҚ-ның, ДНҚ-ның, рибосоманың, алғашқы клетканың пайда болуы қазіргі заманауи концепциясы тұрғысынан баяндалады, тіршілік туралы түсінік мемлекеттік тілде тұжырымдалған.

Түйін сөздер: Тіршілік туралы түсініктер, РНҚ-ның, ДНҚ-ның, рибосоманың, алғашқы клетканың пайда болуы туралы заманауи концепция.

Алғашқы планета бетінде бірімен бірі жалғасып жатқан химиялық реакциялар және физикалық процестер нәтижесінде *тіршіліктің пайда болуына* қолайлы жағдайлар туындады. Бұл кезең ең кемінде 500 млн. жылдарды қамтиды.

Тіршілікті қалай түсінеміз? Тіршілік туралы әлі толық дәлелденген, түпкілікті түсінік жоқ. Ғылым және технология дамыған сайын тіршілік туралы түсінік қайтадан анықталып, тұжырымдалуда. Мысалы, біздің эрамыздан бұрын, 384 – 322 жылдары өмір сүрген ғұлама Аристотельдің пікірі бойынша, тіршілік өзін-өзі құрастыру үшін қоректену, өсіп даму және денесінің қартайып әлсіреуі.

XIX – ғасырда ғылыми коммунизмнің негізін қалаған саясаткер ғалым Ф.Энгельстің тұжырымдамасы бойынша, *тіршілік – бұл табиғи ортамен тұрақты зат алмасуы негізінде өмір сүретін белокты денелер.* Бұл сол замандағы ғылым деңгейіне сәйкес түсінік.

Қазіргі кезеңдегі ғылым жетістіктеріне негізделген тіршілік туралы тұжырым төмендегі анықтамаларға сәйкес:

а) тіршілік дегеніміз – өз денесін құрастыруға, көбеюге бағытталған функциясын, қызметін атқаратын нуклеин қышқылдары мен белоктары бар және бұл заттарды өздері құрастыра алатын биологиялық жүйе;

б) тіршілік – бұл генотиптік формасы, қасиеті, белгілері нуклеин қышқылдарында (ДНҚ, РНҚ) жазылған жүйе;

Жер ғаламшарындағы барлық тірі организмдерде тіршілік әрекеттерінің орындалуы – үш түрлі күрделі органикалық қосындылар арқылы жүзеге асады. Олар: ДНҚ, РНҚ және белоктар. ДНҚ-да нәсілдік ақпарат (тұқым қуалау информациясы) жинақталып сақталады. Организмдердегі барлық «*активті жұмыстарды*» белоктар атқарады. Ал, РНҚ- ДНҚ мен белоктар арасын жалғастырушы жүйе. ДНҚ-да жазылған ақпараттарды «оқып», РНҚ рибосомамен «*бірлесіп*» белоктарды синтездейді.

Сонымен, тіршілік – бұл ішкі организмдік бағдарламалары бар, нуклеин қышқылдары, белоктар мен ферменттерді өздері құрастыруға қабілетті, әрі жоғары деңгейде реттелінген молекулалық – генетикалық структуралар, морфофизиологиялық және биохимиялық ерекшеліктері пайда болған, өздігінен көбейе алатын биологиялық жүйе. Бұл құрылымдар ішкі организмдік бағдарламалар арқылы және қоршаған ортадағы заттар мен энергияны пайдалануы нәтижесінде ұзақ жылдар бойы сұрыпталып, эволюция барысында жетіледі немесе кейбір мүшелері, құрылымдары өзгереді, редуцияланады, жойылады.

Антикалық дәуірде, орта ғасыр кезеңдерінде тірі организмдер өздігінен пайда болады деген тұжырымдар ғалымдар және қарапайым адамдар арасында кеңінен таралған. Бірақ, XIX – ғасырдың орта кезінде Л.Пастер өзінің тәжірибелері арқылы тірі организмдер өздігінен пайда болмайтынын дәлелдеді. Яғни, жылан жұмыртқасынан жылан шығады, қойдан қозы туады, қасқырдан күшік, аюдан қонжық туады, фламинго жұмыртқасынан фламинго балапаны шығады, түйеден бота туады, т.с.с.


Тіршіліктің алғашқы пайда болуы туралы концепциялардың негізгілеріне тоқталамыз.

Өлі материядан тіршіліктің өздігінен пайда болуы және биохимиялық эволюциясы, яғни абиогенез концепциясы. Физиктердің дәлелдеуі бойынша, 13,5-14 млрд. жыл бұрын өте кішкене және өте тығыз материяның орасан күшті жарылысынан Ғарыш пайда болған және Ғарыш өте үлкен жылдамдықпен кеңейуде. Ғарышта шашылған, орталық жұлдыз (Күн) құрамына кірмеген, бұлт сияқты газ-шаң күйіндегі бөлшектер оны айнала қозғалып, біртіндеп жинақталып, болашақ планеталарға айналған. Бұлт сияқты газ-шаң күйіндегі протопланеталарда органикалық заттар синтезі болатыны туралы ғалымдар бұрын болжам жасаған. Бірақ, бұл процесті дәлелдеген Новосібірдегі Катализ институтындағы академик В.Н. Пармон бастаған ғалымдар ұжымы. Газ-шаң күйіндегі протопланеталарда сутегі, азот, улы газ (СО), цианисті сутегі және басқада қарапайым молекулалардың қосылыстары нәтижесінде алуан түрлі органикалық заттардың пайда болатынын күрделі есептеулер мен компьютерлік модельдеу арқылы анықталды. Яғни, енді қалыптаса бастаған Жер ғаламшарының алғашқы кезінен бастап-ақ органикалық заттар мол болған [1, 2]. 1924 жылы совет биохимигі, академик А.И.Опарин, кейінірек, 1929 жылы ағылшын ғалымы Дж.Холдеин төмендегідей концепция ұсынды және бұл концепция кейінгі ғылыми зерттеулермен толықтырылған, дамытылған. Жер ғаламшарындағы тіршіліктің өлі материядан химиялық эволюция нәтижесінде, яғни молекулалардың, қосындылардың өте күрделі өзгерістері арқылы өздігінен пайда болған. Мұндай күрделі өзгерістердің жүруіне сол кездегі Жерде қалыптасқан жағдайлар бұған мүмкіндіктер туғызған.

Атап айтатын болсақ, суынып келе жатқан алғашқы Жер ғаламшары бетінде бос энергияның (найзағай, вулкан, жарылыстар, т.б.) қатысуымен сутегі, азот, көміртегі, улы газ (СО), су буларынан алдымен жай молекулалы қосындылар: аммиак, метан, H_2S , т.б. пайда болған. Кейін олар бір-бірімен және басқа заттармен қосылып, сулы ортада алуан түрлі қосындылар түзілген (синтезделген). Осы заттар ішінде – $N = C = N^-$ байланыс тобы бар қосындылардың реакцияласу мүмкіндігі күшті. Яғни, көміртегі атомына оттегінің және төмен молекулалы қосындылардың азоттық негіздерімен реакцияласуы нәтижесінде әртүрлі органикалық заттардың көптеп түзілуі, пайда болуы мүмкін. Әдепкі кездегі атмосферада негізінен CO_2 , аммиак, метан, H_2 , H_2S , су буы, т.б. газдардан құралған, ал бос оттегі жоқ болған. Нәтижесінде *гетеротрофты тотықсыздану биосферасы* қалыптасқан. Жер атмосферасындағы оттегінің аздап жинақталуы Күннің ультракүлгін сәулелерінің және найзағайдың әсерінен су мен оның буларының ыдырауы арқылы пайда болған. Осы көп емес бос оттегі қорлары дереу тотықсызданған заттардың, қосындылардың тотықтану реакциясына қатысқан (жұмсалған). Солардың ішінде $NH_3 \rightarrow NO_3$ қосындысына дейін, $CH_4 \rightarrow CO_2$ -ге дейін, $H_2S \rightarrow SO_4$ -ке дейін тотыққан. Кейбір жағдайларда CH_4 қосындысының тотықтану реакциясынан метил спирті, формальдегид, құмырсқа қышқылы, т.б. заттар пайда болып, жауын-шашындармен сулы ортаға (алғашқы мұхитқа) түскен. Ол заттар аммиакпен, цианисты сутегімен, т.б. қосындылармен реакцияға түсіп, амин қышқылдары, аденин сияқты заттардың түзілуі (синтезделуі) мүмкін. Осындай және басқа да реакциялар нәтижесінде сулы ортада (алғашқы мұхитта) алуан түрлі органикалық заттар мөлшері артып, алғашқы бульон (сорпа тәрізді сұйық) пайда болған.

Заттардың химиялық эволюциясының болуын және органикалық заттардың абиогенді синтезделу мүмкіндігін 1953 жылы америкалық ғалымдары, химик С.Миллер, физик Г.Ури модельді эксперименттер арқылы дәлелдеген. Олар лабораториялық жағдайда метан, аммиак, сутегі және су буларынан тұратын Жердің алғашқы атмосферасы моделін жасап, оған электр разряды ұшқындарымен әсер еткен. Нәтижесінде жай амин қышқылдары –


гликокол, dl – аланин, β – аланин, аминамай қышқылдары түзілді. Солармен бірге, электр ұшқындарының тікелей әсерінен синиль қышқылы және альдегидтер пайда болды. Осы тәжірибе қорытындысы арқылы абиотикалық заттардан қарапайым органикалық заттардың түзілуі дәлелденді (1 сурет). Амин қышқылдарының пайда болуын С.Миллер төмендегі теңдеу бойынша жүзеге асқан деген пікір айтады:



Бұдан кейінгі зерттеулерде аденин, гуанин, аденозин, аденозинмонофосфат, аденозиндифосфат, аденозинүшфосфат қосындыларының абиогенді (табиғи) жағдайда синтезделетіні анықталды. Полимеризациялану реакциялары нәтижесінде жай молекулалы қосындылардан күрделі молекулалы – белок, липидтер, нуклеин қышқылдары және олардың туынды қосындылары түзілетіні белгілі болды. Ғалымдардың (2008) зерттеу нәтижелеріне қарағанда, ерте архейлік кезеңде (3,5-3,8 млрд. жыл бұрын) бактериялар ыстыққа (64,8-73,3⁰С-қа) төзімді болған және сондай ыстық жағдайда тіршілік еткен. Ал, кейінгі кезеңдегі бактериялар +37-35⁰С-та өмір сүруге бейімделген. Жер эволюциясының алғашқы кезеңдерінде пайда болған бактериялар, прокариодты организмдер ыстық жағдайда, бұлақтарда өмір сүрген. А.И.Опарин–Дж.Холдеин концепциясы бойынша тіршіліктің пайда болуын және қалыптасуын төрт кезеңге бөлуге болады:

1. *Бірінші кезең.* Алғашқы атмосфера газдарынан төмен молекулалы органикалық қосындылардың пайда болуы;


2. *Екінші кезең* – полимерлердің полимеризациялануы (бір – біріне қосылуы) нәтижесінде нуклеин қышқылдары (РНҚ молекулаларының полимері) мен белоктар тізбегінің пайда болуы;



1-сурет. Миллиард жылдар бұрын Жер ғаламшарында органикалық молекулалардың пайда болуын дәлелдейтін тәжірибе (С.Миллер, Г.Ури тәжірибесі, 1953). Белгілер: А-вулкан; В-от; С-қайнап жатқан су; Е-атмосфералық газдар; F-метан; G-аммиак; H-сутегі; I-найзағай; J-электродтар; K-электр ұшқындары (разряд); L-конденсатор түтігі; M-конденсатор спиралі; N-жауын; O-органикалық молекулалар; P-теңіз суы.

3. *Үшінші кезең* – қоршаған ортадан мембраналар арқылы бөлектенген, фазалық дербестігі бар органикалық заттар жүйесінің (коацерваттардың) қалыптасуы. Академик А.И.Опарин нуклеин қышқылдары, полипептид және полисахарид ерітінділерін қатты сілкіп шайқау арқылы май тамшыларына ұқсас коацерват тамшыларын алды (2-сурет).

4. *Төртінші кезең* – тіршілік қасиеттері бар алғашқы қарапайым клеткалардың (пробионттардың) пайда болуы. Осы клеткаларда өздігінен бөлінуге (яғни, көбеюге) бейімделген репродуктивті аппараттары болып, бөлінген жас клеткаларға аналық клетканың биохимиялық және метаболиттік қасиеттерін толық бере алған.



Әдепкі аралық және соңғы өнімдер кеңістік пен уақыт бойынша бөлектеніп, дербестенуі керек. Бұл жағдайлар мембраналар пайда болғанда ғана жүзеге асады. Мембраналар белок пен липидтерден құралған және де қоршаған ортадан клетканы,

заттарды бөлектеп тұрады. Мембраналардың ең алғашқы қарапайым түрлері коацерваттар пайда болған кезде қалыптасқан деген болжам бар. Кейін клетка мембранасы күрделенген.

Кеңістіктегі абиотикалық ортада бөлектенген жүйелерде (коацерваттарда) синтетикалық процестер күшейе түседі. Кейінгі тәжірибелер нәтижелеріне қарағанда, заттармен толыққан, алдын ала фосфорилаза енгізілген тамшы коацерваттарды глюкоза – 1–фосфат (Г–1–Ф) ерітіндісіне енгізгенде крахмал қарқынды, жылдам түзілетіні белгілі болды (3-сурет, 1).

Коацерваттар мен пробионттар эволюциясы барысында порфирин сақинасы орталығына металл атомдарының енуі А.А.Красновский (1975) пікірі бойынша төмендегідей: кремний, алюминий, титан қосындылары сулы ортада ерімейді, сондықтан олармен порфирин комплексінің пайда болуы мүмкін емес. Mg- және Fe- комплекстері өте активті, сонымен бірге басқа молекулалармен реакцияласу мүмкіндігі күшті. А.А.Красновскийдің (1975) зерттеулеріне қарағанда, порфириндер және оның Mg- комплекстері тек қозған күйде (P^*) активті және кері айналымды тотықсыздану немесе тотықтану фотохимиялық реакцияласу мүмкіндігі күшейе түседі. Яғни, донор-молекуладан (Д) электрондарды қабылдау немесе акцептор-молекулаға (А) электрондарды беру (жеткізу) қабілеті күшті (төмендегі схема бойынша):


Айналымды фотототықсыздану: $P^* + ДП + Д^+$. Айналымды фотототығу: $P^* + АП^+ + А^-$. Күрделі құрылымды коацерваттарда липопротеинді мембраналар болған болуы мүмкін. Липопротеинді мембраналар кейбір заттарды өткізеді, кейбіреулерін өткізбей «ұстап қалады». Алғашқы клетка тәрізділерде нәсілдік (тұқым қуалау) ақпараттары нуклеин қышқылдарында жинақталған. Кейінгі зерттеулер бойынша, алғашқы генетикалық материал РНҚ болған. Ғалымдар бұл кезеңді «РНҚ әлемі» деп атаған. РНҚ нуклеидтері (3-сурет, G) өздігінен бір-бірімен қосылып, қатарлы тізбек құрған және бұл РНҚ молекуласына (H) айналған. РНҚ тізбегі өздігінен репликациялануға қабілетті. РНҚ тізбегі арқау, үлгі болып, нуклеотидтердің орналасу тәртібін белгіледі, нәтижесінде жаңа комплементарлы РНҚ тізбегі қалыптасқан (3-сурет, 2). РНҚ комплексі *рибосомалармен «бірлесін»* амин қышқылдарын бір-бірімен қосып құрастыруда және белоктар синтезінде маңызды роль атқарады.

Барлық тірі организмдерде (бактериядан адамға дейін) рибосомалар құрылымы өте ұқсас. Бірақ, қазіргі рибосомалардың «алғашқы тегі» болатын аралық түрлері сақталмаған. Алғашқы *проторибосома* қандай болатынын Канада биохимиктері (Konstantin Bokov, Sergey V. Steinberg, 2009) қазіргі заманғы организмдердің рибосомаларын бөлшектеп зерттеу арқылы бұл құпияны анықтады.

Алғашқы *проторибосома* 23S-р РНҚ деп аталатын суббірлік (субединица) РНҚ молекуласының негізгі бөлігінде орналасқан. Бұл молекула өте үлкен: 3000 нуклеотидтерден құралған. Мұндай орасан үлкен 23S-р РНҚ молекуласы дайын күйінде бірден пайда болуы мүмкін емес. Аталған биохимик ғалымдар осы үлкен молекуланы біртіндеп «бөлшектегенде» қалған блоктарының құрылымының бұзылмайтыны белгілі болды. Алдымен 19 блокты бөліп алған, сосын 11, 9, 5, 3, 3, 2, 2, 2 блоктар бөлінді. Содан кейін тағыда үш блок бөліп алынды. Ең соңында кішкентай фрагмент, жалпы массаның 7%-ын құрайтын бөлігі қалды. Осы бөлік-алғашқы *катализаторлық орталық (проторибосома)*, тРНҚ-ның екі молекуласын «ұстап», амин қышқылдарының белокқа қосылуын жүзеге асырады. Ғалымдар осылайша 23S-р РНҚ молекуласының эволюция барысында біртіндеп күрделенуін, алғашқы *проторибосома* қызметінің, функциясының тұрақтануын, күшеюін дәлелдеді [2].

Ғалымдардың болжамы бойынша, 3,8 – 4,0 млрд. жыл бұрын РНҚ молекуласы ДНҚ молекуласын құрастыруда үлгі (шаблон) болған. Қазіргі зерттеулер нәтижелеріне қарағанда, кейбір микроорганизмдерде РНҚ молекуласын арқау, үлгі етіп, кері транскрипция жасап, ДНҚ молекуласын синтездеуге керекті *фермент-рибозима* бар. Яғни, 3,8 млрд. жыл бұрын архейлік кезеңде репликация катализаторлары бар РНҚ-рибозима комплексті молекуласы арқау (шаблон) болып, ДНҚ нуклеотидтерін (3-сурет, 3) орналастыратын кері транскрипция жасалынған деген болжам бар. Синтезделген ДНҚ молекуласы өз кезегінде кейінгі ДНҚ

тізбектерін (J) құрастырушы модель, арқау болған. Содан кейін тізбектер бір – бірімен қосылып, ДНҚ – ның қосарланған кәдімгі молекуласы (K) қалыптасқан (3-сурет, 3). ДНҚ молекуласы РНҚ-ға қарағанда орнықты және нәсілдік ақпараттарды берік сақтайды. Әдепкі, архейлік кезеңде ДНҚ организмдердің *тыныштық жағдайда* болатын фазасында болған. Тек кейін нәсілдік ақпараттарды сақтайтын негізгі молекуласына айналған. Алғашқы тіршілік иесі – қарапайым клеткада бір ДНҚ (K) молекуласы тізбегі және РНҚ (H) бар. Сонымен бірге, *рибосомалар* (L) болған. Өйткені, рибосомаларсыз клеткада белоктар түзілуі мүмкін емес. Бұлардың барлығы *цитоплазма* (M) тәрізді құрылымда жинақталған, және де *мембранамен* (N) қоршалған (3-сурет, 3). Мұндай құрылымдар қазіргі кезде биосферада тіршілік ететін бактерияларда бар. Кейбір бактериялар мен прокариодтарда ядро жоқ, бірақ толық клетка тәрізді тіршілік етеді.



3-сурет. Жер ғаламиарында тіршіліктің пайда болуы. Белгілеулер: 1-коацерваттық кезең; 2- РНҚ-ның қалыптасу кезеңі; 3- ДНҚ молекуласының пайда болуы. А-коацерваттар; В-фосфорилаза; С-глюкофосфат; Д-фосфатты топтар; Е-крахмал; F-мальтоза; G-РНҚ нуклеотидтері; H-РНҚ; I-ДНҚ нуклеотидтері; J-ДНҚ тізбегі; K-ДНҚ; L-рибосома; M-цитоплазма; N-мембрана. (И. Эдвард Алькамо, 2002 бойынша)

Сонымен, ұзақ, млрд-таған жылдар бойы коацерваттар және алғашқы тіршілік иелері – қарапайым клеткалар арасында сұрыпталу процесі жүрген, олар:

- а) коацерваттарда белок тәрізді полимерлерді жинақтау мүмкіндігі бойынша;
- б) РНҚ-рибозима комплексі тізбегінің пайда болуы және репликациясының дәлдігі мен жылдамдығы бойынша;
- в) алғашқы қарапайым клеткада белок синтездеуші орын – рибосомалардың пайда болуы;
- г) нуклеин қышқылдарында нуклеотидтердің бірінен кейін бірінің дұрыс орналасуы бойынша;
- д) ДНҚ тізбектері пайда болып және қосарланып, кәдімгі ДНҚ молекуласының пайда болуы;
- е) коацерваттар мен пробионттар эволюциясы барысында порфирин сақинасына және басқа ферменттердің активті орталығына металл иондарының енуі бойынша. Бұл хлорофилл сияқты пигменттердің және басқа активті ферменттердің пайда болуының алғы шарты;
- ж) коацерваттар мен пробионттардағы энергияны беруі және энергияны пайдалануы процестеріндегі АТФ-тың пайда болуы бойынша; Алғашқы тіршілік иелері универсальды мүмкіндіктерді қалыптастыра алған: энергияны жинақтаушы АТФ (аденозинүшфосфат) және РНҚ-рибозима комплекстерінің синтезделуі бойынша сұрыпталу процесі жүрген; Э.М.Галимовтың [3] пікірі бойынша, тіршіліктің пайда болуына күшті әсер еткен алғашқы

химиялық эволюциялық процесс – бұл аденозинүшфосфаттың (АТФ) молекуласының синтезделуі;

з) амеба тәрізді прокариодты организмдер мен митохондриялы және хлоропластары бар аэробты бактериялар және цианобактериялардың симбиозы нәтижесінде *фотосинтездеуші* және *фотосинтезге қабілетсіз* эукариодты клеткалардың пайда болуы;

и) эукариодты организмдердің өте ерте кезеңде, яғни, бірнеше миллиардтаған жылдар бұрын архейлік эрада өсімдіктер, саңырауқұлақтар, жануарлар патшалықтарына бөлініп, бір – бірінен тәуелсіз дамуы (эволюциясы).

Ұзақ млрд.-таған жылдарғы осындай сұрыптаулар нәтижесінде ішінен ең бейімделгендері, таңдаулылары ғана іріктеліп, тірі организмдерге айналған және ұрпақ жалғастырған, дамыған, көбейген. Басқа «сәтсіз», онша бейімделе алмаған нұсқалары (варианттары) жойылған болуы мүмкін деген ғалымдар арасында түсінік бар. Сонымен, тіршіліктің пайда болуы кездейсоқ уақиға емес, Жер ғаламшары дамуының, эволюциясының нәтижесі. Егер қоршаған орта өзгерсе, ал қазіргі кезеңде антропогендік әсерден орта өте жылдам өзгеруде, оған организмдердің бейімделуі керек. Яғни, биосферадағы барлық биологиялық жүйелердің дамуы одан әрі жалғасуда.

Жер бетінде пайда болған тіршіліктің көбейіп, өсіп дамуына қолайлы әсер ететін «қауіпсіздік қалқандары» пайда болды. Біріншісі – Жердің *магниттік өрісі*. Планетамыздың темір-никель ядросының айналуынан және мантияға үйкелуінен *магниттік өріс* туындайды. Күннен шығатын электромагниттік (қуатты бөлшектер) ағыны магниттік өріс жиегіне соқтығысып, одан полюстерге қарай жылжиды, онда жарқырап, нұр шашқан полярлық шұғыланы туындатады. Бұл өте әдемі көрініс, бірақ электромагниттік ағын (қуатты бөлшектер) жер бетіне түгел жетсе тірі организмдерге аса қауіпті. Екіншісі-атмосферада 25-35 км қашықтықта орналасқан *озон қабаты* организмдерге өте зиянды ультракүлгін сәулелерін сіңіріп, «ұстап қалады». Нәтижесінде биосферадағы тіршілік иелеріне қолайлы жағдай туындады. Бірақ адамзаттың тіршілігі әсерінен екінші қалқан-*озон қабаты* жұқара бастады және «тесіктер» пайда болуда.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Федонкин М.А. Сужение геохимического базиса жизни и эвкалириотизация биосферы: причинная связь //Палеонтологический журнал. 2003, № 6.-С. 33-40.
2. Марков А.В. Обзор «Зарождение жизни. Прокариотная биосфера». 2002-2007.
3. Галимов М.А. Феномен жизни: между равновесием и нелинейностью. Происхождение и принципы эволюции. М.: Едиториал УРСС, 2006.- 256 с.

РЕЗЮМЕ

Жайлыбай К.Н., д.б.н., профессор

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

СОВРЕМЕННЫЕ КОНЦЕПЦИИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ЖИЗНИ

В статье рассматриваются изменения понятий жизни в связи с развитием науки, современные концепции о появлении РНК, ДНК, рибосомы, первичных протоклеток. Сформулированы понятия жизни на государственном языке.

Ключевые слова: понятия жизни, РНК, ДНК, рибосомы, первичных протоклеток, современные концепции.

SUMMARY

K.N.Zhaylybay, d.b.s., Prof.
(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)

THE MODERN CONCEPT OF THE ORIGIN OF LIFE

This article considers the changes the concept of life, due to the development of science, modern conception appearances on RNA, DNA, ribosomes, the primary cells. It is Formulated the concept of life in the state language.

Keywords: the concept of life, RNA, DNA, ribosomes, primary protocells, modern concept.

ӘОЖ 911.3:33(574.5)

МАҚТА ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Карменова Н.Н., г.э.к., профессор
Оспанова Ф.К., магистрант
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)

Аннотация: Мақта шаруашылығы – Оңтүстік Қазақстан облысының жетекші саласы болып саналады. Бұл шаруашылық түрі ежелден еліміз экономикасы үшін алар орны ерекше. Өндірілген өнімнің өңделіп, жіп, мата, киім түрінде өз елімізде шығарылуына күннен-күнге барлық жағдайлар жасалуда. Дүниежүзіндегі мақта өндіретін 70 мемлекеттің 23-і мақтаны өз елінде терең өңдеп, дайын бұйым шығарады. Біздің де ел сол 23 елдің ішінде. Бұл еліміздің индустриалды мемлекет екенін көрсетеді. Осыларды ескере келе, егістік көлемін кеңейтіп, үкімет тарапынан бөлінетін қаржыны ұтымды пайдалана отырып отандық тауарларды сапалы және әлемдік стандартқа сай етілуі туралы айтылған.

Қазіргі таңда мақта шаруашылығын дамытуда мемлекет тарапынан көп көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, мақта шаруашылығында қолданылып жүрген шетелдік тәжірибелер, мақтадан алынатын түрлі заттар мен қазіргі кездегі іске қосылған кәсіпорындар, фабрикалар жайлы мәліметтер келтірілген.

Түйін сөздер: Мақта, кластер, жапырақ, қоза, сабақ, тамыр, госсипол, каллойд, пироксилин, фотопенка, кәсіпорын, фабрика.

Қазақстанның оңтүстігінде өсетін ауыл шаруашылығының ең негізгі дақылдарының бірі – мақта. Мақта шаруашылығы жерімізде кеше немесе бүгін ғана емес, өте ертеден бері алар орны ерекше екендігі туралы нақты деректер баршылық.

Ертедегі деректер бойынша Шыңғысхан шапқыншылығы суырған топырақтың астында қалған ежелгі Отырар мақтаның, жүзімнің отаны болғанын көрсетеді. Отырар қаласының орнынан табылған суландыру жүйелері, мақта шиті, жүзім тұқымдары мұнда өркендеген мақта, жүзім шаруашылықтары болғанын дәлелдейді. Белгілі ғалым, профессор В. И. Юферов өзінің «Түркістанның мақта шаруашылығы» деген кітабында қазіргі Жамбыл қаласының тұрғындары VII ғасырда мақтадан тоқылған киім кигендерін жазса, академик В.В. Бартольд X ғасырда Шымкент қаласынан сыртқы саудаға арналып мақта шығарылғанын баяндайды. Мақтаның тарихында Түркістанды суландыру үшін ирригациялар басқармасын құру туралы шешім мақта шаруашылығының әрі қарай дамуына өз әсерін тигізді.

Мақта шаруашылығы Оңтүстік Қазақстан облысының жетекші саласы болып табылады. Облыстың ауыл шаруашылығына жарамды жерінің аумағы 10,3 млн. га, оның ішінде жыртылатын жер аумағы 0,8 млн. га. Ауыл шаруашылығында 63,3 мың шаруа (фермер) қожалығы, 956 ӨК, 6 АҚ, 608 ЖШС жұмыс істейді. Олар жалпы республика ауыл

шаруашылығы өнімінің 12,2%-ын береді. Ауыл шаруашылығының басты саласына стратегиялық маңызы бар мақта өсіру мен өндіру жатады. Оның егіс көлемі 170 мың га-ға (егіс көлемінің 30%-ы) жетті. Қазір облыста мақта кластері деп аталатын мақта шикізатын қайта өңдеу жөніндегі технологиялық тізбек жасау мәселесі қарастырылған және ол өз ішіне тоқыма өнеркәсібі орындарын да қамтиды. Мұндағы кластер (ағылш. cluster) дегеніміз белгілі өз сипаттары бар, дербес бірлік деп саналатын, бірнеше біртектес даналардың бір топқа бірлестірілуі. Кластер – жеке компаниялардың ерікті бірлестігі; басқарудың желілік үлгісінен негізделген және ғаламдық экономика жағдайына ыңғайлана алатын инновациялық-бағытталған өндірістік-коммерциялық құрылым. Сонымен бірге кәсіпорындар мен ұйымдар бір-бірімен тығыз байланыста болуы тиіс.

Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы мақта шаруашылығымен 1888 жылдан бастап айналысқан. Бұған 1877-1906 жылдар арасында салынған Орынбор Ташкент темір жолы үлкен ықпал жасаған. Мәселен, 1885 жылы Шымкент облысының территориясында небары 432,2 гектар мақта егілген болса, 1910 жылы 3631,6 гектар, ал 1913 жылы 20,8 мың гектар мақта егілген. Бірақ ол кезде мақта қарапайым тәсілмен өсірілді. Егістік ағаш соқамен жыртылып, кетпенмен қазылған арықтан суарылды. Суармалы егістіктің 80%-тен астамы бай-кулактардың қолында болып, мақтаның шығындылығы гектарына 3-4 центнерден аспайтын еді.

Он мыңдаған шақырымды алып жататын Мырзашөлдің ұзақ жазы, ыстық ауа райы ғана емес, құмдауышты топырақты, тақтайдай тегіс даласы ежелден мақта өсіруге сұранып тұрғандай. Сол кезеңдерде басым Мырзашөлден алатын Сырдариядан тартылған 70 шақырымдық, алғаш «Орынбайарық» (кейіннен бұл канал «Достық» каналы болып өзгертілген) деп аталған каналды қазу басталып, канал қазақ жерінде мақта өсірудің алғашқы өркениетті қадамының басы, алғашқы жоралғылардың бірі болып саналады.

Облыста қазірде мақтаның көп бөлігі 100 мың гектардан астамын мақта шаруашылығының қалыптасқан отаны ежелгі Мырзашөл – Мақтаарал ауданы өсіреді. Одан кейінгі орынды Шардара, Түркістан, Сарыағаш, Келес өңірі, Ордабасы, Түркістан, Арыс аудандары алады. Ал, 1924 жылы жаңа жерлерде 11 мың га суармалы жері бар «Мақтаарал» совхозы құрылды. «Мақтаарал» сорты облысымызда 2000 жылдан бастап егіле бастады. Қазіргі кезде бұл «Мақтаарал» жаңа сортының жеті түрі шығарылып келеді. Мұның үшеуі Оңтүстік Қазақстанда аудандастырылған. «Мақтаарал 4005» жаңа сорты мемлекеттік сорттық сынақ инспекциясының шешімімен Оңтүстік Қазақстан облысының мақталы алқаптарында аудандастырылды. Әрине, бұл тұқым сорттарының жоғары дамығанын көрсетеді. 2000 жылға дейін елімізде аудандастырылған мақта сорттары болған жоқ. Өйткені, кеңес дәуірінде еліміздің мақта шаруашылығына қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстары көршілес Өзбекстанға тәуелді еді. Сөйтіп, көрші елдің мақта сорттары егіліп келген. Ал, 2000 жылдан бастап Үкіметтің тікелей қолдауымен, Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты селекционерлерінің қажырлы еңбегінің нәтижесінде жергілікті топырақ-климат жағдайына бейімделген, сортаңдану мен ылғал тапшылығына шыдамды, бұрынғы сорттармен салыстырғанда суды 35-37 пайызға кем талап ететін, ерте пісетін (110-115 күнде), мол өнімді, сапасы шетелдік сорттардан қалыспайтын, тіпті кейбір көрсеткіштері жағынан жоғары, бәсекеге қабілетті мақтаның 10 жаңа сорты шығарылды. Олардың бесеуі аудандастырылған болса, тоғызына авторлық куәлік берілді. Ал ПА-3031, ПА-3044, М-4005 сорттарының селекциялық жетістігіне Әділет министрлігі зияткерлік меншік құқығы комитетінен инновациялық патент алынған [1].

Мақта талшығын және басқа бөліктерін химиялық жолмен өңдеу арқылы сынбайтын әйнек, фотопенка, каллойдтар, лактар, қағаз, пироксилин, сірке және лимон қышқылын, сондай-ақ т.б. көптеген өнім алуға болады яғни, 700-ден астам бұйым жасалады. Мақтаның талшығы сапасына қарай I-II-III-IV-V сорт болып бөлінеді, III-типті жіңішке талшықты мақта немесе жібек мақта да осындай сортқа бөлінеді. Әлемде мақта қозасы 34 млн гектар алқапта егілсе, осы өндірілетін мақтаның 85 пайызы – осындай орта талшықты IV-типті мақта талшығы. Ал, Оңтүстік Қазақстан облысында тек IV және V-типті орта талшықты

мақта өндіріледі. Сондықтан III-типті жіңішке талшықты мақтаны (жібек мақтаны) шеттен сатып алуға мәжбүрміз. Себебі, Қазақстан мақтасы дүниежүзінде мақта егісінің ең солтүстік белдеуінде өсіріледі. Қазіргі кезде жер шарындағы мақта егісінің солтүстік шекарасы 38-44° солтүстік белдеуде, АҚШ-та бұл көрсеткіш 38°-қа дейін, Қытай Халық Республикасында және біздің Түркістан аймағында 44°-қа дейін жетеді. Өзбекстанда, Қарақалпақстанның солтүстігінде, 43°-солтүстік белдеуден өтеді. Сондықтан да біздің топырақта жібек мақталар пісіп үлгермейді. Біздегі мақта максималды түрде 3 мың градус температураны талап етсе, жібек мақтасы 5 мың градусты қажет етеді. Мақтаның пісіп-жетілуі 120 күнге созылады делік, ал жібек мақтасы үшін 150-160 күн керек.

Облысымыздың кезекті басты мақсаты – үшінші типті мақта шығару. Осы мақсат бойынша мақтаның сыртқы орта факторларына төзімді өсімдіктің генетикалық, биологиялық қорларына пайдалану негізінде III-IV типті мақта талшығын шығару мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқаны да белгілі. Оның сапасы да жоғары болуы тиіс. Көп күттірмей Түрікменстандағыдай жібек мақтаның бір сортын шығаруға болады. Осы жұмыстан нәтиже шығару үшін ол 2012-2014 жылдарға арналған жоспарға енді.

Қазіргі кезде облыста мақта талшығын терең қайта өңдеумен «Меланж» акционерлік қоғамы айналысып келеді. Осы кәсіпорында әлемдік стандарттарға жауап беретін мақта матасын шығаруға мүмкіндік беретін германдық және швейцариялық жабдықтарды орнату арқылы тоқыма, бояғыш және өндіріп шығару өндірістерін толық жаңалау мен қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ «Қазақ-Орыс тоқыма альянсы» ЖШК және «INADAA TEXTILE» қазақ-қытай кәсіпорындары, «Ютекс» АҚ, «South Textile kz» ЖШС, «Хлопкопром-целлюлоза» ЖШС сияқты әрқайсысы жылына 7-8 мың тонна мақта талшығынан жіп иіретін, мата тоқитын, жаңа үлгідегі бәсекеге қабілетті тауар өндіретін фабрикалар іске қосылды. Енді 5-6 жылда жоспардағы «Ютекс-KZ» АҚ, «СП «TurKaz Textile» ЖШС, «Чалык» холдингі сияқты әрқайсысы жылына 15-23 мың тонна мақта талшығын терең өңдеуші фабрикалар толығымен іске қосылған соң, қосымша 54,5 мың тонна талшық өңделмек [2].

Сонымен қатар, мақта шаруашылығының жоғары дамуы өсімдік майына деген сұранысты толықтырудың маңызды қоры болып табылады. Сондықтанда Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2001-2003 ж.ж. арналған мемлекеттік бағдарламасында: «өсімдік майы мен қант тапшылығын жою және нарық жағдайында мақта талшығы жағдайында, өндірісті ұлғайту үшін майлы дақылдар, қант қызылшасы және мақта өнімділігін арттыру қажет» деп көрсетілген. Май заводтарында мақта шитін өндегенде, одан 20-25 пайызға дейін май алынады. Ол майды тамақ үшін пайдалануға да, одан глицерин, сондай-ақбасқа да арнаулы май істеп шығаруға болады. Мақта шаруашылығын дамыту мақсатында көптеген ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Олар: Үмбетаев И.Ү., Көпешов Ш., Болғанбаев Е., Серғазиев А., Майлыбаев М., Баткаев Ж.Я., Мұстафаев А.Б., Биғараев О., Сыдықов Д.А. сияқты ғалымдарды ерекше атап өтуге болады.

Мақта мәдени өсімдіктердің ішіндегі ең бағалы дақыл болып табылады. Біздің елімізде ол халық шаруашылығы үшін өндіріледі. Бұл өсімдіктің, сабағынан әр түрлі өнім алуға болады. Бір түр мақта орта есеппен 33% шитті мақта, 22% жапырақ, 24% сабақ, 12% шикі көсек және 9% тамыр береді. Оңтүстік Қазақстан – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінен республикадағы ең ірі өңірдің бірі болып табылады. Мұнда мақта өсіруші шаруашылықтар табысының негізгі көзі болып табылатын мақта егістері шоғырланған. Оңтүстік Қазақстан облысы елімізде бірден-бір мақта өндіруші өлке. Бұл өлкеде жыл сайын 400-500 мың тонна мақта шикізаты өндіріледі, орташа өнімділік 18-22 ц/га құрайды. Бұл өңірде мақта шаруашылығы ежелден мықты дамыған. Соңғы жылдары мақта талшығы еліміздің маңызды экспорттық тауарына айналды. Талшықтан неше түрлі заттар, әр түрлі ваталар, мақта целлюлозасын, жасанды тері, фибра т.б. алуға болады. Мақтаның әрбір центнерінен (мақтаның сортына қарай) орта есеппен 34-33 кг таза талшық және 62-66 кг тұқым алынады. Мақта тұқымынан алынатын күнжара мал азығына аз қосылады, өйткені, оның құрамында мал организміне зиянды госсипол бар. Госсипол ауыл шаруашылығында

өсімдік зиянкестеріне қарсы қолданылатын препараттар дайындауға, ал өнеркәсіпте – смола мен пластмасса т.б., медицинада бірқатар ауруларды емдеуге және медикаменттер әзірлеуге пайдаланылады. Мақта шитін тазартқанда 3 пайызға жуық өте бағалы мақта мамығы алынады. Ондай мамықтан жасанды былғары, авиация өнеркәсібі мен автомобильдер үшін сыр, жасанды жібек және басқа бұйымдар істеледі. Май алу үшін өңделген әрбір тонна мақта шитінен 400-420 кг күнжара, 380-400 кг қабық шығады. Бұлар малға құнарлы азық ретінде пайдаланылады. Бір ғана мақта дақылының өзі қаншама заттар алуға мүмкіндік береді, тіпті мақтадан өңделген қоқымына келетін болсақ, бұл қоқымды зауыттардан шығарылып, егістік жерлерге қайтадан сеуіп шығады. Бұл қоқым жердің құнарлылығын арттырады. Яғни, қоқымды тыңайтқыш ретінде қолданады [3].

Облысымыздағы дикандар жаңбырдан соң қатқалақтан қатты әбіржитінін біреулер білсе, біреулер білмей жатады. Америкалықтар ол нәрседен қорықпайды. Олар әр ұяға 4 данадан шит тастайды екен. Бір жерде топталып көгерген өскін қалай болмасын қатқалақты жарып шығады екен және олар толығымен мақтаны комбайнмен жинап, қол күшін қажет етпейді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Шетелдерге барған кезде көрген жақсылықтарыңды алып келіп, өндіріске ендіріңдер» деп өзінің халыққа арнаған Жолдауында айтқан болатын, осыған орай бүгінгі таңда Американың «Амако» фирмасымен келісім-шарт жасап, мақтаға қатысты ең соңғы шыққан техникалардың барлығын сатып алудың жолдары және мақтаны 100 пайыз комбайнмен жинап алу мүмкіншілігіне жету мәселелері қарастырылуда [4].

Мақта өндірушілердің тым ұсақталып кетуі яғни, ұсақ қожалықтарда кредит, су, минералды тыңайтқыш, зиянкестерге қарсы күрес, жанар-жағармай, тағы да басқа қажеттіліктер оңайлықпен шешілмеуі сияқты бірнеше қиындықтар туғызуы мүмкін. Сондықтан ұсақ қожалықтарды ірілендіру арқылы ғана әлгі барлық іс-шаралар орындалып, кластер талабын орындауға болады. Соңғы жылдары еліміздің ғалымдары іссапармен Үндістан, Қытай, Пәкістан, Оңтүстік Африка, Аргентина, Бразилия, АҚШ-тың мақта өсіретін аймақтарында болып қайтқан. Аталған мемлекеттердің барлығында 500 гектардан астам жері бар фермерлер жоғары өнім алып, көп табыс табады. Бразилияда 2 мыңнан 15-20 мың гектарға дейін мақта егетін фермерлер кездеседі. Олар әр гектардан орта есеппен 40-45 центнер мақта өндіреді. Қазір Оңтүстік Қазақстан облысында ауылшаруашылық өнімдерін өндіретін түрлі салаларда 71 мыңнан астам шаруа қожалықтары бар. Оның 40 мыңнан астамы мақта өндірісімен айналысады.

Жалпы деректерге жүгінсек, Республикамызда бидай 20 млн. гектардай жерге егілсе, мақта небәрі 170 мыңдай гектарға отырғызылады. Айырмашылық 100 есе десек те, табысына келсек, екеуі шамалас. Мысалы, еліміздегі мақта зауыттары «ақ алтынның» тоннасын 45 мың теңгеден сатып алып, экспортқа 1 мың 300 доллардан жіберіп, үш есе пайда тауып жатыр. Кезінде сол жылдары елде 160 мың тонна шитті мақта жиналса, бергін келе, 2008 жылы 222 мың гектарға шит себіліп, 466 мың тонна «ақ алтын» жинап, рекордтық деңгейге қол жеткізген тұсымыз да болды. Мұндай көрсеткіштер еліміздің әлемдік рекорд жасауға, алпауыт мемлекеттер қатарына қосылуға мүмкіндігі мол екендігін дәлелдейді. Ал, АҚШ-қа келсек, бұл ел әлемдік қаржы дағдарысына дейін өндірілген мақта талшығының 85-90% өзінде өндейтін. Соңғы жылдары тоқыма, тігін фабрикаларындағы жұмысшылардың жалақыны көтеру талабын орындай алмаған соң мақтаны талшық күйінде экспорттау тиімді болды. Содан өндірілген мақта талшығының 65-70% Қытай және басқа да мемлекеттерге экспортқа шығара бастады. АҚШ соңғы жылдары дайын бұйымдарды да Вьетнам, Бангладеш, Қытай, Үндістан сияқты жұмыс күші арзан мемлекеттерге тапсырыс беріп, импорттауға көшті [5].

Бүгінгі таңда мақта өсіріп-өндірушілердің білім деңгейін көтеру – ең маңызды мәселе. Әйтпесе, өнімділігі жоғары отандық сорттар да, жаңа технологиялар да тиісті тиімділікке жеткізе алмайды. Сондықтан да, шаруа қожалықтарының білім деңгейі мен біліктілігін жоғарылату мақсатында, Ауыл шаруашылығы министрлігі, «КазАгроИнновация» АҚ-ның қолдауымен Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының базасында «Мақтаарал» білім тарату орталығы жұмыс жасайды.

Американ ғалымы, Friman E. Bear мәліметі бойынша құрғақшылық аудандарда суармалы жерлерде өсірілетін дақылдар өзінің құрамы жөнінен көп ылғал түсетін аймақтарға өсірілетін дақылдарға қарағанда анағұрлым байырақ келіп, адамға да малға да құндырақ тамақ болады. Бұл Оңтүстік облыстағы мақта шаруашылығының болашағы зор екендігіне дәлел, ол үшін ең алдымен, текке жатқан жер аумақтарын қолданысқа яғни, егіс алқаптарына айналдыру қажеттілігін көрсетеді [6].

Оңтүстік өңірде өсетін мақтаның қызығын шет елдер көріп келе жатқаны жасырын емес. Өйткені, мақта шикізат күйінде өзге елдерге сатылуда. 2011 жылы Ибадулла Үмбетаев (Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас директоры) өзінің берген сұхбатында «Мақта талшығын терең өңдеп, дайын бұйым түрінде экспортқа шығарсақ, бастапқы құны жеті есе өседі», - деді. Сондықтан шикізатты экспортқа шығару мемлекетіміз үшін тиімсіз есептеліп, оны өз елімізде өңдеп, дайын өнім түрінде шығару әлдеқайда тиімдірек. Өндірілген өнімнің өңделіп, жіп, мата, киім түрінде өз елімізде шығарылуына күннен-күнге барлық жағдайлар жасалуда. Дүниежүзіндегі мақта өндіретін 70 мемлекеттің 23-і мақтаны өз елінде терең өңдеп, дайын бұйым шығарады. Біздің де ел сол 23 елдің ішінде. Бұл еліміздің индустриалды мемлекет екенін көрсетеді. Осыларды ескере келе, егістік көлемін кеңейтіп, үкімет тарапынан бөлінетін қаржыны ұтымды пайдалана отырып отандық тауарларды сапалы және әлемдік стандартқа сай ететін кез жетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сыдықов Д.А., Үмбетаев И.Ү., Батьколов Ж.Е., Биғараев О. Оңтүстік Қазақстан облысында мақта өндірісін өркендетудің өзекті мәселелері - Алматы, Бастау 2002 ж.
2. Г.Ахметова «Ибадулла Үмбетаев, Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас директоры: Мақта талшығын терең өңдеп, дайын бұйым түрінде экспортқа шығарсақ, бастапқы құны жеті есе өседі» Алаш айнасы, №193, 2011 ж.
3. www.bigox.kz сайты.
4. www.maktaral.kz сайты.
5. Қ.Зарыққанқызы «Мақта өндірісі маталып тұр» Алаш айнасы, №182, 2011 ж.
6. А.Рақымжанова «Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының суармалы жерлерінен тиімді өнім алу» // География және табиғат №1, 2005 ж.

РЕЗЮМЕ

*Карменова Н.Н. – к.г.н., профессор, Оспанова Ф.К. - магистрант
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ И ЗНАЧЕНИЕ ХЛОПКОВОГО ХОЗЯЙСТВА

В данной статье рассматривается значимость ведущей сферы Южно Казахстанской области хлопкового хозяйства и ее роль в экономике данного региона. Так же рассмотрены новые сорта, виды хлопка и история развития.

Түйін сөздер: Хлопок, кластер, листья, стебель, корни, госсипол, каллоид, пироксилин, фабрика.

SUMMARY

*N.N.Karmenova, c.g.s., prof., F.K.Ospanova, master student
(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University.)*

HISTORY AND SIGNIFICANCE COTTON FARMS

This article deals with the importance of cotton industry in the South Kazakhstan region and its value in the economy of the given region. Also it considers the new types and kinds of the cotton and the history of cotton industry development.

Keywords: Cotton, cluster, leaves, stems, roots, gossypol, kalloyd, gun-cotton factory.

ӘОЖ. 633.174.

ҚАНТ ҚҰМАЙЫ ӨСІМДІГІНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

*Кіршібаев Е.А., б.ғ.к., аға оқытушы
Худайбергенова Г.Б., - магистрант
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Бұл мақалада қоршаған ортаның көптеген стресс факторларына төзімді, жоғары өнімді құмай өсімдігі жайлы деректер келтірілген. Құмай өсімдігінің таралуы, экологиясы және өсімдіктен алынатын өнімі жайлы қысқаша мәліметтерді кездестіруге болады. Ол өсімдіктің көп жақты қолданылуы, оның дәні жемдік, тағамдық, техникалық мақсаттарда пайдаланылуы, жасыл массасы балауса күйінде малды қоректендіруге, сүрлем мен шөп дайындауы, дәнінде 10% жуық мүшеге бай ақуыз, 100 кг дәнінде – 119 жемдік бірлік, пішінінде – 42,2, жасыл массасында – 23,5 болатындығы туралы мәлімет берілген. Сонымен қатар, қант құмайының сабағында шәрбат алуға болатын 10-15% қант болатындығы, сыпыртқы тәрізді гүл шоғы бар құмай өсімдігінен сыпырғыш щеткалар және басқа да бұйымдар дайындалуы, құмай өсімдігін шапқаннан кейін де жақсы өсіп кетеді және жайылымдық жасыл жем қызметін атқара алатындығы айтылған.

Түйін сөздер: Құмай, құрғақшылық, өнімділік, витамин, сахароза, глюкоза, фруктоза.

Қазіргі уақытта көптеген елдердің ғалымдарының алдында халықты арзан, әрі таза және сапалы қоры мол жергілікті шикізат көзімен қамтамасыз ету өткір мәселе болып табылады. Себебі, ХХІ ғасырда өмір сүріп отырған қоғамымыздың дамуында ғылым мен мәдениеттің қарқынды дамуы көңіл қуантқанмен, өз кезегінде экологиялық, экономикалық, әлеуметтік бірқатар қиыншылықтарын да ала келді. Олардың бірі экологиялық мәселелер, тағам өнімдерінің сапасының төмендеуі, жетіспеушілігі, құрамындағы әртүрлі минералдармен витаминдердің азаюы өз алдына бір проблема болып саналса, қоршаған ортаның шектен тыс ластануы, топырақ құнарының төмендеуі, бүкіләлемдік жылыну, шөлейттену мәселелері өмір сүріп отырған алам баласына әлеуметтік қиыншылықтар тудыра бастады. Республиканың климаты ыстық, жаз маусымы көбіне құрғақ өтетін оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтары үшін мұндай дақыл қант құмайы болып табылады. Құмай, Н.И.Вавиловтың айтуы бойынша қуаңшылыққа ерекше төзімділігінің арқасында өсімдіктер дүниесінің «түйесі» болып табылады.

Бұл дақылдан әлемнің әр түкпірінде басқа түрлерден өнім ала алмайтын қатты құрғақшылықта да тұрақты өнім алу мүмкіндігі көрсетілген. Қазақстанда бұрын мал азығын өндіруде қолдану үшін құмайды өсіру және сұрыптау бойынша эпизодтық зерттеулер жүргізілген. Бірақ, құмай тағам өндірісінің шикізаты және қайта қалпына келетін қуат көзі ретінде қарастырылмаған.

Қант құмайынан алынатын сахароза-глюкоза-фруктоза шәрбатының негізгі басымдықтары:

- жылдам сіңіріледі және оңай қорытылады;
- күшті қалпына келтіреді және қажетті энергия босатады;
- бүйрек оңай өткізеді;
- бауыр мен бұлшық еттерде гликогеннің көбеюіне жағдай туғызады.

Есептеулер бойынша қант құмайының сорттары суарылмайтын жерлерде гектарынан 2,5-2,8 тонна, суару жағдайында 4-4,5 тонна дейін қант өндіруге мүмкіндік береді.

Елімізде қант құмайының таралу кеңістігі өткен ғасырдың 80-90-шы жылдардың деңгейінде қалып отыр және зерттелу аясы тек мал азықтық техникалық дақыл ретінде біржақты зерттелген күйінде қалған. Сондықтан елімізде қант құмайының табиғатын жан-жақты зерттеп оның жергілікті қантты, жоғары өнімді гетерозисті гибридерін алып, болашақта сорттарын жасау өзекті мәселе болып табылары сөзсіз.

Құмай туысы (сорго). Құмайдың 40-тай түрі бар. Олар тропикалық елдердің (негізінен Африканың) құрғақшылыққа және ыстыққа төзімді өсімдіктері. БОР-дың территориясында себілетін немесе арамшөп ретінде кездесетін 8 түрі бар. Сабақтарының іші ұлпамен толтырылған, ол агрегатты сыпырғы тәрізді гүлшоғырымен аяқталады. Масақшасы бір немесе екігүлді, соңғы жағдайда гүлдің біреуі қосжынысты, ал екіншісі аталық болып келеді. Дәні домалақ. Кәдімгі құмай қонақ (сорго обыкновенная) үлкен (биіктігі 6 м-дей болатын) бір жылдық өсімдік, тек мәдени жағдайда ғана белгілі, гүлшоғырының өсі иілген болып келеді, дән беретін, малға азық болатын және техникалық дақыл ретінде себеді. Дәндерін өңдеп, одан крахмал, қант және спирт алады. Жүгері (джугара) біржылдық өсімдік, гүлшоғырының өсі иілген болады, астық беретін, малға азық болатын және техникалық дақыл ретінде себеді. Құмай (гумай, или джонсона трава) көпжылдық тамырсабақты өсімдік, оңтүстік аудандарда мазасыз арамшөп ретінде өседі [1].



Сурет-1. Құмай өсімдігі және оның масағының әртүрлілігі

Қант құмайы көптеген бір немесе көп жылдық түрлерді біріктіретін *Sorghum* туысына жатады. ТМД территориясында мәдени түрлерден тарағандары: кәдімгі сорго (*S.vulgare Pers.*), Гаолян (*S.Chinense Sakushev*), джугара (*S.Cernuum Host*) және судандық шөп (*S.Sudanense Pers*). Бір жылдық түрлерді сауда, техникалық, жемдік мақсатта қолданады. Орта Азияда жабайы арамшөптер түрінде кездеседі.

Гүл шоғының сипаты мен ондағы орналасу тығыздығына байланысты қант құмайын үш түрге бөлеміз; кеңістіктегі (шашақты – *Sorghum effusum*), қысылған (*Sorghum contractum*), жемдік (*Sorghum cernuum*) [2].

Таралуы: Құмай (сорго) - азықтық, малазықтық және техникалық өсімдік. Солтүстік Шығыс Африкада осыдан 5 мың жыл бұрын *Sorghum* туысы пайда болды деп есептелінеді; Орта Азияда 2,5-3 мың жылдан бері жүгерімен айналысады. Ресейде XIX ғасырдың ортасында пайда болған. Біздің мемлекетімізде қант құмайының егістіктері 250 мың/га жерді алып жатыр. Бұрынғы КСРО территориясында салыстырмалы үлкен емес алаңды 190 мың га жерді алып жатыр. Ең көп аумақты Украина, Молдовия, Солтүстік Кавказ, Төменгі Еділ жағалауы, Қазақстанның құрғақ далалық аудандарын алып жатыр. Қазақстанда, Орта Азия республикаларында, төменгі Еділ жағалауында, Украинаның құрғақ далалық аудандарында, Молдовияда, сонымен қатар, Ростов облысында, Солтүстік Осетияда, Ставрополь мен Краснодар өңірлерінде, Кавказ сыртында алыс Шығысқа егеді [3].

Кәдімгі құмай (сорго обыкновенная) үлкен (биіктігі 6 м-дей болатын) бір жылдық өсімдік. Дәндерін өңдеп, одан крахмал, қант және спирт алады. Солтүстік Шығыс Африкада осыдан 3-5 мың жыл бұрын *Sorghum* туысы пайда болды деп есептелінеді. Ал Қытайға және Индияға 2 мың жыл бұрын жеткізілген. Еуропаға 17 ғасырда таралса Ресейде 19 ғасырдың ортасында әкелінген.

Көп жағдайда құмай мал азықтық дақыл ретінде пайдаланылса, ежелгі Индияда Қытайда, Эфиопияда және тағы басқа елдерде тағам ретінде өсірген.

Америкада 1989 жылғы мәліметтерде құрғақ аудандарда Техас, Канзас, Небраска, Оклахома штаттарында орташа есеппен 80% егіс алқабын құмай алып жатыр. Жылдық дәнінің өнімділігі 15,7 млн. тонна 1 гектардан 3,5 тонна өнім жиналады екен.

Бұрынғы КСРО территориясында 190 мың гектар жерді өсірілген. Қазақстанда, Орта Азия Республикаларында, төменгі Еділ жағалауында, Украинаның құрғақ далалық аудандарында, Молдовияда, сонымен қатар Ростов облысында, Солтүстік Осетияда, Ставрополь мен Краснодар өңірлерінде, Кавказ сыртында, алыс Шығысқа егіледі.

Соңғы кездегі мәліметтер бойынша құмайды ең көп өсіретін елдер 1 кестеде келтірілген.

1-Кесте. Құмай өсімдігін ең көп өсіретін елдердегі соңғы көрсеткіштер (мың/тонна)

Шет елдер	1985	1995	2005
АҚШ	28 456	11 650	9 848
Нигерия	4 911	6 997	8 028
Үндістан	10 197	9 327	8 000
Мексика	6 597	4 170	6 300
Аргентина	6 200	1 649	2 900
Судан	3 597	2 450	2 600
Қытай	5 696	4 854	2 593
Эфиопия	-	1 141	1 800
Австралия	1 369	1 273	1 748
Бразилия	268	277	1 530

Құмай өсімдігінің аталған мемлекеттерде жыл сайын мың тонна өндіріледі [3].

Сабағының ортасы құрғақ немесе балғындау келеді. Жапырағының орта тарамы ақ сары немесе ақ болады. Сабағының биіктігі, түптенуі шағын, буын аралығы қысқа, масағы көбіне жұмыр келеді. Құмайдың дәні, әсіресе, шошқа мен құс үшін жақсы жем азық. Қант құмайының дәні қауызды, дәні қышқыл. Сабағының өзегі балғын және тәтті. Сабақ шырынында 18-19 пайыз қант болады. Жапырағының орталық тарамы жасыл. Түбі қалың, буын аралығы ұзын, масағы шашықты келеді. Қантты құмай жасыл шөп, сүрлем және пішен, дәні концентрат азық ретінде пайдаланылады. Техникалық құмайдың дәні қауызды, қиын жарылатын болып келеді. Сабағының өзегі құрғақ. Жапырағының орталық тарамы ақ. Масағы иілген, ұзын, бұтақша. Құмайдың бұл түрінен сыпырғыш және щетка жасауға, ал жас кезінде көк шөп, пішен және сүрлем салуға да жарайды.

Қант құмайының масағы мен шашағы біргүлді екі немесе үштен орналасады. Басым түрде айқас тозаңданады, алайда өздігінен тозаңдануы да мүмкін [4].

Морфологиясы мен биологиясы. Құмай - жылу сүйгіш, ыстыққа, құрғақшылыққа төзімді өсімдік. Астық тұқымдас даражарнақты өсімдіктерге сабағы бунақталған, іші қуыс (кейбіреуінің қуысына өзек толған), шөптекті, сүректі өсімдіктер жатады. Олардың сабағын сабансабақ дейді. Жапырақтары қатар жүйкеле сабаққа кезектесіп орналасады. Жапырақ негізінен қынап түзеді. Жапырақ алақаны мен қынап аралығында тілше пайда болады. Гүлдері ұсақ. Гүлшоғыры - сыпыртқыгүл, күрделі масақ, собық, күрделі гүлшоғыр. Астық тұқымдастардың көпшілігі азықтық өсімдіктер (мысалы, бидай, күріш, жүгері, тары, т. б.). Жемісі - дәнек, тамыры – шашақтамырлы. Бір жылдық бойшаң тік өсетін өсімдік, жақсы бұтақтанады. Сабағы ашық түсті биіктігі 1-3 м, іші ақ, борпылдақ ұлпамен толтырылған. Сабақтың қалыңдығы 25-30 мм. Тамыр жүйесі шашақты. Негізгі тамырдан жан-жаққа 1,5 метрге дейін таралып, топыраққа 2-3 метрге енеді. Жапырақ тақтасы ланцет тәрізді, ені 5-8 см, балауызбен жамылған. Жапырақтары әдетте төмен қараған, басты жүйесі анық көрінетін, тегіс болып келеді. Құрғақ ауа райында шиыршықталады, бұл оған булану жазықтығын кішірейтуге көмектеседі. Гүлшоғыры – әртүрлі пішінді және түсті, ұзындығы 10-70 см шашақ. Айқас тозаңданатын өсімдік, өздігінен де тозаңдануы мүмкін. Тозаңдары көптеп түзіледі, желмен тасымалданады. Жемісі–дәнек. Дәні–жұмыртқа тәрізді немесе сопақтау болады. Пленкалы және жалаңаш, ақ, алқызыл, қызыл, сары түсті [5].

Экологиясы: Жарық сүйетін, өнімділігі мол, құрғақшылыққа төзімді, дақыл болып табылады. Бұл өсімдік тұздылыққа төзімді, ыстыққа төзімді. Қолайлы температура 20-25

градус. Өсімдері аязға сезімтал. Топыраққа деген талғамы аз немесе топырақ талғамайды. Тіпті тұзды топырақтарда да өсе береді, бірақ тегістілеу, жақсы қызарып, борпылдақ және қопсыған топырақты қалайды. Бастапқы кезде жай өседі, және де арамшөптерге төзімсіз келеді. Құрғақшылықта қант құмайы қатып қала алады, жапырақтары шыршықталады, өсуі әзірше тоқтай тұрады. Қант құмайының толық пісіп жетілуі үшін сортына байланысты вегетациялық кезеңге температураның жиынтығы 20-35-40 градус болуы тиіс. Ең көп тараған сорттары: Кинельское 3, Камышинское 7, Ставропольское 36, Ранний январь днепровский, Оранжевое 160, Кубанский январь, Китайский январь 813, Черный январь, Медовое раннее [6].

Шаруашылықтағы маңызы: Қант құмайы крахмал балауызда және сыра қайнату өнеркәсібі үшін шикізат болып табылады. Өңделген күйдегі дәмі халыққа тағам ретінде қызмет атқарады. Қант құмайының дәнінде ақуыз (11-15%), крахмал (68-73%), май (3,5-4,5%), каротин, витамини В тобы, рибофлавин және дубильді заттар болады. Дәнінен: ұн, жарма, спирт, крахмал алынады. Қант құмайының сабағының химиялық құрамы: су - 65,8%, сахароза - 11,25%, басқа қанттар - 2,75%, клетчатка - 7,32%, крахмал - 5,15%, ақуыз - 2,6%, камеди - 3,31%, пектинді заттар - 0,6, майлар - 0,02. Дәні мен жасыл массасы малға жем ретінде пайдаланылады. Шырынының мөлшері сабағының массасының 80-85 пайызын құрайды. Сабағының шырынынан балауыз, қант, этанол әзірленеді. Құрғақ сабақтарынан хоррозияға қарсы құралдар – қағаз, тоқылған бұйымдар жасалынады. Дәнінің өнімділігі 25-50 тіпті 100 ц/га дейін, сабағынікі 220-500 ц/га болады [7].

Халық шаруашылықтық маңызы: Құмай өсімдігі көп жақты қолдануға болатын дақыл. Оның дәні жемдік, тағамдық, техникалық мақсаттарда пайдаланылады. Жасыл массасы балауса күйінде малды қоректендіруге, сүрлем мен шөп дайындауға кетеді. Дәнінде 10% жуық мүшеге бай ақуыз болады. 100 кг дәнінде – 119 жемдік бірлік, пішінінде – 42,2, жасыл массасында – 23,5 болады. Қант құмайының сабағында шәрбат алуға болатын 10-15% қант болады. Сыпыртқы тәрізді гүл шоғы бар құмай өсімдігінен сыпырғыш щеткалар және басқа да бұйымдар дайындайды. Құмай өсімдігін шапқаннан кейін де жақсы өсіп кетеді және жайылымдық жасыл жем қызметін атқара алады [8].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алабушев А.В. Сорго (селекция, семеноводство, технология, экономика) / А.В.Алабушев, Л.Н.Анипенко, Н.Г. Гурский, Н.Я. Коломийцев, П.Н. Костылев, П.А. Мангуш, О.И. Алабушева. – Ростов-на-Дону: Книга, 2003. – 368.
2. Әрінов Қ.К., Мұсынов Қ.М., Апушев А.Қ., Серікпаев Н.А., Шестакова Н.А., Арыстанғұлов С.С. Өсімдік шаруашылығы. – Алматы: Дәуір, 2011. – 229 – 414 б.
3. Конопьянов К.Е. Агробиологические основы полевых севооборотов на северо-востоке Казахстана: дис.... д-ра с.-х. наук. - Алма-Ата, 1976.-17с
4. Конопьянов К.Е. Выращивание кормовых культур на Северо- востоке Казахстан, - Павлодар, 2000.-164 с.
5. Даниленко, Ю.П. Кукуруза и сорго при орошении на юге России/ Ю.П. Даниленко, А.Г. Болотин //LAP LAMBERT Academic Publishing: Монография. – Германия, 2011. – 236 с.
6. Кравцов, В.А. Влияние минеральных удобрений на урожай и качество зеленой массы сахарного сорго // Кукуруза и сорго 2004. - № 5. -С. 21-22.
7. Омарова А. Ш., Макров В.М., Алмаханов Б.А. Итоги селекционной работы по кукурузе и сорго в Казахстане: сб. науч. тр. НИЦ Земледение и растениеводство. - Алматы: Нурлы Алем, 2004 – С.172-178.
8. Михайловская И.С. Строение растений в связи с условиями жизни: учеб. Пособие для студентов – заочников биологических факультетов пединституттов. – изд. 2-е, перераб. и доп. – М.: Просвещение, 1977, – с. 81-86.

РЕЗЮМЕ

*Киришбаев Е.А., к.б.н., старший преподаватель, Худайбергенова Г.Б., магистрант
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

ОБЩАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА РАСТЕНИЙ СОРГО

В статье предоставлены материалы о растении сорго, которое является устойчивым ко многим стрессовым факторам окружающей среды. Также описана экология и распространение растения сорго и продукты, полученные из него.

Ключевые слова: Сорго, засуха, продуктивность, витамин, сахароза, глюкоза, фруктоза.

SUMMARY

*E.A.Kirshibaeva, c.b.s., senior lecturer, G.B.Hudaibergenova, master student
(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

GENERAL DESCRIPTION OF PLANTS SORGHUM

The article is about a plant of a sorghum which is steady against many stressful factors of environment. The ecology and distribution of a plant of a sorghum and the products received from it also described in the work.

Keywords: Sorghum, vitamins, sucrose, glucose, fructose.

ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE

UDC 004(072)

ASSESSING AND PROMOTING LEARNING

*Zh.B. Bazayeva, master of Pedagogical sciences,
A.S. Makhanova, master of Natural Sciences
(Kazakh State Women's Teacher
Training University, Almaty)*

Abstract: This article will address issues monitoring and evaluation of students' knowledge in higher education. Assessment is a central element in the overall quality of teaching and learning in higher education. Well designed assessment sets clear expectations, establishes a reasonable workload and provides opportunities for students to self-monitor, rehearse, practise and receive feedback.

Keywords: Assessing, promoting, bloom's taxonomy, feedback.

Assessing is the ongoing and frequent process of collecting, analysing and recording of information about student progress towards the achievement of unit of study learning outcomes. It is the process of identifying, gathering and interpreting information about students' learning. An important process of assessment is to determine what students *know* and *can do* in order to assist in designing, modifying and extending appropriate learning and teaching programmes for all students, and adapting teaching methods via reflection and evaluation. The central purpose of assessment is to provide information on student achievement and progress and set the direction for ongoing learning and teaching. (adapted from NSW Board of Studies, 1999)

The ideas and strategies in the *Assessing Student Learning* resources support three interrelated objectives for quality in student assessment in higher education [1].

Three objectives for higher education assessment	1. assessment that guides and encourages effective approaches to learning;
	2. assessment that validly and reliably measures expected learning outcomes, in particular the higher-order learning that characterises higher education; and
	3. assessment and grading that defines and protects academic standards.

The relationship between assessment practices and the overall quality of teaching and learning is often underestimated, yet assessment requirements and the clarity of assessment criteria and standards significantly influence the effectiveness of student learning. Carefully designed assessment contributes directly to the way students approach their study and therefore contributes indirectly, but powerfully, to the quality of their learning.

For most students, assessment requirements literally define the curriculum. Assessment is therefore a potent strategic tool for educators with which to spell out the learning that will be rewarded and to guide students into effective approaches to study. Equally, however, poorly designed assessment has the potential to hinder learning or stifle curriculum innovation.

Why assess?


- Formative Assessment
- Progression
- Classification
- Warranty

The purpose of assessment - summary

- To select
- To certify
- To describe
- To assist learning
- To improve teaching
- To satisfy stakeholders

What do we want to assess?

- Knowledge?
- Skills?
- Attitudes?



Bloom's Taxonomy (1958),

revised by Anderson (2001) [2]



Bloom's Taxonomy (Revised)

- Remembering: recall or remember
- Understanding: explain ideas or concepts
- Applying: use the information in a new way
- Analyzing: interpret, find meaning, distinguish
- Evaluating: make judgments, assess
- Creating: create new product or point of view

Example: Goldilocks and Bloom's Taxonomy

- Remember: How many bears are in the story?
- Understand: Summarize and explain the Goldilocks story
- Apply: Use your knowledge of motivation to explain why Goldilocks went into the house.
- Analyze: How did the bears respond when they found Goldilocks and what does this tell you about their personalities?
- Evaluate: Many cultures have a version of the Goldilocks story – assess the reasons for this.
- Create: Compose a song, skit, poem, or rap to convey the Goldilocks story in a new form.

Modes of assessment

1. Function

Diagnostic -To determine the starting level of knowledge / ability

Formative -Feedback, to help the learner to improve next time.

Summative - For grades / marks, to give the level of attainment.

2. Type

Product - e.g. An essay, a report a design drawing, a poster.

Process - e.g. Group working, Communication skills, Problem solving.

3. Process

Criterion referenced –

- e.g. the driving test
- given standards against which each student is individually judged [3].

Norm referenced –

- e.g. Accountancy exams,
- Students judged against their peers.

Assessment Criteria

- Describe the extent to which a learning outcome has been achieved.
- They provide grounds for judging quality and therefore marking.
- They help make assessment decisions more transparent and this helps co-markers and students [4].

The ways we assess our students can really make a difference to how students learn. There are multiple and complex problems to resolve and solutions are not easy to find (or the brightest minds in the world would have done so already), permanent (as we have to deal with an ever-changing

environment), or universal (assessment is an area where context is of paramount importance; what works well in a medical environment probably doesn't work equally well in a poetry workshop, although there might be some interesting cross-overs). So we are left with the need for professional higher education practitioners to take the lead in ensuring that we do not allow the process to slip out of our hands. We cannot let bureaucratic regulations (whether from within our institutions or nationally) to skew our effective assessment processes. If we find our systems do not allow us to implement a really valuable assessment innovation, for example, then we must find ways to change the system. We need to ensure that decisions about assessment strategies are based on the best available evidence-based research on assessment, rather than on custom and practice or what is easy to do. So we need to keep abreast of new developments, evaluate tried and tested ones and experiment with our own initiatives, preferably within a supportive learning community of fellow practitioners.

REFERENCES

1. Banta T. W. A bird's-eye view of assessment: Selections from editor's notes. San Francisco: Jossey-Bass, 2011.
2. Bresciani M. J. Assessing student learning in general education: good practice case studies. Bolton, MA: Anker Publishing Company, Inc, 2007.
3. RUST C. LTSN Generic Centre Assessment Series No.12. A Briefing on Assessment of Large Groups, York: Learning & Teaching Support Network, 2001.
4. SCHWARTZ P. & WEBB, G. Assessment: case studies, experience and practice from higher education, London: Kogan Page, 2002.

ТҮЙІНДЕМЕ

*Базаева Ж.Б., педагогика ғыл. магистрі,
Маханова А.С., жаратылыстану ғыл. магистрі
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУ

Бұл мақалада жоғары оқу орнының студенттерінің білімін бақылау және бағалау мәселелері қарастырылған. Бағалау, бағалау критерийлері, бақылау түсініктеріне анықтама берілді. Блум таксономиясы туралы ақпарат беріліп, мысалдар келтірілді. Сонымен қатар, студенттердің білімін тиімді бағалаудың кейбір жолдары көрсетілді.

Түйін сөздер: бағалау, бақылау, Блум таксономиясы, кері байланыс.

РЕЗЮМЕ

*Базаева Ж.Б., магистр пед.наук,
Маханова А.С., магистр естест.наук
(г. Алматы, Казахский государственный педагогический университет)*

ОЦЕНИВАНИЕ И КОНТРОЛЬ ЗНАНИЯ УЧАЩИХСЯ

В этой статье были рассмотрены вопросы контроля и оценивания знаний студентов высшего учебного заведения. Даны определения таких понятий как, оценивание, контроль и критерий оценивания. Приведены примеры Bloom's Taxonomy. А также рассмотрены пути эффективного оценивания знаний студентов.

Ключевые слова: оценивания, контроль, таксономия Блума, обратная связь.

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

*А.Ө. Дәулетқұлова, п.ғ.к.
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Қазіргі кезде білім беруге қойылатын талаптарға сай инновациялық әдістерді әр оқытушы сабақтарында қолдануы тиіс. Осындай инновациялық әдістердің математиканы оқытуда қолдануға болатын түрлері қарастырылады. Инновациялық әдістер кестеде беріліп, олардың мазмұны мен сипаттамасы беріледі.

Түйін сөздер: инновация, модификациялық инновация, комбинаторлық инновация, радикалдық инновация, инновациялық әдістер.

«Инновация» сөзі – қазіргі уақытта барлық өндіріс, медицина, техника салаларында өте жиі қолданып жүрген термин. Қазір бұл сөз «Жаңа, өзгеру, жаңаша» деген мағынаны білдіреді және дәл қазіргі жаңа заманға да «Жаңа, жаңаша өзгерудің» мазмұны терең және анық екендігі белгілі. Бұл әдістеменің негізінде үйренушінің дербес қабілеті, белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру жатыр.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуін көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады.

Ал, жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады [2].

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф.Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектсі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық инновация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Жоғарғы білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады», – деп атап көрсетілген. Осыған орай, қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларының оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдалып, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Қазіргі күні инновация деп көбінесе жаңа технологияларды, әдістер мен құралдарды жасау және қолдануды айтса, сонымен бірге жаңа идеяларды, процестерді бірлікте жетілдірудің де жүйесі. Сондықтан оқыту мен тәрбиедегі жаңа технология инновациялық идеяларды енгізу, жаңарту нысаны болып табылады.

Инновация өзінің даму барысында белгілі бір өмірлік даму сатыларынан тұрады:

- жаңа идеяның пайда болуы;
- мақсат қоюшылық;
- тарату және жойылу.

Инновациялық процестерді ендіру үш өзара байланысты күштермен анықталады:

- енгізілген технологияның ерекшеліктерімен;
- жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен;
- жаңалықты енгізу жолдарымен [2].

Сондықтан бұл уақыт ағымына байланысты дамиды, бірқалыпты өзгеріске ұшырайды, жағдайына байланысты тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің өзара байланысы болып саналады. Ағылшын ғалымдарының пайымдауынша, жаңалық көзі арнайы қолданған деректерде, дамушы идеяларда, кітаптарда, педагогтардың, білімді көтеруді ұйымдастырушыларда т.с.с. «Әр жоғары сатыдағы мұғалім әрдайым жаңалықты бастаушы ретінде іс-әрекет жасауы тиіс», – дейді [3].

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, қазір ЖОО білім беру жоспарларына көптеген жаңа, арнайы таңдаулы курстар енгізілген. Сондай арнайы курстың бірі – «Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесіндегі инновациялық әдістер». Бұл курс «Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі» міндетті пәнінің жалғасы ретінде бітіруші 4-курста жүргізіледі.

Математика пәнінің ерекшеліктеріне байланысты инновациялық әдістердің барлығын бірден қолдануға келмейді. Математиканы оқыту – заттық көрнекіліктен біртіндеп абстрактілі-символдық көрнекілікке көшуді ұсынады. Түрлі көрнекі-бейнелік тәсілдерінің сипаттау қызметі арқылы елестету мен көрсетуден математикалық тілдің символдық құралдарын сипаттауға көшуге болады. Арнайы таңбаларды қолдану, табиғи және математикалық тілді бірге пайдалану, логикалық талқылау – математика пәніне тән ерекшеліктер. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, «Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесіндегі инновациялық технологиялар» деген арнайы пәнде 4- курс студенттерімен инновациялық әдістерді саралап, тек математиканың ерекшеліктері мен қасиеттерін ашып беретін кейбір технологиялардың ғана мазмұндық сипаттамасын 1-кестеде ұсынып отырмыз.

Кесте 1 – Инновациялық әдістердің мазмұндық сипаттамасы

Әдістер	Мазмұны
1	2
«635»	6 қатысушы 5 минут ішінде 3 ойды айтады. Схема немесе жазбаша түрде ойларын қорғау керек.
«515»	5 минут ішінде 15 ой айту керек
Шаршы әдісі	1- бет: сипаттаймыз; 2- бет: салыстырамыз; 3- бет: ұқсастығын табамыз; 4- бет: талдаймыз; 5- бет: ұсыныс жасаймыз; 6- бет: иә және жоқ дегенді салыстырып, қорытындылаймыз.
Шынжыр әдісі	Белгілі бір тақырыпқа байланысты сұрақ беріледі. Кім? Не? Не үшін? Қалай? т.б. сұрақтарға жауап беру.
Хокку	Бұл әдіс 5-7 минуттың ішінде 3 жолды өлең құру керек, әр жол 1-3 сөзден тұрады, өлең болып шығуы маңызды емес.
Коллаж	Тақырып таңдалынып алынады. Сол тақырып бойынша алдын ала суреттер әкелу тапсырылады. Сабақ барысында осы тақырыпқа байланысты дайындалған суреттермен газет шығарылады. Газетте сөз, сөйлем, символдар жазылмайды, тек суреттерден құрастырылу керек.
Призма	8 негізгі сұрақтары болады: 1) түрі; 2) қызметі; 3) себебі; 4) өзгеруі; 5) байланысы; 6) болашағы; 7) жауапкершілігі; 8) ой толғау.
Балық сүйегі	

Эмпатия	Кез келген нәрсеге өзіңізді қойып, елестетесіз.
Бағдаршам	<i>Қызыл</i> – жоқ, мен келіспеймін; <i>Сары</i> – маңызды емес; <i>Жасыл</i> – келісемін.
Символдар арқылы түсіндіру	Сабағымыздың мазмұнына байланысты символдарды қалауымызша таңдап алып, сол бойынша проблеманы түсіндіреміз.
Кемпіркөсақ	<i>Қызыл</i> – проблеманың шешімін табу; <i>Қызыл сары</i> – проблеманы шешуде әртүрлі көзқараста болу; <i>Сары</i> – орын ауыстыруға ұмтылу; <i>Жасыл</i> – мағынасын түсінуге ұмтылу; <i>Көгілдір</i> – қайда, қашан қолданылады; <i>Көк</i> – жаңа жақтар, кемшіліктер тұстары; <i>Сиякөк</i> – өткізу түрлері, қалыптасуы.
Автомобильдер әдісі	Мәселені осы автомобильдің бөлшектері ретінде қарастырамыз: - автомобильдің двигателі (мәселенің двигателі); - тормозы; - кілті; - рулі; - каркасы және дөңгелегі; - автомобильдің салоны; - жүк салғышы.
Газет	Алдын ала тақырып таңдап алынады. Газеттің міндетті түрде атын, ұранын беру керек. Газет төрт беттен тұрады: <i>1- бетінде</i> – тақырыпты хроникалық сипаттау; <i>2- бетінде</i> – шығу тарихы; <i>3- бетінде</i> – «Есіңде болсын», «Есіңе түсір» т.с.с. деген тақырыпта материалдар дайындалады; <i>4- бетінде</i> – қызықты материалдар (қызықты есептер, әңгімелер, кроссворд т.с.с.).
Білім ағашы	Өткен мен бүгінгі білімді сабақтастыру. Оқытушы студенттердің ойын сабақтастырып, алма ағашына салады да, оның жемісі ретінде студенттер өткен мен бүгінгі үйренгендерін бейнелейді.
Құрастыру әдісі	Жаңа сабаққа байланысты материалдарды таңдап, маңызына байланысты реті ретімен құрастырады да, сол бойынша сабақ түсіндіріледі.

Әрине, осы әдістердің ішінде көпшілік қауымға белгілі, көп қолданылып жүргендері де бар, мысалы, миға шабуыл, дельфи, т.с.с., біз оларға тоқталмадық. Сонымен қатар, осы әдіс-тәсілдерді оқытушы өз пәнінің ерекшелігіне байланысты түрлендіріп, құрастыруына және қосымша элементтер енгізуіне де болады.

Математиканы оқытуда қолданылатын инновациялық әдістердің басқада түрлерін ары қарай іздеп, талдап қарастыратын боламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007. – 144 б.
2. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения или как интересно преподавать: учебное пособие. – Алматы, 2009. – 344 с.
3. Панфилова А.П. Тренинг педагогического общения. – М.: Академия, 2006. – 336 с.
4. Елубаев С. Математиканы оқыту теориясының негіздері мен әдістемесі. – Алматы, 2009. – 308 б.

РЕЗЮМЕ

Даулеткулова А.У., к.п.н.

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ОПИСАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В МАТЕМАТИКЕ

В статье рассматриваются некоторые виды инновационного метода обучения. Дано краткая характеристика в табличном виде, раскрывая содержание каждого метода.

Ключевые слова: инновация, модификационная инновация, комбинационная инновация, радикальная инновация, инновационные методы.

SUMMARY

Dauletkulova A.U., cand.ped.sc.
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

THE DESCRIPTION OF INNOVATIVE METHODS ON TEACHING MATHEMATICS

The article describes some types of an innovative methods of training. The short characteristic is given in a tabular form, disclosing content of each method.

Keywords: Innovation, modificational innovation, combinational innovation, radical innovation, methods of innovation.

UDC 624.131

CONSTITUTIVE MODELS FOR GRANULAR MATERIAL

H. Chan Dave, Prof.
(The University of Alberta,
Edmonton Alberta, Canada)

Abstract: In the last few decades, there has been considerable development of models for soil and sand. The critical state concept is a powerful and unique framework to describe deformation of granular material. Although the initial critical state model can capture much of the essential characteristics of soils, it is deficient in describing the deformation of sand. In this paper, the important characteristics of the critical state concept will be discussed and its shortcomings, especially for used in sand, will be elaborated. New concepts in capturing the deformation of sand will be presented. It is noted that there are still much improvement needed in modeling sand especially in capturing the fabric and anisotropy of the material.

INTRODUCTION

The mechanical behavior of granular material is of considerable interest in the last few decades because of increasing use of granular material in engineering structures such as rock fill dams, tailing dykes and road embankments. The mechanical response of granular material can be described using a constitutive model which relates material deformation to the changes in stresses. Granular material consists of an assembly of individual particles of various sizes and shapes. Since there is usually no bonding between the particles, ie cohesion is zero, the strength of the material is basically determined by the frictional contacts between the grains. It should be noted that the friction of the granular assembly is different from the frictions between the grains, Horne (1965a, 1965b, 1969). Typically the soil friction is higher than the particle friction due to particle rolling, interlocking and volume changes of the material. The well-known dilation equation given by Rowe, 1962, provides the increase in resistance of the granular assembly due to its volume change. It is realized that volume change plays an important role on the mechanics response of granular material. The increase in volume, dilation, of a densely packed granular assembly gives rise to an apparently negative energy consumption that cannot be modeled using elasticity theory. When a material is initially in a loose state, shear deformation will result in contraction and densification of the material. Although the material becomes denser, stronger exhibiting hardening effect, contraction can lead to decrease in effective stress under undrained condition. This may result in liquefaction for very loose material under rapid loading. If the material is deforming under continuous

application of shear stresses with no changes in volume, the state of the material is referred to as the Critical State.

THE CRITICAL STATE FRAMEWORK

The concept of critical state is central to the development of modern theories in describing granular material deformation. It is a state of no volume change, no changes in shear stress (q) and no changes in mean effective normal stress (p) under continuous shear deformation. To reach critical state, the material has experienced considerable shear deformation and therefore the initial structure of the material is usually destroyed. Regardless of the initial volume of the material, shear deformation will go towards the critical state, (Roscoe and Schofield, 1963, 1963a). Once it reaches the critical state, there is no tendency of further volume change under the application of shear stresses and therefore the material will not leave the critical state. Figure 1 illustrates the relationship between shear and volumetric deformation of a model under this critical state framework. It is noted that in this framework, shear deformation results in equivalent compression or consolidation of the material if it is wet of critical. For example, shear deformation from points A to B results in an equivalent compression of the material with an increase in the mean effective stress P from P_A to P_B . This would result in a change in the volume, or void ratio (e), of the material from e_A to e_B . On the other hand, an increase in the mean effective stress from p_A to p_B will increase the yield surface A to B and therefore the material becomes harder, or stiffer. This interconnected relationship between the volumetric strain and shear yield surface is an important feature of this critical state framework.

It should be noted that the region bounded by the normal consolidation line (NCL) and the critical state line (CSL) is considered to be a region called wet of critical. If the (p , e) state of the material lies in this region, the soil has a tendency to contract during shear deformation. Therefore when reaching the critical state, the soil will be denser and exhibits a strain hardening behavior. If a soil has a (p , e) state that lies below the critical state line, it will have a tendency to dilate, or increase in volume, during shear deformation. The soil is considered to be dry of critical and it will result in a larger volume when it reaches the critical state. The slightly looser soil will exhibit a softening behavior. In this framework, all points below the NCL, whether in a dry or wet state, can only be reached by unloading from the NCL and the soil will be overconsolidated. A soil with a state above the NCL is not permissible since it is not in a stable state. It is also assumed in this framework that the CSL and NCL are unique for a soil.

3) осуществляется активизация научно-исследовательской деятельности студентов на основе создания и разрешения проблемных ситуаций, способствующих «включенности» студентов в активную мыслительную деятельность, направленную на расширение диапазона знаний о научном исследовании, на развитие логических форм мышления (анализа, синтеза, сравнения, обобщения и др.), приобретение первоначального опыта научно-исследовательской деятельности [2, с.28-29].

Итак, научно-исследовательская работа студентов является важным фактором при подготовке молодого специалиста и ученого. Выигрывают все: сам студент приобретает навыки, которые пригодятся ему в течение всей жизни, в каких бы отраслях народного хозяйства он не работал: самостоятельность суждений, умение концентрироваться, постоянно обогащать собственный запас знаний, обладать многосторонним взглядом на возникающие проблемы, просто уметь целенаправленно и вдумчиво работать.

Научно-исследовательская деятельность студентов позволяет наиболее полно проявить индивидуальность, творческие способности, готовность к самореализации личности, как педагога профессионального обучения так и его воспитанника. Несмотря на обширную нормативно-правовую базу в данной области, развитие методологии и методики исследовательской подготовки в высшей школе, на деле данному виду деятельности уделяется недостаточно внимания. Необходимо уделять внимание вопросу о готовности студентов к научно-исследовательской деятельности. Процесс исследования индивидуален и является ценностью как в образовательном, так и в личностном смысле, поэтому необходимо совершенствовать подходы к научно-исследовательской работе, для того чтобы сделать этот процесс наиболее интересным и продуктивным.

Таким образом, научно-исследовательская деятельность студентов является необходимым условием их профессионального самоопределения, выступает как часть целостного, длительного, динамического процесса вхождения в профессию и как результат выбора и проектирования ими предстоящей профессиональной деятельности. Включенность студентов в исследовательскую деятельность во многом определяет эффективность их социального и профессионального становления.

Следовательно, научно-исследовательская деятельность студентов вуза является также эффективным средством формирования знаний, умений и навыков, необходимых для личностного и профессионального самоопределения. Она не только стимулирует и мотивирует личностное и интеллектуальное развитие, содействует продолжению образования, но и выступает в качестве одного из гарантов успешности прохождения процесса профессионального самоопределения в целом.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Колдина М.И. Подготовка к научно-исследовательской деятельности будущих педагогов профессионального обучения в вузе: дисс..., канд. пед. наук. – Нижний Новгород, 2009. – 189 с.
2. Галиуллина Ф.Ш. Формирование навыков научно-исследовательской деятельности у студентов педагогического вуза. Текст.: Дис..., канд. пед. наук. – Казань, 2008. – 212 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бегайдарова Р.Н., аға оқытушы

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

СТУДЕНТТИҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫМЕН АЙНАЛЫСУЫ – ТАБЫСТЫ МАМАН БОЛУДЫҢ КЕШЛІ

Мақалада жоғары оқу орындарындағы студенттердің кәсіби өзіндік ұйғарымын көтеру мақсатында ғылыми-зерттеу қызметіне даярлық мағынасының сұрақтары қарастырылып, оның құрылымының бастапқы алғышарттары айқындалады. «Ғылыми-зерттеу қызметіне даярлық» деген ұғымдарға түрлі көзқарастар талданып, ғылыми-зерттеу және зерттеу қызметіне өзіндік ұйғарымдары дәлденеді.

Түйін сөздер: ғылыми-зерттеу қызметі, ғылыми-зерттеу жұмысына даярлық, студенттердің өзін-өзі басқаруы.

SUMMARY

R.N. Begaidarova, senior teacher

(Kazakh State Women's Teacher Training University)

RESEARCH ACTIVITIES OF THE STUDENT - A PLEDGE OF THEIR SUCCESS IN PROFESSIONAL ACTIVITY

The article discusses the values of commitment to research activities of high school students for their professional self-determination. Different points of view on the concept of «willingness to research activities», concretized definition of research and research activities, and their relationship with the concept of «research work» in the context of professional self-determination.

Keywords: research activity, readiness to research activity, professional self-determination of students.

ӘОЖ 94(574)

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАЛҒАР ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ

М.Д. Рахимжанова, оқытушы

А.А. Берікболова, студент

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Талғар қалашығының тарихы терең зерттеліп, бұл өлкенің орта ғасырлық Қазақстан тарихындағы қалалық мәдениеттің ең үлкен орталығы болғандығын танып білу қолға алынған және дәлелденген. Зерттеулер мен деректер негізінде Талхир қалашығының 70-жылдардың екінші жартысынан бастап Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының Т.В.Савельева жетекшілік ететін экспедициясы ғылыми зерттеу жүргізді. 1994 жылдан бері қазба жұмыстарына америкалық ғалымдар, Германия, Жапония, Израиль зерттеушілері де дәлелдеп зерттеген. Ежелгі Талхирдің орнында көп жылдар бойы зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Олардың қатарына археологтар ғана емес, сонымен бірге эколог, геоморфолог, топырақтанушы, полиоботаник, палеозоологтар да тартылған. Қала тұрғындары сауда, қолөнермен қоса ауыл шаруашылығымен де, аңшылықпен де айналысқаны назарға алынған.

Түйін сөздер: Талхир (Талхиз), қалалық мәдениет, тұрғын үйлер, қазба байлықтар, зерттеу жұмыстары, шаруашылығы.

Ежелгі Талхир қалашығы Алматыға таяу жерде орналасқан Талғар қаласының оңтүстігінен, жағалаулары тіп-тік келген, арнасы толы, ағыны қатты, күндіз-түні гүрілдеп ағып жататын өзеннің жанынан табылған. Бұл өзен Талғар деп аталады. Қаланың аты сол өзеннің атауынан шыққан. Іле Алатауының биік шыңы да солай аталады. Оның алыстан көз тартатын ақбас шыңдарын ежелгі Жібек жолынан, яғни қазіргі күні оның орнын басқан Алматыны Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарымен және Қытаймен жалғастыратын автомобиль магистралінен солтүстікке қарай 100 км қашықтықтан байқауға болады. Енді осы Талғар қаласының маңынан, тау шатқалының шыға берісіндегі оң жағалаудан аршылып алынған ежелгі қаланы картадан іздеп көрелік. Назарымызды Талхир (Талхиз) атауы бірден өзіне тартар еді. Бәрінен бұрын оның дыбыстық құрамы бізге жақсы таныс, Талғар сөзімен үндес, ұқсас [1]. Ежелгі Талхирдің орнында көп жылдар бойы зерттеу жұмыстары жүргізілді. Мұндағы археологиялық жұмыстарды, алдымен Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті) И.И.Копылов басқарған экспедициясы қолға алып, 70-жылдардың екінші жартысынан бастап Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының Т.В.Савельева жетекшілік ететін экспедициясы атқарды. 1994 жылдан бері қазба жұмыстарына америкалық ғалымдар, Германия, Жапония, Израиль зерттеушілері қатыстырыла бастады. Олардың қатарына тек археологтар ғана емес, сонымен бірге эколог, геоморфолог, топырақтанушы, полиоботаник, палеозоологтар да тартылған. Ежелгі елді мекендердегі қазба жұмыстардың қаншалықты маңызды екенін ескерер болсақ, бұл түсінікті. Өйткені көне ескерткіштерді зерттеу – өте қиын да, жауапты іс. Сондықтан да мұндай жұмыстар түпкілікті әрі кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Мысалы, қазба кезінде табылған жануарлардың сүйектеріне қарап, қалалықтардың қандай мал ұстағанын, палеозоологтар, қалашықтар мен оларға жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындары бақшаларында не өсіріп, қандай шаруашылықпен айналысқанын палеоботаниктер зерттейді. Палеосейсмологтар болса, қала өміріне ылғи да өз кесепатын тигізіп отырған табиғат апаттарынан, зілзала зардаптарынан қалған іздерді (қала орнын аршу кезінде жер сілкіністері болып тұрғаны анықталды), олардың әсерін тексереді.

Көп жылдарға созылған осындай қазба жұмыстарының барысында Талғардың жалпы көрінісімен қоса қаланың салыну жоспарын, тұрғындарының өмір салты мен немен шұғылданғандарын, тұрғын үйлер мен қорғаныс құрылыстарын, олардың тұрмысқа қажетті жағдайлармен жабдықталуын, сумен қамтамасыз етілуінің сипаттарын ашуға мүмкіндік туды. Кәсіпкерлер шеберханаларының қалдықтары мен қыштан, темірден, қоладан, шыныдан жасалған бұйымдардың арқасында көзешілік, ұсталық, зергерлік сияқты кәсіптердің даму деңгейі анықталды. Сондай-ақ Талхирдің X-XIII ғасырларда Иранмен, Қытаймен, Орта Азиямен, Үндістанмен, Жапониямен жасаған халықаралық байланыстары айқындалды. Тарихи деректерге үңілсек, осы өңірде б.з.д. VIII-III ғасырларда сақ тайпаларының одағы қалыптасқан. Олар б.з.д. IV ғасырда Жетісуда өз мемлекетін құрған. Кейінірек, б.з.д. III ғасырда бұл мемлекетті б.з. V ғасырына дейін өмір сүрген ежелгі үйсіндер мемлекеті алмастырады.

Ежелгі сақтардың мәдениеті туралы Есік обасында жерленген атақты Алтын адамнан, ал сақтар мен үйсіндердің тұрмыс салты жайлы Талғар маңындағы қоныстардың қазбасынан білеміз. Оған қоса олардың көшпелі мал шаруашылығымен айналысқандары, бидай, тары, арпа дақылдарының бірнеше түрін өсіргендері, егістерін арықтар арқылы суғара білгендері де анықталды. Талхир қала ретінде, шамасы, осындай қоныстардың бірінде б.з. VIII ғасырында пайда болып, X-XIII ғасырларда гүлдену шегіне жеткен [2]. Қазба жұмысы барысында қаланың ортаңғы бөлігінде 6 қазба орны мен қалашықтың орны анықталған.

1. Қазба жұмысы барысында (1970 ж.) 13,5x8,5 м (115м²) өлшемімен қалашықтың

орталық бөлігінің батыс бұрышы анықталған.

2. Қазба жұмысы кезінде (1970 ж.) 12x16м өлшемде алдыңғыдан 120 м солтүстік-шығысқа қарай қаланған.

3. Қазба жұмысы барысында (1987 ж.) 123м² (12,7x9,7) көлемде оңтүстік батыстағы бұрыштағы мұнараның жанына және іштей оңтүстік-шығысына қамал қабырғасымен қиыса қаланған.

4. Қазба жұмысы кезінде Талхирдің жалпы көрінісімен қоса қаланың салыну жоспарын, тұрғындарының өмір салты мен немен шұғылданғандарын, тұрғын үйлер мен қорғаныс құрылыстарын, олардың тұрмысқа қажетті жағдайлармен жабдықталуын, сумен қамтамасыз етілуінің сипаттарын ашуға мүмкіндік туды.

5. Қала бір-бірімен қиылысатын көшелер арқылы тор жасап, кварталдарға бөлінген. Әр кварталда 12-14 үй-жай болған. Олардың өзі тар көшелер арқылы өзара байланысып жатқан. Мұндай кварталдарда, сірә, туысқан адамдар тұрған болуы керек.

6. Үй-жайлардың өздеріне тән белгісі, құрылымы болған: олар үйдің өзінен және ауласынан құралған. Ауланың үлкен-кішілігі үй қожасының тұрмыс жағдайына, дәулетіне байланысты. Өйткені қалада қай уақытта да жер қымбат екені белгілі. Осындай үй-жайдың бірін сипаттап көрейік. Бұл үй кварталдың бұрышында орналасқан. Мұқият назар салған адам ертедегі әрбір үйдің екі бөліктен тұратынын байқауына болады. Оның кіші бөлігі – тұрғын-жай да, үлкені – шаруашылыққа және мал ұстауға арналған қора-жай. Тұрғын-жай мен мал қораға кіретін есіктер бөлек, әрі бір-бірінен алшақ орнатылып, әр жаққа қаратылған. Мал қораның есігі бірден үлкен көшеге шығуға және малды жайылымға, суға айдап баруға қолайлы болу үшін оңтүстікке қарай ашылған. Тұрғын-жайға кіретін екі есік батысқа қараған. Олар квартал ішіндегі тар көшеге шығуға ыңғайлы. Талхирдың тұрғын кварталдарында қатты қыстың өзінде суық онша білінбейтін болған. Өйткені қалың, биік қамал қабырғалары мен тар көшелер жел өткізбейтіндей етіп салынған.

Үй-жайдың қабырғаларын көтеруге, негізінен, кірпіштер мен ірі-ірі жұмыр тастар қолданылған. Оның төменгі бөлігін, іргесін биіктігі шамамен қабырғаның бүкіл биіктігінің үштен біріндей етіп, жұмыр тастардан қалап, топыраққа тереңдете ендірген. Бұл қабырғаның берік және үйдің табиғи апаттарға төзімді болуын ойластырғандарын байқатады. Сондай-ақ қыста суықты, желді жібермей, жылыны ұстап тұру үшін де оның пайдасы ескерілген.

Үй қабырғасының жоғарғы бөлігін кірпіштерден өріп шығарған. Мұндай кірпіштер лай-балшықтан құйылып жасалған. Іргені қалайтын жұмыр тастарды бір-бірімен байланыстырып, қиюластырып бекіту үшін де осы лай балшықты қолданған. Үй ішіндегі бөлмелерді бөліп тұратын ішкі қабырғалар да сондай кірпіштерден қойылған. Қабырға құрылысының беріктігін, төзімділігін арттыру, жер сілкінісінен қорғану мақсатында оның ара-арасын ұстату үшін әбден шайыр сіңген, қанша жыл тұрса да шірімейтін, Тянь-Шань шыршасын бірге қалаған. Үйдің тұрғын-жай бөлігінің төбесі шатырмен жабылған. Мұның, әсіресе, жауын-шашын көп түсетін таулы аудандарда маңызы зор болған. Шатырға негізгі тіреуіш ретінде үйдің сыртқы қабырғалары пайдаланылған. Ол үшін қабырғаның жоғарғы кемерінен ойықтар жасалады немесе қабырғаның үстіңгі жиегін бойлай қима ағаштардан шатырды бекітетін жақтаулар орнықтырылады. Ойыққа не болмаса қабырғаның үстіндегі қорапқа диаметрі 14-20см болатын белағаштар көлденеңінен бастыра қондырылады.

Тұрғын-жайдың биіктігі орташа есеппен 3 метрге жетеді. Көлденең белағаштар бекітілгеннен кейін оның үстіне диаметрі 6-10 см қадалар тігінен орнатылады. Осылайша, үй шатырының шарбақ «торы» – қаңқасы тұрғызылады. Содан кейін оны, алдымен, бірнеше қабат қамыстармен немесе ағаш бұтақтарымен жабады, одан соң құрғақ шөп төсейді, ең сыртынан күл араласқан балшықпен сылайды. Тегіс етіп жасалған мұндай шатыр еріген қар мен жаңбыр суын өткізбейтін болған. Мал ұстайтын қоралардың төбесі жайпақ, тегіс әрі жеңіл етіп жасалған. Әдетте олар тек шөппен немесе қамыс, сабанмен жабылған. Ортағасырлық Талхир қаласында сол кездің өзінде тұрмысқа қажетті барлық жағдайлар

жасалған. Тұрғындардың өмір сүру дәрежесі біршама жоғары болған. Мәселен, археологтардың анықтауынша, оның басты көшелеріне тас төселіп, қыш құбырлар арқылы қалаға ауыз су келіп тұрған. Пайдаланылған су арнайы жасалған құдықтарға жеткізіліп, қаланың сыртына шығарылып отырған.

Талғар қаласы өз заманында халықаралық және жергілікті сауда орталығы ретінде де кеңінен дамыған. Сауда қалалықтар мен ауыл тұрғындарының өмірінде маңызды рөл атқарған. Қалада тұратын қолөнершілер қыштан, мыстан ыдыстар, алтын, күміс, қоладан әшекей заттар жасап, темірден балта, пышақ, қазан, есік ілмектерін, соқа ұштарын, ағаш шеберінің құрал-саймандарын соғып, өз өнімдерін саудаға шығарған. Сүйектен де неше түрлі заттар жасау ісі жолға қойылып, өзінің шарықтау шыңына жеткен. Талғар қаласының шеберлері бұл үшін жабайы аңдар – қой, жылқы, сиырдың сүйектері мен мүйіздерін пайдаланған. Оны біз қазба жұмыстарының қолда бар мәліметтеріне қарап айта аламыз. Қала маңайындағы аймақтарда тұратындар да шаруашылық өнімдерін: астық, жеміс-жидек, көкөніс, ет, жүн, т.м.м. қалаға өткізуге әкеліп, одан түскен ақшаға қала қолөнершілерінің бұйымдарын сатып алған [3]. Сонымен қатар Ұлы Жібек жолындағы халықаралық сауда да қала тіршілігіне үлкен ықпал еткен. Себебі, Жібек жолы дәл осы жерден жан-жаққа тарамдалғандықтан, Талхир керуен жолдарының тоғысқан жерінде, түйілісінде орналасқан. Оның бір тармағы солтүстік-батыс бағытта Талғар өзенінің бойымен төмен өтіп, Іле өзенінің өткеліне қарай кететін де, сол жерден Жоңғар Алатауына, Алакөлдін жағасына жетіп, одан әрі Қытай асатын. Екінші тармағы шығысты бағытқа ала қазіргі Шелекті басып өтіп, Шарын шатқалымен, әрі қарай Іленің оң жағалауын бойлай қазіргі Жаркент, Қорғас жерімен Қытайға жететін немесе Шелектің үстімен жүріп отырып, одан әрі қазіргі Райымбек (Нарынқол) ауданының жері арқылы да Қытайға апаратын. Талғарда әр елден келген саудагерлер түсетін өздерінің арнаулы керуен-сарайлары болған. Олар осы жерде аялдап, сапарларын әрі қарай жалғастыратын. Саудагерлер әкеле жатқан тауарларының бір бөлігін Талғар базарында сатқан немесе ондағы «кеден қызметіне» ақы ретінде төлеген, қала әкімдеріне қымбат та сирек кездесетін заттарды сыйға тартқан. Бұған дәлел: қала тұрғындарының үйлерін аршу кезінде Қытайдан әкелінген қола айналар, фарфор ыдыстар, Ирандық қола құмыралар мен табақтар, алыс Үнді жерінен келген дандан (піл сүйегінен жасалған) бұйымдар, Самарқандтың өрнекті қыш ыдыстары, тіптен қиырдағы Жапонияның фаянс табағы да табылды. Табақта алтын зерлі киім киген адамдар теңіз көрінісінің аясында бейнеленген [4]. Еуразия қалаларында соғылған бақыр ақшалардың Талғар қаласынан табылуы да – сонау бір алыс замандағы сауданың қаншама кең көлемде жүргенінің нақты айғағы. Қала тұрғындары сауда, қолөнермен қоса ауыл шаруашылығымен де, аңшылықпен де айналысқан. Қалалықтардың көбінің үйінде базарға шығарылатын астықты сақтауға арналған үлкен қоймалар болған. Мал қораларында жылқы, түйе, ешкі ұстаған. Қоян, борсық, түлкі, ешкі, киік, арқар секілді аңдарды аулаған. Осы жануарлардың сүйектері мен сүйектен жасалған заттар – қазба жұмыстарында жиі кездесетін олжалардың бірі. Ортағасырлық Талғарда жүргізілген қазба жұмыстары оның Жібек жолы бойындағы ірі қала, қолөнер, сауда, ауыл шаруашылығы мен мәдениет орталығы болғанын дәлелдейді. Қала орнындағы археологиялық зерттеу әлі күнге дейін жүргізіліп жатыр және жыл сайын жаңа мағлұматтармен толығуда. Ежелгі Талхир қаласының шеберлері – өз ісінің нағыз маманы, ал Талғар – Шығыстағы сирек кездесетін темір қорытатын орталықтардың бірі болған. Атақты құрыш болат осы жерде өндірілген. Қаладағы ұсталық өнер жоғары даму деңгейімен ерекшеленеді. Оған дәлел: археологтар темір бұйымдарының бай жиынтығын тауып отыр. Олар қару-жарақтар – қанжар, пышақ, жебе ұштары, сауыт бөліктері, дулыға сынықтары; еңбек құралдары – бақшада қолданылатын пышақтар, балта, соқа тістері; үй заттары – құлыптар, сандық белдемелері, шынжыр, май шамдар және көптеген басқа да заттар.

Талхир қаласы XIII-XIV ғасырларда құлдырай бастады. Оның себебі моңғол хандарының өзара алауыздықтары, бітіспес соғыс еді. Бұл соғыстан отырықшы қала халқы зардап шекті. Соғыс кездерінде суғару жүйелері қиратылып, егістіктер тапталды, сауда

нашарлады. Қалалықтар Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның анағұрлым тыныш аудандарына қоныс аударуға мәжбүр болды. Талхир біртіндеп кішірейіп, бос қалды. Алайда егін егіп, мал шаруашылығымен айналысқан отырықшы халық осынау құнарлы, жақсы суарылатын жерде өмір сүруін жалғастыра берді. Осы арадағы егінші қазақтар жайлы XIX ғасырды орыс саяхатшылары, ал қазақ даласы мен Талғар өзенінің алқабындағы отырықшы қазақтар туралы естелік қалдырды [5]. Талғар қаласының орны бүгінде жан-жағы мүжілген дуалмен қоршалған төрт бұрышты алқап түрінде сақталған. Бекініс ішінің аумағы 9 гектарға жуық. Дуалдың өн бойында және бұрыш-бұрышында мұнаралары болған. Дуалдың іргесінде терең қазылған орлардың орны бар. Талғар қаласындағы тұрғын үй-жай адам тұратын бөліктен, үйдің өзінен, үлкен ауладан тұрған. Үй-жайға екі жақтан кірген. Ені 2 метрге жетер-жетпестен біреуі оңтүстік жақ қабырғаның орта шенінен аула мен үйдің ортасындағы діңгекке орнатылған. Кіреберістегі алаң сәкі түрінде жасалған, тастардың аралары балшықтан бекітілген. Осынау қақпалар арқылы аулаға мал айдап кіргізген. Бұл ескі қаланы шығыстан батысқа қарай бөліп, өзенге барып құлайтын үлкен жолға қаратылған. Екінші есік батыс жақ қабырғадан көрші үйге таман жасалған да, өзен бойлай созылған тар көшеге қарай шығарылған. Үй мен судың ең жақын тұсы да осы. Жеті бөлмеден тұратын тұрғын үй бөлігі жерді қазып жасалған құрылыс түрінде сақталған, қабырғаларының іргетасы тас пен үлкен қойтастардан қаланып, балшықпен ұстатылған. Қаланған тастың ойқы-шойқы тұстары да балшықпен сыланып тегістелген. Үйдің ішкі қабырғаларының табанына диаметрі 0,4-0,6 метрлік тастар төселген. Мекенжайдың тұрғын бөлігі мен ауласын қазу кезінде заттық материалдар, негізінен алғанда құйылмаған қыш ыдыстардың сынықтары сүйектен, металдан, шыныдан жасалған түрлі бұйымдар, сондай-ақ көптеген сүйектер жиналған. Металл бұйымдардың ішінде пышақ сынықтары, жебенің екі ұшы, ілгек, таға, садақтың сүйектен жасалған қапсырмалары, әсем айыр бастар, алқа түйреуіш, білезік, басқа да әшекей бұйымдары бар. Қыш бұйымдар жиынтығында қазан түрінде жасалған ыдыстар мол. Қазандарда әшекей салынбаған. Үлкен келі табылған, оның түптеріне әшекейленген құйма құйылған, оның бірнеше сынығы табылған. Олар ас құюға және су әкелуге арналған құмыралар болып бөлінеді. Құмыралар әртүрлі көлемде жасалынған. Мысалы: құмыра кісі көлемде жасалынған, кейбірі бір немесе жарты метрлік көлемде құйылған. Осы табылған құмыралар басқа бұйымдармен бірге бүгінде Республикалық мұражайдың сөрелерінде сақтаулы тұр. Жалпы Талғар қаласының орнынан табылған бұйымдар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің тарих бөлімінің мұражайында және Талғар қаласындағы 4 кәсіптік-техникалық мектеппен И.Ф.Халипов атындағы орта мектептің мұражайларында жинаулы тұр. Сонымен Талхиз қалашығының мекенжайлары екі түрлі болған. Оның бірі – киіз үймен бірге де, екіншісі – киіз үйсіз болған. Тұрғын бөлігі екі не одан да көп бөлмеден және екі-үш түрлі тәртіппен орналасқан шаруашылық бөлмелерінен тұрған. Бірқатар үйлерде оның көлемді болуы оның астық қамбалары да кіреді. Әр үйдің нан пісіретін тандырлары болған. Талхиз қаласында су құбыры тартылған, қыштан құйылған 22 су құбырының бөліктері табылып отыр. Мұндай құбырлар Отырар сен Сығанақ қалаларында жүргізілген екен. Көне Талхиз және Түнк қалаларының осылай дамуына Ұлы Жібек жолының әсері үлкен болған. Осы қалада тұрған елдің саяси, шаруашылық және мәдени өміріне зор әсерін тигізген, оған дәлел Талғар орнынан табылған тарихи бұйымдар. Сонымен Ұлы Жібек жолымен таратылған көне бұйымдар жеткен жерлерінде белгілі бір этникалық-мәдени ортаның әлеуметтік тағылымға қарай тапсырыстар жасауына жол ашты. Сонымен Талғар қаласының мәдениеті өте бай әрі құнды болып отыр. Орыс ғалымдары В. Бартольд, А.Н.Бернштам көп еңбек сіңірсе, қазіргі кезде Қазақстан ғалымдары Ақышев Кемал Ақышұлы, Карл Молдахметұлы Байпақов, Тамара Владимировна Савельева сияқты археолог мамандар әлі күнге дейін зерттеу үстінде.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы, 2005.
2. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. II том. – Алматы:

Атамұра, 2010. – 640 б.

3. Пірімбетова М., Сәтбай Ә. Талғар тарихи – ұрпаққа мұра. – Талғар, 1998.

4. Байпақов К. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы, 1998.

5. Савельева Т.В. Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі VIII-XVIII ғасырлардағы отырықшылар мәдениеті. – Алматы, 1994.

РЕЗЮМЕ

*Рахимжанова М.Д., преподаватель, Берікболова А.А., студент 1 курса
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

СРЕДНЕВЕКОВАЯ КУЛЬТУРА ГОРОДА ТАЛГАР

В этой статье рассмотрена история культуры средневекового города Талгар. Исследуются вопросы о городах, об их строительстве, их архитектурных сооружениях, а также достижения в средневековья.

Ключевые слова: Талхир (Талхиз), городская культура, жилища, полезные ископаемые, исследовательские работы, хозяйства.

SUMMARY

*M.D. Rakhimzhanova, teacher, A.A. Berikbolova, 1st course student
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

MEDIEVAL CULTURE OF TOWN TALGAR

This article discusses the cultural history of the medieval town of Talgar. Investigate the question of cities of their construction, their architectural structures, as well as developments in the Medievals.

Keywords: Talkhir (Talkhiz). The culture of the city. Villas. Copan wealth. Researching works. Economy.

ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY – PSYCHOLOGY

ӘОЖ 341

А 23

ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

*И.Ә. Әбеуова, п.ғ.к., доцент,
Т.Н. Қараева, аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақала өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытудың өзекті мәселелеріне арналған. Белгілі жас кезеңдерінде өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту объективті заңдарға бағынатынын айта кеткен жөн. Көп нәрсе әлеуметтік ортаға, әрбір баланың өзін-өзі тануы мен өзін-өзі дамыту үдерісіне қолдау көрсету мен жол сілтеуді өз міндетіне алатын ересектерге тәуелді болады. Тұлғаның өзін-өзі дамыту мәдениетіне алып келетін, өзін-өзі жүзеге асырудың, өзінің тіршілік етуінің, Адамның Жердегі миссиясының орындалуының алғышарттарын жасайтын өзін-өзі тәрбиелеу мәдениеті бұл үдерістерді олардың қалай ұйымдастыра алатындарына, оған өздері қаншалықты қамтылғандықтарына байланысты.

Түйін сөздер: өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бекіту, өзін-өзі жетілдіру.

Өзін-өзі тәрбиелеу мәдениеті – мақсаттарды белгілеудің, құралдарды таңдау мен нәтижелерге жетудің, өзін, өзінің тұлғалық сапаларын, психикалық үдерістері мен ерекшеліктерін, мінез-құлықтық қызметін, әлеуметпен және әлеммен тұтастай өзара әрекеттесуін бекіту мен қайта құрудың жеке түсінілетін және әлеуметтік құнды тәсілдерін қамтитын күрделі де кең ұғым. Өзін-өзі тәрбиелеу мәдениеті туралы мәселе кездейсоқ пайда болмайды және кім де болса, өзін-өзі тәрбиелеумен айналысатынымен шартталынады, бірақ бұлайша айналысу барлық уақытта әлеуметтік маңызды сипат ала бермейді, жеке тұлғасын өздігінен құру барысында себептілік пен бірізділік заңына бағынады.

Көрсетілген белгілер өзін-өзі тәрбиелеу мәдениетінің маңызды көрсеткіштері болып табылады. Шын мәнінде, егер тұлға жеке өзімшіл мотивтерін қанағаттандыру, билікке және басқаларға өктемдік жүргізуге қол жеткізу, басқаларды жою, жаншу, қоғамға залал келтіретін тұлғаның әлеуметке қарсы қасиеттері мен сапаларын жетілдіру үшін ғана өзін-өзі тәрбиелеумен айналысатын болса, мұндай өзін-өзі тәрбиелеудің мәдениетпен еш арақатысы жоқ.

Өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттары мен ниеттері игі, ал өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі жүзеге асыру мотивтері тек нақты қоғам мен әлеуметтің (мысалы, тоталитарлық қоғамда осы қоғамның идеалына сай келетін өзін-өзі тәрбиелеу құнды болады: өз бойында буржуазияға, сонымен қатар «халық жауларына» деген өшпенділікті тәрбиелеу сталиндік тәртіпте; өз бойында арийлік емес басқа халықтарға деген өшпенділікті тәрбиелеу гитлерлік Германияда қолдау тапқан және т.с.с.) талаптарына ғана емес, жалпыадамзаттық құндылықтарға қатысты болуы тиіс. Осылайша, өзін-өзі тәрбиелеу мәдениеті, бұл – жалпыадамзаттық идеалдармен: Ақиқатпен, Сұлулықпен, Мейірімділікпен, Қиянат жасамаумен және т.б. әрекеттесетін тұлға сапалары мен мінез-құлық тәсілдерін өз бойында өзіндік бекіту мен өзіндік жетілдіруге тырысу және адамның өзін-өзі барынша толық жүзеге асыратын және өзін-өзі өзектендіретін тәсіл.

Мәдениеттің өзге белгісі өзін-өзі тәрбиелеудің жүйелілігі. Жүйелілік дегеніміз – жүйенің әрбір бөлшегі нақты міндетті шешетін, өз рөлін атқаратын, жиынтықты түрде тіршілік етудің ауыспалы жағдайларында тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы мен өзін-өзі өзектендіруінің үздіксіз үдерісін қамтамасыз ететін өзін-өзі танудың, өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамытудың органикалық байланысы мен өзара шарттасуын білдіреді. Егер өзін-өзі тәрбиелеу үзік-үзік жүзеге асатын, белгілі жүйесіз, жеткілікті мотивациялық негізсіз, ерік арқылы жай ғана өзін-өзі мәжбүрлеу үдерісінде жекелеген міндеттерді шешетін болса, мұндай өзін-өзі тәрбиелеу салдары жағымды нәтиже бермейді. Мұнан өзге, егер өзін-өзі тәрбиелеу өзгелердің қысымымен (мұндай, мысалы, ата-ана өз балаларынан күнделік жазуды, «Өз жігерінді қалай дамытуға болады» деген тақырыпта шығарма жазуды және т.б. талап ететін жағдайлар аз емес), өзін-өзі тәрбиелеу қабілетін қалыптастыру үрдісі ретінде жүзеге асатын болса, онда оның бойында сүйіспеншілік емес, керісінше, қажетті емес және жағымсыз жауапкершілік ретіндегі жиіркенушілік сезімі ұялайды. *Жүйелілік*, бұл – өмір бойы жүзеге асырылатын еріктілік, тұрақтылық, өзара шарттылық.

Жүйелілік пен мәдениеттің маңызды белгілері ретінде бой көрсететін өзін-өзі тәрбиелеу тізбектілігі мен алгоритмділігі тығыз байланысты. Мынадай жағдаятты бір минутқа елестетіп көрелік: өзін-өзі тәрбиелеумен айналысатын адам тіршілік әрекетінің тұтастай кезеңдерінен «аттап өтіп», күші жетпейтін мақсаттарды қояды немесе нәтижелерге тез қол жеткізуді көздейді немесе қол жеткізген нәтижелерін жалған бағалайды – мұның бәрі өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасында (егер ол болса) елеулі іркіліс болғанын, операциялық-ерік компоненттеріне мотивациялық және т.б. қарсы қойылғанын көрсетеді. Өзін-өзі тәрбиелеу, бұл – асығыстықты, тізбексіздікті, алға секіруді немесе артқа шегінуді көтермейтін үдеріс. Сондықтан өзін-өзі тәрбиелеу мәдениеті, алға немесе артқа қадам жасауы нақты тексерілген және негізделген өзін-өзі тәрбиелеу актілерін жүзеге асырудың жүйелілігі, бірізділігі, тізбектілігімен шартталынған.

Өзін-өзі тәрбиелеу мәдениетінің құрылымына келетін болсақ, ол:

- 1) өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарын таңдау мен белгілеу мәдениетін;
- 2) өзін-өзі тану мәдениетін;
- 3) өзін-өзі тәрбиелеудің тәсілдері мен құралдары мәдениетін;
- 4) өзін-өзі тәрбиелеу жүзеге асырылатын жағдайлардың мәдениетін қамтиды.

Өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарын таңдау мен белгілеу мәдениеті тұлғаның қазіргі жағдайына (тұлғаның даму ерекшеліктеріне) баламалы, адамның даму кезеңімен шартталынған өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарын қоя білу – бұл жағымды өзін-өзі бекіту не болмаса жағымды өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі өзектендіру мақсаттары. Мақсаттарды белгілеу жалпыадамзаттық құндылықтарды ескеріп, қалыптасқан мотивацияға, сонымен қатар егер бұл талаптар әлеуметке қарсы сипатта емес және түбінде индивидтің бағдарлары мен сенімдеріне қайшы келмейтін, мотивация мен мақсаттардың қоршаған ортаның нақты жағдаяттары мен талаптарына сай болуы тиіс.

Өзін-өзі тану мәдениеті органикалық тұрғыда өзін-өзі тәрбиелеу үдерісіне енеді және оның мазмұны мен бағыттылығын шарттайды. Ол өзін-өзі танудың әлеуметте қолайлы жолдары мен тәсілдерін пайдалануды; тұлғаның өзін тануының қажетті құралдарын білетін жүйелілік пен тізбектілікті; дербес немесе басқалардың сәл ғана көмегімен өзінің баламалы Мен тұжырымдамасын құра білу қабілетін; теріс немесе әлсіз жақтарының әсерін жоққа шығарып, өзінің күшті жақтарын іс-әрекетте барынша қолдана алуын; өз-өзімен сәйкестендіруін, өзін қабылдауын; өзін-өзі құрметтеудің қажетті деңгейіне жетуін; өзін-өзі тану мәселелерінде тұлғалық құзыреттілікті меңгеруді білдіреді.

Өзін-өзі тану мәдениеті өзін-өзі танудың айқын мотивтері негізінде сәйкестендіру мен рефлексия механизмдері дамығанда тұлғаның өзін, өзінің сапаларын табу, тіркеу, талдау мен қабылдау қабілетін меңгеруін білдіреді. *Өзін-өзі тану тәсілдері мен құралдарының мәдениеті*, бұл – өзін-өзі танудың айқын мотивтері негізінде мақсаттарға жылдам қол жеткізуге және жағымды нәтижелерді алуға ықпал ететін құралдар мен тәсілдерді таңдай алу іскерлігі. Біреулер үшін бұл өз-өзіне бұйрық беру, екіншілер үшін – өзін-өзі ынталандыру, үшіншілер үшін – өзін дамыту бағдарламасын жасау әдістері. Бастысы – белгілі тәсілдер мен құралдарды пайдаланудың жүйелілігін, тізбектілігін сақтау, әлеумет пен тұлғаның өзі үшін маңызды нәтижелерге жету.

Өзін-өзі тәрбиелеу жүзеге асырылатын жағдайлардың мәдениеті.

Егер бұл үшін арнайы жағдайлар жасалмаса, қолайлы атмосфера болмаса, мақсаттарды белгілеу мәдениеті, өзін-өзі тану мәдениеті, өзін-өзі тәрбиелеу тәсілдері мен құралдары туралы толық мәнінде айтуға болмайды. Егер мұнымен ешкім айналыспаса; өзіндік білім алу мүмкіндігі шектеулі болса; өзін-өзі тәрбиелеу қалай жүзеге асатыны туралы қарапайым білімі болмаса, бұл үдерісте жәрдем беретін Ұстаз болмаса, өзін-өзі тәрбиелеумен айналысу қиын. Сондықтан да тиісті жағдайларды жасау, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі тәрбиелеу құндылығын өмірлік мақсаттарға қол жеткізу құралы ретінде ендіру тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу мәдениетін қалыптастырудың күрделі міндеттерін шешудің маңызды алғышарттары болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардан, белгілі бір оқу орнында өзін-өзі тәрбиелеу мәдениетін қалыптастыру дегеніміз, оқушыларда өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарын белгілеу мәдениетін, өзін-өзі тануды ұйымдастыру мәдениетін, өзін-өзі тәрбиелеу тәсілдері мен құралдарын таңдау мәдениетін дамыту дегенді білдіреді. «Қалыптастыру» аталымы бір шама шартты екенін алдын ала айту қажет. Қалыптастыру дегеніміз – тікелей оқыту және өзін-өзі тәрбиелеудің әлеуметте қолайлы тәсілдері мен құралдарын тану дегенді білдірмейді, қалыптастыру дегеніміз – тұлғаға өзін жеке құруға, өзін-өзі бекітуге және өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік беретін жағдайларды құруды білдіреді (мысалы, мектепте өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбиелеу үдерістерін ынталандыру, сол сияқты өзін-өзі тану әдістеріне, тәсілдеріне күштеп оқытпау секілді міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін атмосфераны қалыптастыру).

Өзін-өзі тәрбиелеу іс-әрекеті оқушылар тарапынан өзін-өзі тәрбиелеуді ынталандыратын жеке қызмет ретінде анықталуы үшін қолайлы жағдайларды құрудың анағұрлым жалпы қағидалары қандай? Мұндай қағидаларға келесілерді жатқызуға болады.

Еркіндік қағидасы. Оқу мекемесінде осы қағидат жүзеге асатын жағдайда ғана өзін-өзі тануға деген қажеттіліктің пайда болуына объективті алғышарттар жасалады. Білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының еркіндігі өзінің дамуы мен тұлғалық өсуінің дара жолын таңдау мүмкіндігін білдіреді, бұл әкімшілікке, ата-аналарға, мұғалімдер мен оқушылардың өздеріне де қатысты. Еркіндікке деген қажеттілікке кедергі қойылатын жерде өзін-өзі дамыту туралы және оқушыларда өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі пайда болатыны туралы айту қиын. Бұл жерде әрине, еркіндік барлығына рұқсат берілгендік немесе оқу не оқымау деген емес, қоғам тапсырған (бағдарламалармен, стандарттармен) мақсаттарға жете отырып, таңдау жасауға деген шынайы сезілетін қажеттілік, айналадағылармен өз мүддесі мен қабілеттеріне сай, бірақ басқаларға залалын тигізбейтін қарым-қатынас орнату.

Қиянат жасамайтын дамытушы орта құру қағидасы. Егер педагогикалық үдерістің барлық субъектілері арасындағы өзара әрекет мәжбүрлеу арқылы құрылатын болса, еркіндік қағидасы іске аспайды. Бұған тек мектептің бүкіл ұжымы – қорқыныш, мазасыздық, жарымжандық пен толымсыздық сезімдерінен арылып, ал өзара әрекеттесу сенімге, қабылдауға, дербестік пен бір-біріне төзімділікке негізделінген «ансамбль», даралықтардың үйлесімділігін білдіретін жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Егер осы қағида сақталатын болса, онда өзін-өзі көрсету мен өзін-өзі дамыту еркіндігі үшін қолайлы атмосфера жасалады, ал өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру құралы ретінде әрекет етеді.

Білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына тұлғалық тұрғы қағидасы. Ол білім беру үдерісінің әрбір қатысушысы өзінің дара қызметінің: директор – әкімшілік қызметтің, мұғалім – оқыту қызметінің, оқушы – оқу іс-әрекетінің, т.с.с. субъектісі болып табылатынын мойындау дегенді білдіреді. Тұлғалық тұрғы әркімнің де басқалардан ерекше қайталанбас дара тұлға, өзінің көзқарасының, қажеттіліктерінің, ұмтылыстары мен мүдделерінің, яғни басқаша айтқанда, өзі айналысатын ісі, осы сәтте қандай міндеттерді шешетініне маңызды із қалдыратын, жеке субъективті тәжірибесінің болуына құқылы екенін мойындау дегенді білдіреді.

Тізілген үш қағида өзін-өзі тәрбиелеу мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайтын барынша ортақ қағидалар болып табылады. Олардың аясында оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуге қажеттіліктерін ынталандыруға жағдай туғызатын анағұрлым жеке аспектілерді бөліп көрсетуге болады. Олардың ішіндегі ең бастысы педагогтардың өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысы болып табылады. Өзін жүзеге асыратын мұғалім сабақтар мен басқа да мектептегі және мектептен тыс шараларға жанын сала кіріседі, оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуін ұйымдастыруда еліктеу үлгісіне айналады. Мұндай жағдайда балалардан ештеңе талап етудің, оларға түсіндірудің қажеті жоқ. Мұғалім үнемі өзін қалай жетілдірудің, оның бойында бұрын болмаған сапаларды, білім мен іскерлікті қалай меңгерудің үлгісіне айналады. Және керісінше, егер педагогтың өзі өзін-өзі жетілдірмесе, тіптен бекітілмесе, бұл – балалардың да өзін-өзі тәрбиелеуге аса мән бермейтіндігінің көрсеткіші.

Өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін ынталандырудың (солардың негізінде өзін-өзі тәрбиелеуге қажеттілік қалыптасады) тиімді түрлерінің бірі *әлеуметтік-психологиялық тренингтерді* ұйымдастыру мен жүргізу болып табылады. Тренинг басқаша шешілмейтін көптеген арнайы міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Біріншіден, тренингтік топтағы жұмыс, бұл – оқушылардың өз таңдауы, бұл жерде мәжбүрлеу жоқ. Екіншіден, басқа қатысушылар тарапынан өзің туралы нақты жағдаяттарға қарағанда жеңіл қабылданатын шынайы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, тренинг, бұл – басқаларға қатынасыңды білдіру тәжірибесі мен өзіндік басқалардың қабылдау тәжірибесі. Төртіншіден, тренинг өмірдің түрлі салаларына: өткенге, қазіргіге және болашаққа қатысты нақты дағдылар мен іскерлікті қолданып көруге мүмкіндік береді. Бұл форманың мүмкіндіктерінің тізбегін жалғастыра беруге болады, ол шын мәнінде таусылмайды және

оны жүргізу барысында жетекші, әдетте психолог белгілейтін нақты міндеттермен анықталады.

Өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастырудың ең әсерлі түрлерінің бірі психологтың дара кеңес берулері болып табылады. Мұндай жұмыстың барысында оқушыларды алаңдататын мәселелерді барынша тереңінен түсінуге жағдай жасалады, орын алуы мүмкін сәтсіздіктердің себептерін бірге іздестірудің алғышарттары пайда болады, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдірудің нақты жолдары айқындалады. Оқушының психологпен қарым-қатынасы өздігінен өшпес із қалдырады, өзінің қазіргі жағдайын қайта қарауға мәжбүр етеді, өзін-өзі жақсы жаққа қарай өзгертуге бағыттануын ынталандырады. Егер әрбір оқушының осындай кездесу мен қажетті психологиялық және психотерапевтік көмек алуға мүмкіндігі болса, онда мектептегі көптеген мәселелер өздігінен шешілген болар еді. Бірақ ол мүмкін емес. Тіптен мектепте психолог болғанымен (мұндай мектептер белгілі объективті және субъективті себептерге байланысты өте аз), оның бір өзі барлық мәселелерді шеше алмайды. Сондықтан да мұның басым бөлігі пән мұғаліміне немесе сынып жетекшісіне жүктеледі. Әрбір оқушыға қаншалықты дара көмек беру мен қолдау көрсету мүмкін екендігі осы мұғалімдерге, олардың психологиялық сауаттылығы мен жағымды әсер ете білу қабілеттілігіне байланысты.

Өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін ынталандыратын көмекші құралдар ретінде педагогикалық ұжым мен мұғалім өткізетін *сыныптан тыс жұмысты* атауға болады. Егер мектепте оқушылармен мақсатқа бағытталған психологиялық ағартушылық жұмыс жүргізілмесе, олар көмекші құралдан негізгіге айналады. Сыныптан тыс іс-әрекеттің нақты бағыттары ретінде «Психологиялық кештерді», «Психологиялық КТК-тарын», «Психологиялық сөзжұмбақтарды», «Қарым-қатынас сабақтары» және т.б. атауға болады. Бір жағдайда сыныптан тыс жұмыс мектепте өткізілетін шаралардың аясын толықтырады және кеңейтеді, басқа жағдайларда – өзін-өзі тәрбиелеу мәдениетін қалыптастыру бойынша (*Мен және Басқалар*) негізгі іс-әрекетке айналады. Көп нәрсе, әрине педагогтың қызығушылығына, оның психология саласындағы ой-өрісіне, осындай іс-әрекетті түрлі жастағы балалармен бірлесіп өткізуге даярлығына байланысты.

Өкінішке орай көбіне балалармен психологиялық білім алудың, өз-өзіне және өзгелерге қызығушылығын оятудың жалғыз ғана көзі болып табылатын, өзімен жұмыс жасауды бастауға ынталандыратын сыныптан тыс жұмыстар анда-санда өткізіледі. Кейде мұның өзі де жоқ.

Сонымен, біз өзін-өзі тәрбиелеу мәдениетін қалыптастыру – ересектер тарапынан және балалардың өздерінен де белгілі күшті талап ететін күрделі үдеріс екенін көрсетуге тырыстық. Мінсіз нұсқада, егер мектептің барлық деңгейінде тиісті жағдайларды орнатса, мақсатқа бағытталған өзін-өзі тану мен өзін-өзі тәрбиелеудің алғышарттары жасалса: психология сабақтары, арнайы сабақтар, тренингтер, кеңес берулер, сыныптан тыс жұмыстар жүргізілетін болса, өзін-өзі тәрбиелеу мәдениетін қалыптастыруға болады. Басқаша айтқанда, өзін-өзі тәрбиелеу мотивациясының пайда болуына, өзін-өзі тәрбиелеудің нақты бағдарламасын, оны жүзеге асыру жолдары мен құралдарын таңдауға ықпал ететін, қиянат жасалмайтын өзін-өзі дамытушы бірегей педагогикалық орта жасалады. Үйреншікті, еркіндікті шектейтін, мәжбүрлеу атмосферасы, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытуға арнайы үйретудің жоқтығы керісінше, өзін-өзі жетілдіруге кедергі келтіреді, ал өзін-өзі тану мен өзін-өзі бекіту әлеуметте қабылданбаған, тіптен әлеуметке қарама-қарсы жолмен жүреді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Маралов В.Г. Основы самопознания и саморазвития. – М., 2002.
2. Орлов Ю. М. Самопознание и самовоспитание характера. — М., 1987.
3. Жоғары оқу орындарында өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістемесі. – Алматы: Бөбек ҰҒПББСО, 2007.
4. Касымова Г.М. Методы преподавания курса «Самопознание» // Курс лекций и семинаров-тренингов для вузов. – Алматы, 2003.

РЕЗЮМЕ

*Абеуова И.А., к.п.н., доцент, Караева Т.Н., старший преподаватель
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

КУЛЬТУРА САМОВОСПИТАНИЯ ЛИЧНОСТИ

В данной статье рассмотрены проблемы формирования культуры самовоспитания личности. Раскрыта суть самовоспитания как средства саморазвития, дана общая характеристика культуры самовоспитания личности.

Ключевые слова: культура самовоспитания, личность, самовоспитание, самопознание, саморазвитие, самосовершенствование.

SUMMARY

*I.A. Abeuova, candidate of pedagogical sciences, associate professor
T.N. Karaeva, senior lecturer
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

THE CULTURE OF SELF-education of the personality

This article deals with the problems of formation of culture of self-education of the personality. The essence of self-education as a means of self-development, the general characteristic of the culture of self-personality.

Keywords: culture of self-education, self-knowledge, self-development, self-improvement.

UDC 45.12

PROBLEMS OF PRESCHOOL CHILDHOOD IN MULTICULTURAL SPACE OF CHANGING RUSSIA

*Ghoghoberidze A.G.
Doctor of Education, Professor
Head of the Department of preschool pedagogy
Institute of childhood RSPU after A.I.Herzen
St. Petersburg, Russia*

Abstract: In the article the problems of preschool children in a multicultural space changing Russia.

Keywords: preschool children, the implementation, the multicultural environment, preschool children, communication.

Study of the problems of pre-school childhood in a multicultural space of changing Russia performed at the Department of preschool pedagogy of the Russian State Pedagogical University after A.I.Herzen (Saint-Petersburg), the project supported by the Russian Foundation for Humanities in 2008-2009.

The project aims the solvation of an important scientific problem of determining the problems and contradictions of features, enriching cultural experience, socialization and culturization of preschool children in a modern, multicultural space of changing Russia, which, in turn, allows us to justify changes in the educational process to the positive development, establishment and education of children in preschool and preparation for school training.

A result of research substantiated the set of factors that have the most significant effect on occurrence of typical for today's social, economic, political and cultural situation of childhood

problems. Knowledge of the typical for the country and especially for regions of socio-cultural problems of today's children is a valid reason for the development of regional education development programs, defining the mechanisms for their implementation.

Within the framework of the problem solving solved problems develop research programs and methods of research problems in preschool multicultural space regions of Russia; identified and ranked sociocultural problems of preschool children; The factors that have the most significant impact on occurrence of the typical preschool problems.

Worked out the author's research program, including substantiation and methodology of the study, research materials (forms, questionnaires and notebooks), matrix analysis and model summarizing the results of the study. Investigation techniques for the problems of pre-school childhood in a multicultural space of changing Russia designed on the basis of allocated as a result of a similar, carried out in 2003 - 2006 years in St. Petersburg research. (The results are presented in the monograph «Little citizens of Big City»).

The study participants: children of senior preschool age (5-7 years) (research methods - conversations, interviews); parents of senior preschool children (research methods - questionnaires, surveys); teachers of preschool educational institutions (research methods - questionnaires, surveys).

Diagnostic techniques for children are represented by seven units: Me and my values; Me and other people; Me and kindergarten; Me and my family; Me and my city; Me and my country; Me and the world around me. Diagnostic techniques for teachers and parents include questionnaires and surveys focused on obtaining data about the features of the modern understanding of preschool children and their problems by adults.

The techniques proposed to respondents are constructed in such way as to obtain information on each of the identified issues. The results obtained in the application of research results of developed techniques were subjected to multileveled, multidimensional analysis.

The first level of analysis of the results allows us to determine the semantic dominant in children's responses. To do this all the answers that children exposed to a specially developed classification and recorded in matrix analysis. The second level of analysis allows interpreting the quantitative data.

Block 1. «Me and my values», was analyzed by the nature of value orientations of children, the nature of identity: personal orientation: for myself, for another person; for the activity.

Block 2. «Me and other people» were analyzed features of interaction and communication between children, the nature of personal identification. The conclusion is: how it seems the modern person for a preschooler, for which communication-children are oriented: business, personal, with peers, with peers of the opposite sex with an adult, how much comfortable or the child in the world of peers and adults

Therefore the educational aim of the «Ensemble» discipline is to teach students the skills of structuring practical and theoretical knowledge.

The «Ensemble» discipline enables formation of students' expertise, knowledge and skills in work with a choreographic group, and also stimulates a steady professional growth, expressed in the ability to perceive new methodical and pedagogical information, the ability to apply it practically. As the terminal aim of the «Ensemble» discipline is a creation of the stage image, then in this capability it implies a student's practical skill of creating a piece, in itself bearing a meaning through

the elements of choreographic plastics on the basis of the drama laws: «Organization of a concerted number, solution of managerial problems and the training process are an important ground-forming side of the activity – a basis for development and achievement of the determined educational, arts and creative aims» [3, 3].

Amongst the core disciplines the Kazakh dance, contemporary dance, dances of the nations of the world have a considerable influence upon the formation of a future sports ball dance pedagogue. The typical and training programs of «The Kazakh dance theory and teaching methods», «The contemporary choreography theory and teaching methods», «Dances of the nations of the world» disciplines for the Ball Choreography Pedagogue specialization were developed at the Choreography Pedagogics Department of the T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts. Their authors are Ms. A.A. Tati, a distinguished artist of the Republic of Kazakhstan, a docent; Ms. G.N. Gabbassova, a senior lecturer; L.V. Kim, a docent, Head of the Choreography Pedagogics Department.

«The Kazakh dance theory and teaching methods» discipline introduces students to the nation's general culture, music, literary creative works, applied types of people's creative works, the ethnographic peculiarities, historical and geographical conditions of the Kazakh people's life that influenced the formation of the dance art. The Kazakh dance is closely connected with the development of various dance cultures with their richest national traditions. The main aim of the national dance arts development is not the unification of them but the mutual enrichment with conservation of autonomy and authenticity. Studying the Kazakh dance theory and teaching methods allows students to perform transfer of expertise, knowledge and skills in the process of training them for pedagogical activities. We think that the further development of this direction will enable intergration of the sports ball dance of the Republic of Kazakhstan into the world cultural space.

An equally necessary discipline in the sphere of the well-rounded professional development of future sports ball dance pedagogues is «The contemporary choreography theory and teaching methods». Thanks to the contemporary choreography, in Ms. A.N. Shulgina's opinion, a student develops the body's steadiness and flexibility, the ability to dance with the entire body [4, 99]. The contemporary choreography as a core discipline pursues two aims. The educational aim – creation of conditions for intensification of the theoretical preparation in teaching methods. The second aim – a developing one, it provides for the creation of the conditions for development of the informational, communicative, reflexive and analytical skills.

A wide use of technical aids: audio-records, video-records rear up students' musical ability, performance manner, and develop the style feeling. Introduction to the conceptions of «space», «atmosphere», verbal and non-verbal communication implies confident application by students of the newest choreographic vocabulary arsenal. One can't but agree with the opinion of the pedagogues of sports ball dance disciplines Ms. V.V. Yevseyeva, T.V. Terekhova and Mr. A.T. Issaliyev on that amongst the core disciplines the most considerable influence is made by «The contemporary choreography theory and teaching methods» subject.

«The dances of the nations of the world» program as a core discipline of the Choreography Pedagogics Department occupies a particular place in preparation of future pedagogues – choreographers. Therefore the curriculum plans of the discipline provide for and provide students with an amount of specific knowledge and skills in the world choreography area, thus widening their professional outlook, bringing up the creative imagination and drama thinking.

«In the training process a great amount of attention is paid to profound studying of the dance forms and genres on the material of dances of the nations of the world taking into account their regional peculiarities» [5, 47]. Highlighting in the training process the «Dances of the nations of the world» subject, Ms. G.A. Vikhreva writes that, «It is not allowed to be limited with only one method as the best one. Only an optimal combination of various methods can provide for successful achievement of the complex of tasks of teaching the people's dances» [6, 47].

One of the tasks constituting the complex of teaching the people's dances is acquiring knowledge of the music folklore. Acquisition of the technique of this or that dance of the nations of the world is grounded first of all on understanding its musical basis and is closely connected with

the perception of the national traditions, cultural and everyday life customs of each nation. Therefore the music and dance folklore of any nation constitute an untapped source of professional composers and choreographers' creativity. In the process of creating the stage choreographic images of dances of the nations of the world the intonational nature should be a reliable orienting source.

Consequently:

- the curriculum programs of the core disciplines of ball dance have a particular importance in the formation of a future sports ball dance pedagogue;
- «the optimal combination of various methods», aims and tasks can provide for successful realization of students' theoretical and practical skills;
- the core disciplines deliver profound, well-rounded knowledge, aimed at development of students' expertise in the world choreographic art sphere; they are «a required condition of unity of upbringing and education, a means of a complex approach to the subject matter educational system» in the contemporary education [7, 71-73].

REFERENCES

1. Terekhova T.V. Reflections on sports ballroom dances. – Almaty, No. 1 (2)/2013 «Search» scientific magazine of MES RK
2. Isaliyev A.T. History of sports ballroom dance: Textbook. – Almaty: «Goodprint», 2012. – 151 p.
3. Educational and methodical complex of 071301. 65 «Amateur and folk arts.Choreography» specialty, «Art director of choreographic collective, lecturer» qualification. – Tyumen, 2010 – 15 p.
4. Shulgina A.N. Ballroom dances since the end of the XIX century up to now. – M.: Russian university of theater – GITIS, 2012. - 303 p.
5. Mutaliyeva M.S. Preservation of choreographic heritage in teaching and educational process at universities //The interuniversity collection of articles. – Almaty: Polygraphy – Service K, 2010. – 92p.
6. Vikhreva G.A. National and scenic dance as a traditions preservation factor. - M, 1998
7. Gomeleva O.V. Intersubject ties in communicative abilities formation //Foreign languages at school. -1987 .№6. – P. 71-73

РЕЗЮМЕ

Алдабергенова М.Р., старший преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

НАПРАВЛЕННОСТЬ ПРОФИЛИРУЮЩИХ ДИСЦИПЛИН НА ФОРМИРОВАНИЕ ПЕДАГОГА СПОРТИВНОГО БАЛЬНОГО ТАНЦА

В статье исследуется проблема влияния профилирующих дисциплин на формирование педагога спортивного бального танца. Для получения достоверной информации о предмете исследования применялись эмпирические методы: интервью с ведущими специалистами в области педагогики спортивного бального танца; наблюдение за студентами в процессе обучения на кафедре «Педагогика хореографии» в Казахской национальной академии искусств им. Т.Жургенова. Для достижения разностороннего освещения предмета, выявлена и обоснована концепция необходимости изучения таких дисциплин как: «История спортивного бального танца в отечественном и зарубежном регионах», «Наследие бальной хореографии», «Ансамбль», «Теория и методика преподавания казахского танца», «Теория и методика преподавания современной хореографии», «Танцы народов мира». Изучение профилирующих дисциплин – эффективный путь в подготовке педагога-хореографа спортивного бального танца.

Ключевые слова: Основные дисциплины включают: «История спортивного мячного танца в национальных и граничных регионах», «Наследие хореографии», «Ансамбль», а также «Теория казахского танца и преподавательские методы», «Теория современной

хореографии и преподавательские методы», «Танцы всего наций мира». Все выше упомянутые основные дисциплины назначают комплекс существенной компетентности будущего. Они основаны на компетенции, знании и навыках, которые назначают профессиональный профиль этой специализации.

ТҮЙІНДЕМЕ

Алдабергенова М.Р., аға оқытушы

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

СПОРТТЫҚ БАЛ БИ ОҚЫТУШЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КӘСІБИ ПӘНДЕРДІҢ БАҒЫТЫ

Мақалада спорттық-бал биі оқытушысын қалыптастырудағы кәсіби пәндердің ықпалы жөніндегі мәселе қарастырылған. Тақырыпты зерттеу барысында нақты ақпарат алу үшін тәжірибеге ғана негізделген эмпирикалық әдістер қолданылды: спорттық-бал биі педагогикасы бойынша белгілі мамандармен сұхбат; Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының «Хореография педагогикасы» кафедрасы студенттерін сабақ кезінде бақылау. Пәнді жан-жақты көрсету үшін төмендегі пәндерді оқып-білу керектігінің концепциясы белгіленді: «Отандық және шет ел аймақтарының балдық би тарихы», «Балдық би мұрасы», «Ансамбль», «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі», «Заманауи хореографияны оқытудың теориясы мен әдістемесі», «Әлем халықтарының биі». Кәсіби пәндерді оқу – спорттық-бал биінің оқытушы-хореографтарын дайындаудың нәтижелі жолы болады.

Түйін сөздер: Негізгі тәртіптерге: Ұлттық және шекаралық аймақтардағы спорттық доппен ойнау биінің тарихы, хореография, ансамбль және де көптеген қазақ биінің теориясы мен оқытушылық әдісі, заманауи хореографияның теориясы мен оқытушылық әдісі, әлемдегі ұлттар биі.

ӘОЖ 745

ҰЛТТЫҚ НАҚЫШПЕН КИІЗ БҰЙЫМДАРЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

С.М. Крыкбаева, ө.ғ.к., қауым.проф. м.а.,

ҚР мәдениет саласының үздігі

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік

қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Киіз бұйымдарын көркемдеп жасау амалдары тікелей материалдардың ерекшелігіне байланысты сипатталады. Олар көп уақытқа дейін өзгеріссіз қалды. Кейінгі кезде киіз илеу амалдары жаңа әдістермен кеңейіп, ертедегі көлемді пішімдер мен қолданылмаған фактураны дамытуға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: өнер, көшпелілер, қолөнер, киіз бұйымдары, киіз басу, мәдениет, ою-өрнек, нақыш, жүн.

Көшпелілердің ұлы өркениетін, мәдениетін сөз еткенде оны ешқандай айғақсыз, дерексіз баяндай берудің мүмкін еместігіне көз жеткізе отырып, оны халықтың рухани байлығының жемісі, заттық (тұрмыстық) мәдениеттің айқын айғағы ретінде зерттеудің маңызы зор. Көшпелілердің өмір салтында айнала қоршаған ортаны, табиғатты, космосты, яғни әлемді танып-білуде өзіндік ережесі болған, өткен мен болашақ арасындағы көзқарастардың біртұтас жүйесі қалыптасқан. Бұл номаттардың этномәдениетінің өзіндік ерекшелігінен айқын танылады. Өйткені халық өнері – этностың ой-санасы мен дүниетанымының, өмір болмысы мен көзқарасының өзара байланысын береді. Бірақ

қоғамдық сана шындықтың жансыз көшірмесі емес, ол заманның этномәдени рухани мәнін, көркем-эстетикалық идеяларын мағыналы мазмұнға айналдырған биік этникалық қасиеттерінің нышаны. Осынау халық мұрасындағы көркем мәдениетті жіктейтін болсақ, ол тас дәуіріндегі геометриялық өрнектер мен сақ дәуіріндегі «жануарлық таңбадан» басталып, қазіргі ұлттық жаңару төл өнерімізде дәстүрлі (қазақ қолданбалы өнерінің зергерлік, тас қашау, мүсіндеу, киіз үй жасау т.б. түрлерінде) заттанған көрініс алады. Негізінен қолданбалы өнерді көркем мәдениет туралы ұғымдардың қалыптасу тарихынан бөліп қарауға болмайды. Онда бейнеленген бедерлер қашан, қайда, қалай пайда болғанын ғана емес, ішкі терең мазмұнды, өрелі ойдың мәні неде, тәрбие беру жолдары қандай деген сұрақтарға жауап беруге жетелейді. Алайда, олар бойына таңғажайып қиял мен шыңдалған шеберлікті жинаған, өмір тәжірибесімен сабақтасқан мәңгілік өнер туындысы болып табылады. Ол бұйымдар сол кезеңде ерекше қасиетке ие болып, дүниетанымдық жүйе қалыптастырған. Олар бір жағынан, әртүрлі жан-жануарлардың күштілігі, көрегендігі сол мүліктің иесіне дарысын деген сенім, яғни жануарларға сиыну ұғымын қалыптастырса, екіншіден, қолданбалы өнер бұйымдары тәлім-тәрбиенің негізі болған. Көшпелілер күнкөріс көзі малды өз қажеттілігіне пайдаланып, металды өндеп, жауынгерлік тәртіпті меңгеріп, ат әбзелдерін, тұрмыс бұйымдарын жасауға әбден бейімдеп, қолдан-қолға таратып, қолданбалы өнермен айналысқан [1].

Қолөнер – мол рухани мәдениеттің маңызды бір саласы, бабамыздың сан ғасырлар қиялынан шыққан, атадан балаға мирас болып келе жатқан үлкен өнер туындысы, баға жетпес асыл мұрасы. Соған орай халықтың тарихи дамуына, тұрмысына, табиғат ерекшелігімен эстетикалық талғамына байланысты қолөнер өзіндік ерекшелігімен ғасырдан-ғасырға сақталып, дамып, келер жас ұрпақтарға беріліп отырған. Тарихтың ұзақ соқпағында қалыптасқан қазақтың бұл сәндік ою-өрнекті қолөнер бұйымдары жіпке тізген маржандай ең асыл дүниелері бар [2]. Халқымыздың ежелгі дәстүрінің негізінде – кілем, киіз, киізден оюлап жасаған бұйымдардың әртүрлі байлықтары бар. Соның ішінде сырмақ, текемет, түскиіздің алуан түрлері, айшықтап кесте тіккен қоржын, әбдіре, сандық тыстары, тағы да сондай үй тұрмысында қолданылатын айнақап, аяққап, керегеқап сияқты заттар кездеседі. Оюлап киіз басу тек қазақтың ғана еншісіне тиген өнер емес, мал шаруашылығымен айналысатын басқа да көшпелі елдерге тән, ортақ нәрсе. Қазақ халқының тұрмысында киізден жасалған бұйымдар барлық кезеңде басты рөл атқаруда. Бұл көшпелілік жағдайында киім, күнделікті тұтынатын бұйымдар, киіз үй жабдықтарын дайындау үшін таптырмайтын теңдесі жоқ материал деу ләзім. Қолайлылығы, функциональдығы мен қолдану аясының кеңдігі жөнінен мұнымен тек тері ғана таласа алады. Бүгінге дейін дәстүрлі қолөнер ең басты түрі – киіз басу болып табылады. Бұл көне заманнан бері әйгілі. Қазақстанның барлық бөлігінің тұрғындары киіз басумен айналысқан. Оның табиғаттық қасиетіне зер салып, тиімділігі мен күнделікті тұрмыста қолайлы жақтарын қарастыра отырып, әдемілік жағына да көңіл бөлінді. Бұрын киізді қара немесе ақ түсті етіп басқан, соңғы кезде оюлап басу кеңінен тарап кетті. Осындай көркемөнер туындыларын жасау арқылы болашақ мамандардың рухани мәдениетін байытып отырамыз.

Алғашқы қауымдық құрылыстан бастап ХХ ғасырға дейін әр ұрпақ өкілі өздерінің соңғы жаңалықтарымен байыта түсті, сондықтан да ол өміршең. Дәл қазіргі кезеңде халықтың байырғы көркем өнеріне ұлттық бейнелеу тәсіліне баса назар аударылып, зерттеліп жатыр. Халқымыздың ежелгі дәстүрінің негізінде көркемөнердің – кілем, киіз, киізден оюлап жасаған бұйымдардың әртүрлі байлықтары бар. Соның ішінде сырмақ, текемет, түскиіздің алуан түрлері, айшықтап кесте тіккен қоржын, әбдіре, сандық тыстары, тағы да сондай үй тұрмысында қолданылатын айнақап, аяққап, керегеқап сияқты заттар кездеседі. Оюлап киіз басу тек қазақтың ғана еншісіне тиген өнер емес, мал шаруашылығымен айналысатын басқа да көшпелі елдерге тән ортақ нәрсе [3].

Киіз басумен Қазақстанның барлық бөлігінің тұрғындары айналысқан. Бір қызық жері, пайдаланылатын зат біреу, ол – жүн. Осыдан жасалған киіздің әр жүзге, әр руға тән өзіндік ерекшеліктерін анық байқауға болады. Өзгешеліктері киіздің жасалуында емес,

безендірілуінде, бірін-бірі қайталанбас өрнектерінде. Көлемі жағынан киіз үйге тұтастай дерлік төсеуге жететін төсеніш киіздің бір түрі – текемет. Текеметтің көлеміне қарай ірілі-уақты сәндік әшекей өрнектері болады. Әлбетте, өрнекті киіздің негізгі түрін ашатын басқа бір айшықты түстен алады. Ол көбінесе «S» ирек болып келеді. Жартылай басылған әлі толық бірікпеген киіз үстіне басқа түсті жүннен созып өрнек салады. Өрнектің көрнекілігі колөнер шеберінің ой қиялына, суреткерлігіне байланысты әр жерде әртүрлі, оюларды түсіріп болған соң киізді әрі қарай басуды жалғастырады. Пісіре келе өрнектік жүндер киізбен бірігіп, белгілі бір нақтылығын, түзулігін жойып, әсем бір суретке айналады. Киіз – қойдың күзем жүнінен қалың, тығыз етіп басылған үй тұрмысы мен шаруашылықта пайдаланылатын бұйым. Күнделікті тұрмыста киізді төсеуге, киіз үйдің туырлығын, уығын, түндігін, есігін жабуға, мал шаруашылығына қажетті тоқым, көпшік, жабу жасауға, баскиім мен сырт киім, аяқкиім түрлерін тігуге, сондай-ақ қап, қапшық т.б. тігуге жиі пайдаланған. Осыған байланысты олардың түрлері көп болды. Ыстық сумен пісірілген, буы бұрқырап шығып жатқан киізді «жас киіз» деп атайды. Одан әрі киіз қолданылатын орнына, мақсатына қарай бірнеше түрге бөлінеді: өре киіз – үш құлаш шамасындағы ұзын, үлкен киіз. Ақ киіз – бірыңғай ақ жүннен басылған, сайлау кезінде ханды соған отырғызып, сайлаудың шешімін білдіруге, ұлықтауға қолданылған. Қазақ тұрмысында ақ киізді келін түсіргенде жақсы тілектің белгісі ретінде қолданған. Байырғы салт бойынша келінді үйге кіргізгенде мінезі жұмсақ болсын деп бөстек, көңілі таза, ақ болсын деген ырыммен аяқ жағына ақ киіз төсеген. Үйге жабылатын киізді кей жерде кесек киіз, кей жерде жабу киіз, туырлықтық киіз деп атайды. Ол – «киіз жабын» деп те аталады.

Зерттеуші Ө. Жәнібеков киіз жабынға туырлық пен үзікті жатқызады. Жабу киізінің түсі көбінесе қара, қара қошқыл болады. Сондықтан киіз үйді кей өлкеде жабылған киіздің түсіне қарай қара үй деп атау қалыптасқан. Жабу киізін дайындау әйелдердің міндетіне жатады. Жауын-шашыннан, ыстық-суықтан қорғап тұратын жабу киіздері үй көлеміне сәйкес келетін ши бойымен басылады. Оны қалындау, ширақ етіп басады. Жабу киіз, әдетте, қыркүйек айының ортасына таман басылады.

Төсеніш ретінде пайдаланылатын киіздер «откиіз, төркііз, текемет, сырмақ» деп аталады. Үй ішіндегі отқа ең жақын төселетін киізді – откиіз дейді. Төсенішке пайдаланылатын киіз көбінесе ою-өрнекті болады. Киіз басқанда әр түске боялған жүннің өзінен ою-өрнек салып басылған киіз текемет деп аталады. Кейде екі бетіне де түр, яғни ою-өрнек салып басылған текеметтер де кездеседі. Текеметті ою-өрнегіне қарап «ала киіз» деп айту кездеседі. Оның аяқ астына төселетін шағын түрін «аяқ текемет» дейді. Бетіне ою-өрнек түсірілген, керегенің ішінен тұтылатын киіз түрін, яғни, сырмақтың сәнді түрін «тұскиіз» деп атайды.

Сырмақ – әртүрлі киізден ойылып жасалатын төсеніш киіздің бір түрі. Сырмақ басу негізінде Орта жүзде Арғын, Найман, Керей, батыста Қыпшақ руларында көп тараған. Атадан балаға таралып, дәстүр болып келе жатқан сырмақ жасаудың өзіндік бір салты бар. Әр ұрпақ өкілдері өздерінің жаңалықтарымен, соңғы элементтерімен сырмақ сыру өнерін толықтырып, байытып отырған. Текеметтей емес, сырмақ даярлауда алдын ала өлшеніп, нақты белгілеген үлгілері болады. Ою қатаң тәртіппен орналастырылады. Сырмақты ақ киізді бір бөлек, қара киізді бір бөлек басып, екеуін беттестіріп, үстіне ою үлгілерін салып, бормен сызып, екі киізді бірден үлгімен ойып алатын болған. Содан соң ойылған оюдың ағын қараға, қарасын аққа келтіріп тігеді. Құрастырылған оюды сол қалпымен тұтас үлкен киізге жапсырады. Оюларды құрастыратын жерінің үстін бастыра жиек басады. Жиектік жіптің иірілуі де, қабатталуы да басқаша және оның түсі, бояуы да оюды айшықтап тұратын ашық түсті болады. Текеметтей емес, сырмақ мықты келеді. Кейбір сырмақтарды жарты ғасырдан артық төсеуге жарайды. Оюларды құрастырып, үстінен басып тігіп болған соң сырмақты тұтастай сырады. Ақ киіздің үстін ақ жіппен, қара киіздің үстін қара жіппен ұсақ етіп түгелдей тігіп шығады. Сырмақ сонда шымыр, қатты болады. Оның төзімділігі де осында болса керек. Қазақ қонақжай халық болғандықтан арнаулы бір бөлек қонақ үй өте сәндікпен безендірілген бұйымдар тұтылады. Тұсқа айшықты тұскиіз ілініп, төрге оюлы

текемет төселеді. Оюлы текемет көздің жауын алардай айшықты өрнекпен өрнектеліп, әр түсті шашақпен өте әсем безендірулері болады. Оның жасау жабдығы да күнделікті қолданылып жүргендердей емес, ерекшеленетін киіз үй бұйымдарының ішіндегі ең бағалы жасауы. Оюлы текемет тек өте сыйлы қонақтардың құрметіне ғана ұсталатын болған. Көбінесе оюлы текеметті қызға жасау ретінде дайындайды.

Қазақтың ағартушы этнограф ғалымы Ш.Уәлиханов ою-өрнек өнері қазақ халқының өмірінде айрықша өнер екендігін, оның ерекшеліктері мен қыр-сырының молдығы қаншама білімдарлықты талап ететіндігін айтқан. Жалпы ою-өрнек өнері дүниежүзінің көп халықтарына тән. Дегенмен де қазақ халқының ою-өрнек өнерінің өзіндік ерекшеліктерін атап өтпеуге, сірә болмас.

Ою-өрнекпен безендірілген киіз бұйымдар, кестелер, тоқыма бұйымдар және қыз-келіншектер мен ерлер киімдері, қыз-келіншектердің мойнына тағатын алқасы, шашына жалғайтын шашбауы т.б. бұйымдар ою-өрнекпен безендіріліп отырған. Демек, ою-өрнек өнері қазақтың тарихымен бірге жасап, бірге дамып келе жатқан көне өнер. Халқымыздың ою-өрнек өнері өз бастауларын тарихтың тереңінен алатын, теориясы мен жасалу технологиясы да күрделі, әсемдік-бейнелеу дүниесінің бір түрі.

Қазіргі кездегі жүннен жасалған киіз бұйымдар икемделгіш және пластикалық қасиеті бар материал, олар іс жүзінде бүкіл әлемге танымал. Қазіргі шеберлер көркем бұйым жасауда өте кең ауқымда киізді пайдаланады. Ол жиһаз бен интерьер заттарынан, пуфиктер мен орындықтардың сәнді кілемшелерінен, перделер мен жастықтардан, үстелге қойылатын сәндік жаймалар мен мата салфеткаларға арналған сақиналардан, ыстық ыдыстардың астына қоятын төсеніштерден және оларды ұстайтын тұтқыштардан, ыстық жұмыртқаларға арналған қорапшалардан және жылытқыштардың қаптамаларынан, шамдардың абажурларынан және перделердің безендірмелерінен, сәнді панно мен еденге төсейтін кілемдерден тиісті орын алған. Қазіргі заманғы әртүрлі технологияларды пайдалана отырып, сан түрлі фактуралар мен маталарды – жібек, мақта, кендір, тоқыма заттарды үйлестіре отырып, нағыз өнер жауһарларын жасауға болады.

Киімге арналған киіз бижутерия мен аксессуарларды да кездестіруге болады. Олардың ішінде – моншақ, сәнді түйме, шаш қыстырғыш, бөкебай мен білезіктер, белдіктер мен сөмкелер, әмияндар мен ұялы телефондарға арналған қаптамалар, жеңіл аяқкиім, етіктер, бөріктер, косметика қалталары мен құжаттар үшін мұқабалар, бизнес-папкалар бар. Студенттер бір-біріне сый етіп тартуға ыңғайлы өнімдерді, шыршаны безендіретін ойыншықтарды ықыластана жасайды.

Киізден жасалынатын бұйымдар қолмен тігіліп құрастырылған. Қол тігіс түрлері көктеу, тепшу, жөрмеу, қаю, қабу, торлау секілді жасалады. Қол тігіс түрлері арқылы түрлі-түсті жіптермен безендіріп, әрлейді. Бұйым шеті қос қабатты түсті жіппен инені көлденеңінен түйреп, жіпті орап түсіріп тігілетін тігісті «жөрмеу» дейді.

Киіздің бетіне үлгі арқылы өрнегі түсіріліп, соның үстіне боялған жіптермен кестелеуге болады. Түрлі жіптер киіздің өңіне қарай таңдалады. Мысалы: күлгінге көк, жасылға қызыл, қызылға жасыл түсті, сарыға қызыл түсті жіптерді қолданса болады.

Жасалатын бұйымның өрнегіне орай зергерлік бұйымдармен және түрлі түсті моншақтармен әрлеп безендіріледі.

Бірінші, жүндерімізді реттеп, қажетті құрал-жабдықтарымызды, ыстық суымызды дайындап аламыз. Жасалынатын бұйым өлшеміне орай жүн басылады. Салынатын өрнектеріне байланысты жүннің бетіне түсті жүннен өрнек түсіріп дайындайды. Мысалы, сәнді панно. Бізге түтіліп дайындалған жүнді ретімен қолдың ыңғайымен жайып, бетіне түсірілетін өрнекті саламыз, жүннің үстіне сабынсуға тор матаны батырып, үстіне жабамыз. Оның үстінен қайта-қайта қолдың ырғақ бағытымен сабынды сумен үйкей бойына сабынды суды сіңіреді. Қолданылатын суымыз ыстық болуы қажет. Суы мұздаса, жүніміз бір-біріне жабыспайды. Сондықтан, жүннің киізделіп өңделуі барысында ыстық күйінде орындалуында. Жүннің үстіндегі мата бетіндегі жабысып тұрған сабынсу матамен бірге жүнді аударады, бетіне ыстық су бүркіп, шетіндегі жалбырап тұрған жүнді ортасына қарай

жинайды. Қайта-қайта столға ұрылып, ысытылады. Соңынан сабынын кетіре таза суға жуылып, кептіріледі. Дәл осы реттілікпен түстері бойынша бөлек-бөлек басылып, құрастырылады.

Эскиз бойынша үлгі дайындалады. Сол үлгі бойынша дайындалып, киіз бетіне үлгі өрнегінің ыңғайына қарай қойылып сызылып, сызық үстінен қырқылып, бұйым бөліктері жұқа болып басылады. Сондықтан қалың киізді сызылған сызық бойынша өткір ұшты пышақпен киізді жылжытпай табанмен басып тұрып, сызықтары бойынша ойып шығады. Жұқа киізді өткір үлкен қайшымен сызық бойымен қыркуға болады [4].

Ежелгі ата-бабамыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігі табиғат пен мал шаруашылығымен байланысты болғандықтан өздерінің ою-өрнектерінде көбінесе жан-жануар, құстарға, табиғат құбылыстарына байланысты элементтеріне көбірек пайдаланған [5].

Күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде мал шаруашылығымен айналысып, оның шикізатын қолданып жүргендіктен, жүннен тоқылған киімнің гигиеналық пайдасы, ою-өрнек салу арқылы әсемдікке ұштастыруға болатындығына қазіргі таңда бәріміз куәміз. Ою-өрнек өнеріне деген махаббат, сұлулыққа деген құштарлықтың жиынтығы. Ою ойған адамның жүрегі жылы, нәзік келеді. Өз ұлтымыздың өзіндік қолөнерімен, әдеп-ғұрпының жас ұрпаққа берер тәрбиесі шексіз.

«Өнер жұтамайды» дегендей, халықпен етене тығыз жасасып келе жатқан қолөнерді табиғатпен үндестіру болашақ жастардың, шеберлердің іскерлігі мен сенімінде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өмірбекова М. Қазақтың ою-өрнектері. Энциклопедия. – А.: Алматыкітап. 2005. – 245б.
2. Жанибеков У. Эхо. – А., 1990. – 240 с.
1. Ибраева К. Казахские орнаменты. – Алматы: Өнер, 1994. – 128 с.
2. Бекқұлова А. Қазақ киізі кеше және бүгін. – Алматы, 2008.
3. Әбдіғапбарова Ұ.М. Қазақтың ұлттық өрнектері. – Алматы: Өнер. 1999.

РЕЗЮМЕ

Крыкбаева С.М., к. искусствоведения, и.о. проф. ассос. проф.,
отличник сферы культуры РК

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

СПОСОБЫ ИЗГОТОВЛЕНИЯ ВОЙЛОЧНЫХ ИЗДЕЛИЙ В НАЦИОНАЛЬНОМ МОТИВЕ

В статье описывается мотивы национальные орнаменты в технологии изготовления войлочных изделий. Обширные возможности материала, его доступность и демократичность привлекают как любителей, так и профессиональных художников, которые приносят в валяние базовые знания композиции и цветоведения.

Ключевые слова: искусство, кочевники, рукоделие, войлочные изделия, культура, орнаменты, узор, шерсть.

SUMMARY

Krykbaeva S.M., candidate of history and theory of arts, acting prof., associate professor.,
excellent worker of culture of the Republic of Kazakhstan
(city Almaty, Kazakh State Wome's Teacher Training University)

A METHOD OF MANUFACTURING OF THE FELT PRODUCTS IN NATIONAL MOTIVES

This article describes the motives of national ornaments in the manufacturing technology of felt products. The extensive capabilities of the material, its accessibility and affordability are

attracting both amateur and professional artists who brings felting of basic knowledge of composition and chromatics.

Keywords: art, nomads, needlework, subjects of the yurt, culture, design and style, wool.

ӘОЖ 002
Н 86

КІТАПХАНА ІСІ МАМАНЫНЫҢ КӘСІБИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Г.И. Нұржанова, п.ғ.к., қау. проф.м.а.
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада кітапхана ісі мамандарының кәсіби ерекшеліктері, маманның кәсіби құзыреттілігінің жолдары ғылыми тұрғыда қарастырылған. Кітапханашы мамандығы туралы түсінік терең мәнді, қажеттілігі жоғары болуына көңіл бөлінуі тиіс. Бүгінгі кітапханалар осы заманғы ақпараттық жаңа технологиялармен жұмыстануда.

Түйін сөздер: кітапхана, кітапханашы, кәсіби ерекшеліктері, құзыреттілігі, кәсіби этика.

Білім мен ғылымның, әдебиет пен мәдениеттің інжу маржандары тізбектеліп, кітап атаулы шоғырланған кітапхана – адамзаттың рухани тыныс-тіршілігінің көзі. Кітапхана ғасырлар бойы келе жатқан биік парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы. Қазіргі кезде адамдардың әртүрлі талаптарын қанағаттандыру, рухани байлығы мен қабілетін дамыту және эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда кітапхананың алатын орны ерекше. Кітапхана мәдениет саласы ретінде ақпараттық, білім беру және мәдени-ағарту қызметінің негізі болып табылады.

Заманымыздың әр кезеңінде кітапханашы мамандығы туралы түсінік терең мәнді, қажеттілігі жоғары болуына көңіл бөлінуі тиіс. Бүгінгі кітапханалар осы заманғы ақпараттық жаңа технологиялармен жұмыстануда. Кітапхана қызметін автоматтандыру мен компьютерлендіру қазіргі кезде кеңінен қолданылуда.

Кітапханашы мамандары кітапханалардың арнаулы дайындығы бар қызметкерлерінің негізгі тұрақты мамандары. Кітапханашы-библиограф қызметі кітапхана жүйесін, басқа да осыған ұқсас ақпараттық мекемелерде қызмет атқаратын кітапханалық білімі бар маман. Кітапханашы-библиограф маман – ол құжаттарды жүйелі ұйымдастырады және ақпараттық технологиямен электрондық техниканы қолданады, жүзеге асырады. Ақпараттық жүйе деп ақпаратты жинақтау, өңдеу, іздестіру, сақтау және таратуды айтады.

Кітапханашы – мамандық, оның мазмұнына оқырмандарға қызмет көрсету, олардың оқу талғамын қалыптастыру, оқу қажетін қанағаттандыру, оқуына басшылық ету, әдебиеттерді насихаттау, сондай-ақ кітапханадағы жұмыс процестерінің бүтін кешені енеді. Кітапханашы өз ісінің бастаушысы болуы керек. Оқырмандармен жұмыс істей білуі, кітапхана жұмысының әдістерін меңгеруі, осы әдістердің көмегімен кітапхананың бүкіл жұмысын ұйымдастыра білуі керек. Қоғамға жақсы танылған осындай қызметтерді атқара отырып, ол халыққа қызмет көрсетудің белсенді ұйымдастырушысы ретінде көрінеді. Мәдени ой-өрісінің кең болуы, мамандық білімінің тереңдігі, педагогикалық жұмыс әдістерін игеру – кітапханашыларға тән қасиет.

«Библиограф» мамандығына арнайы әдебиеттерде мынадай анықтамалар берілген: «Мамандық. Оның жұмысының негізгі мазмұны: баспа шығармалары туралы ақпараттар беру, библиографиялық көрсеткіштер, тізімдер, картотекалар, сондай-ақ шолулар, аннотациялар мен рефераттар жасау, кітапханалық-библиографиялық анықтамаларды дайындау».

Кітапханалар мен библиографиялық мекемелерде, сондай-ақ ғылыми және техникалық ақпарат мекемелерінде, баспа орындарында, газеттер мен журналдар редакцияларында болатын қызмет. Істелінетін жұмыстың күрделілігіне қарай мынадай категорияларға бөлінеді: библиограф, аға библиограф, бас библиограф. Библиограф кадрларын жоғары оқу орындарының (мәдениет институттарының, университеттердің, педагогикалық институттың, өнер институтының) кітапхана факультеттері дайындайды. Сондай-ақ салалық библиографияда сол сала бойынша білімі бар (тарихшы, әдебиетші, юрист, физик, биолог т.б.) және кітапханалық курстардағы оқу процесінде библиография теориясы мен әдістемесін меңгерген көптеген маман библиографтар қызмет атқаруда.

Кәсіби оқулықтар мен әдебиеттерде маманның жұмысы арнайы жоғарғы білім мен одан кейін де ұдайы өз білімін өз бетінше толықтырып отыруды қажет ететін қызмет. Біліктілік деңгейіне қарай библиограф мамандығы келесідей категорияларға бөлінеді: библиограф, жетекші библиограф, бас библиограф және олар сәйкес разрядтарға жіктеледі. Кітапхана ісін жүргізу барысында және оны ұйымдастыру ісінде библиограф қызметін басшылық, яғни кітапхана ісінің басшылығы тағайындайды және ол жұмысқа лайық кітапханашылар тәжірибелі, жоғарғы санатты кітапханашылар болуы тиіс.

Күні бүгінде бұл жаңа технологиялар өмір ағысымен, елдегі саясаттың тұрақтылығына байланысты барлық елді мекендерге дейін жетіп, ауылдық жерлердегі кітапханашылар өз жұмыс барысына компьютерді пайдаланып, жаңа жағдайға батыл көшуде. Яғни кітапхана жұмысының барлық қызметтері компьютер көмегімен атқарылып, алыс қашықтықтағы мәліметтер базаларымен жұмыс атқарып, кітапханшы-библиограф мамандардан енді тереңірек технологиялық білімді де қоса меңгеру талабы қойылып отыр. Кітапханашылар жаңа технологияларды меңгеріп, кітапханалық, библиографиялық, ақпараттық іздеу жұмыстарын жүргізеді. Мұнда экономикалық фактор үлкен рөл ойнайды: мысалы, мәліметтер қорының толықтырылуы дәстүрлі картотекаларға қарағанда көбірек уақыт жұмсалады, ал штат сол қалпында сақталады. Қазіргі кезде кітапханашы-библиограф мамандарға дәстүрлі жұмыс ырғағынан өзге жаңа кәсіби талаптар қойылуда. Солардың бірі – мамандардың қатысуымен аймақтық, ведомстволық корпоративті мәліметтер базаларының құрылуы. Бұл жөнінде шетелдік әріптестеріміз мәселені әлдеқашан шешіп алған болса, ресейлік кітапханашылар да аймақтық (Мәскеу, Санкт-Петербург, Орал аймақтары т.б.) мәліметтер базаларын құрып, бірлескен жұмыстар атқаруда.

Соңғы он жыл көлемінде Қазақстан кітапханашылары да бұл мәселені шындап қолға алып, аймақтық, корпоративтік мәліметтер базаларын құруда. Мысалы, «РАБИС» және «КАБИС» автоматтандырылған мәліметтер қоры бағдарламасы Қазақстанның барлық облыстық кітапханаларында жасақталуда. Сондай-ақ көптеген ведомстволық, жоғары оқу орындарының кітапханалары Ресейдің «МАРК», «Библиотека 4.02; 4.5», «Библиотека 5.2» бағдарламалары бойынша жұмыстануда.

Кез келген жұмыс орнында кітапханашы-библиограф үшін кең түрдегі білімділік пен жоғарғы ой-өріс, өз ісіндегі биік кәсібилік қажет. Ал арнаулы немесе әмбебап кітапханалардың бөлім библиографтары үшін сол арнаулы білім саласы жөнінде және нақты білім саласы немесе нақты кітап қоры туралы кең түрдегі білім мен арнайы мамандыққа дайындық аса қажет. Әсіресе ғылыми кітапханалардың кітапханашыларына деген кәсіби талап жоғары болады, десек те көпшілік кітапханалардың да оқырмандарына арналған анықтама-библиографиялық қызмет көрсету ісінде жоғары білім мен кәсіби шеберлік кем болмайды. Мұндай кітапханалардың оқырмандар құрамы мен кітап қоры қандай кең салалы болса, оқырмандардан түсетін сұраныстар мен талаптар да соншалықты сан алуан болып келеді. Бұл арада кез келген кітапхананың жоғары кәсіби шеберлікпен құрылған анықтама-библиографиялық аппаратының библиограф үшін пайдасы зор. Егер ғылыми кітапханаларда оқырмандардан түскен сұраныстарды орындауда бай түрде жасақталған анықтама-библиографиялық аппарат көмекке келсе, ал көпшілік кітапханаларда түрлі монографиялар мен оқулықтарды, оқу құралдарын жиі қарап, тақырыптық жинақтарды ұдайы бақылап

отырудың маңызы зор. Сондай-ақ анықтама-библиографиялық қызмет көрсету жұмысының біріккен жұмыстары да маңызды орын алады.

Білімділігімен, іскерлігімен және жаңашылдығымен ерекшеленіп тұратын кітапханашы-библиограф мамандығына сәйкес кәсіби этика қалыптасып, күнделікті жұмыс ырғағы барысында жолға қойылған. Бұл жөнінде біздің Ресейлік әріптестеріміз қабылдаған «Ресей Федерациясының кітапханашыларының кәсіби этикасы» кодексін мысалға алуға тура келеді.

Бұл кәсіби этика оқырмандар кітапхананың ақпараттық ресурстары мен материалдарын кедергісіз алып, олар үшін жайлы қызмет көрсету жұмысын орнатуға, тең дәрежеде, жоғары сапалы қызмет көрсетуге бағытталған. Яғни кітапханашы-библиограф үшін өз қызметінің ең құнды мақсаты – қолындағы материалдық құжаттар мен әдебиеттерге деген пайдаланушының, яғни оқырманның сұранысы. Сондықтан да кітапханашы-библиограф сұранысты толық, сыпайы, шынайы, уақытымен орындауы қажет. Ол үшін кітапханашы-библиограф алдымен кітапхананың негізгі кітап қорына, сондай-ақ басқа кітапханалар қорына немесе жаңа технологиялық құралдар арқылы мәліметтер қорлары мен ақпарат жүйелеріне жүгінеді. Мұндай сәттерде оқырманның жасы, білімі, ортаға әсері т.б. белгілеріне қарап емес, сұранысқа қарай қызмет көрсетілуі тиіс.

Сондай-ақ интеллектуальды тәуелсіздік пен кітапханадағы ақпарат материалдарына жосықсыз қожалықты болдырмау, адамзаттың рухани өмірін толықтыратын, әлемдік және ұлттық маңызы бар рухани қазынаға кедергісіз қол жеткізу көзделген. Мемлекеттік деңгейдегі рухани қазына мен оны пайдаланушы оқырман ортасындағы дәнекер рөлін атқара отырып, сол рухани қазынаның сақталуын, келешек ұрпаққа аман жетуіне үлес қосуға, өз мамандығының намысын қорғап, өз әріптестері мен ортақ мақсат-мүдделер үшін қызмет етуге тиісті.

Өз қызметінің құзыретін пайдаланып, оқырмандар мен пайдаланушыларға оқу мәдениеті, оқырмандардың кітап оқу көрсеткіштері мен ақпараттық сауаттылықты ұсына алады. Ең бастысы кітапханашы-библиограф қоғам мен мемлекеттің, жалпы халықтың мүддесі үшін қызмет ететін мәдени ошақ ретінде ашық демократиялық қоғам құруға атсалысуы қажет.

Міне жоғарыда айтылған барлық мәселелерді талдай келе кітапханашы-библиограф мамандығының кәсіби этикасына мынандай талаптарды жатқызамыз:

- Оқырмандардан келіп түскен сұраныстардың қиындығына, нақты еместігіне немесе толық еместігіне қарамастан оны орындау барысында табандылық пен жігерлілік;
- Оқырмандарға берілетін ақпараттың өте толық болуы, оны орындау барысында қолда бар мүмкіндіктерді мейлінше толық пайдалану;
- Қарапайымдылық пен нақтылық, оқырманмен байланыста жинақылық болуы, яғни ирониялы немесе өктем байланысқа жол бермеу;
- Оқырманға берілген қанағаттанарлықсыз жауаптың мәнін түсіндіру, оған сол тақырыптағы басқа әдебиеттерді ұсыну;
- Өз жұмысы сапасының өзінің жауапкершілігімен тығыз байланыста екенін терең түсіну, өзіндік білім алуға ұмтылу т.б.

Кәсіби этика ұғымына, сондай-ақ кітапханашы-библиографтардың өз білімдерін ұдайы жетілдіріп отыруы да кіреді. Ол әртүрлі бағыттарда жүреді. Мысалы, кәсіби мерзімді басылымдарды әрдайым оқып отыру, өндірістік оқу-тәжірибе, басқа әріптес кітапханалар мен кітапханашыларымен кәсіби байланыс, іс-тәжірибе алмасу, конференция, семинарлар т.б. айтуға болады. Сондай-ақ кітапхана мен оның жұмысын жақсарту мақсатында қоғамдық қызметтерге араласып, кітапхананың қоғамдағы, адамзат өміріндегі рөлін көтеріп отыруға мүдделі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». – Астана, 2014 жыл, 17 қаңтар// Егемен Қазақстан. – 2014.17 қаңтар. – Б. 2.
2. Ақпараттандыру туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. 2007 жыл, 11 қаңтар. №217-III ҚР Заңы // ҚР Парламентінің жаршысы. 2007. № 2. – Б. 50-80.
3. Бердіғалиева Р.А. Білім ғасырында кітапханалар жұмысын жетілдіру / Ауд. А.Батыргереева // Кітапханатану. Библиография. Кітаптану: мақалалар жинағы. – Алматы, 2001.3 -шығарылым. – Б.31-40.
4. Абдулина Р.Л. Регистрация читателей Национальной библиотеки Республики Казахстан// Кітапханатану, библиография, кітаптану = Библиотековедение, библиография, книговедение: Сб. науч. статей. – Алматы, 2001. Вып.1. – С. 86-90.
5. ҚР Ұлттық кітапханасының Веб- сайты www.nlrk.kz.
6. Бердіғалиева Р.А. Совершенствование работы библиотек в век знаний//Кітапханатану. Библиография. Кітаптану=Библиотековедение, библиография, книговедение. – Алматы, 2002. Вып. 3. – С. 21-31.
7. Елтезерова С. Кітапханадағы оқырмандар бірлестігі//Кітапханатану. Библиография. Кітаптану=Библиотековедение. Библиография. Книговедение. – Алматы, 2006. 17-шығарылым. –Б. 94-98.
8. Ибрагимова Т.И. Оқырмандарға қызмет көрсетудегі кітапханашының кәсіби этикасы. Новое время – новые реалии: опыт научных и социологических исследований в би: Материалы респ. Семинара. – Тараз, 2004. – Б. 115-122.

РЕЗЮМЕ

Нуржанова Г.И., к.п.н., и.о. ассоцир. профессора.

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ БИБЛИОТЕКАРЯ

Библиотекари в сельских населенных делают свою работу с помощью компьютеров и переходят на новый уровень. То есть работа библиотеки ведется с помощью компьютеров. И дистанция между библиотеками не помеха для тесной связи. На сегодняшний день специальность библиотекарь-библиограф имеет широкую возможность, иную форматность. Библиотекари используя новые технологии ведут библиотечно-библиографическую, информационно-поисковую работу.

Ключевые слова: библиотека, библиотекарь, профессиональные особенности, компетентность, профессиональная этика.

SUMMARY

*Nurzhanova G.I., candidate of pedagogical sciences, acting professor
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

PROFESSIONAL PECULIARITIES OF THE LIBRARIAN

The librarians in rural areas do their work using computers and go to a new level. That is the work of the library conducted with the help of computers. And the distance between the librarians is not an obstacle to closer ties. Today, specialty librarian-bibliographer has ample opportunity to a different aspect. Librarians are using new technologies in bibliographic, informational search work.

Keywords: library, Librarian, Professional features, competence, professional ethics.